# Иран Тасқараұлы Тасқара (Ильяшев)

# Көкше жолы



Көкшетау қ.
1999 ж.

Иран Тасқараұлы Тасқара
(Ильяшев)

# КӨКШЕ ЖОЛЫ

## Жырлар мен әндер

525609

М. Жұмабаев атындағы
Көкшетау облыстық әмбебап
ғылыми кітапханасы
Кокчетавская областная
универсальная научная библиотека
им. М. Жумабаева

Көкшетау 1999 жыл





ISBN 5—7667—6663—7

## Асылдың қалдығы алтынның сынығы

Қазақ халқы ақындық ұғымға, мол мазмұн сыйгызады. Ежелден ақындық тек қана поэтикалық дарын емес, ол ән қосып айта білуді де, не жатқа орындап тақпақ ете білуді де талап етеді. Мысалы, өз өлеңін әнге қосып орындап беріп Иса Байзақовша елді тамсанту бар немесе Олжас Сүлейменовше жалындай жарқыратып, не Сырбай Мәуленовше күндей күркіретіп оқып беру де бар. Өлеңді жазып қана өзге әлегіне таза араласпайтын ақындар да бар. Қазақ ақындары ағартушылық пен елге үлгі-онеге, мәдениет, әдебиет таратушылықтан да әлі күнге арылған жоқ.

Сегіз қырлы, бір сырлы нағыз ақындар өлеңді әрі өзі шығарады, әрі өзі әнге қосып заулатады. Міне, тап осындай ақындардың бірі — сұлу Көкшеде туып, сан жылдар Ұлытаудың бөктеріндегі әйгілі Жезқазған мен Қаныш Сәтбаев қаласында тұрып, кеншілік пен әншілікті қатар қарқындатқан үздік өнерпаз інміз Иран Ильяшев.

Жезқазғаннан көшіп Көкшетауға оралғалы ауыз әдебиетіне бай, көптеген халық әндерін Біржан Сал, Ақан Сері, Үкілі Ыбырайдың әйгілі өлеңдерін тамаша орындайтын Иран ақын өзі әрі сөзін, әрі әнін шығарып, өзі тамаша орындап берерлік ақындық жолына шешініп кірісті. Оған қоса, ән шығарғыштық сазгерлік өнері бұрынғыдан кең арна тауып, үдей түсті. Туған ел, туған жер, сал самырсыны мен ақ қайың, көк қарағайына дейін әндетіп тұрған қамар бел, айнадай жарқырап «гәккулетіп» жатқан сексен көл Иранның шабытына шабыт қосып, көкірегіндегі ананың ақ сүтімен дарыған бұрынғы өнер-бұлақ тасқын көздерін қайта ашқандай әсер тудырды. Иран өнері жаңаша желіс тапты, жаңаша мацыз, мәнер қосқан өлеңі мен әуені біік өрге шықты.

«Мен келдім сұлу Көкше қаласына,
Сексен көл ну қарағай саласына.
Анамдай сен де маған құшағыңды аш.
Арнаған жан мейірін баласына» — деп шырқаса бұл

өзінің жан тілегі, ана мейірін аңсаған сағынышы туған жерге келген соң құмарын басып, адуынды әнші-ақын, кенші-ақын ерекше қуанышқа бөленгені. Оған қоса туған еліміз — Қазақстан егемендік алып ұланғайыр шаттыққа оранғанда нағыз ақынның сергек жүрегі ұйқы бермес-ті. Сол құндақта Иран да тербелді, балқып кетті, думан-дуына қосыла шырқап, ән де туды, өлең де жаңа шабыт арқауын тауып ағындай түсті.

Ұлы ақындардың өмірі фәниден бақиға өткен күнімен шектелмейді екен. Нағыз даналар ұзақ жасай береді, оған себеп кер тірі кезінде асыл өнерінің ел жүрегіне орнағандығы, алыс-жақындағы үздік туған шәкірттерінің, алуан түрлі өнерпаздардың ұлы ақынның өлмес шығармаларының өрісін ұзарта түсулерінде. Біржан Сал, Ақан Сері, Үкілі Ыбырайдың әндерін халық ақыны Молдақмет Тырбиев атамыз еш мүлтіксіз домбырасы мен әуенін айнытпай түсіріп, таң қалдыратын. Балуан Шолақтың «Ғалиясын» ол кісідей орындау әлі де бұйырмай жүр. Молдекеңнің жолын Мұса Асайынов, Кәрім Тақауинов, Кәрім Ильясов, Тұрсынбай Кәкімовтер жалғады. Әсіресе Үкілі Ыбырайдың немересі Мұса ағамыздың орындауы ерекше еді, асыл әнші саңлақ ақын дүниеден ерте кетті.

Осы күндері Көкшетауға барсаң сол ұлы жолдың жалғасы, асылдың қалдығы, алтынның сынығындай болып, талай өнерпаздар жүрсе, солардың көш басында аққұба жүзімен, аққу саңқыл әнімен, үкілі домбырасын ырғай бастырып, Біржан Сал атамыздың өшпес ізі болып қалғандай ғажайып бейнесімен Иран Ильяшев тұрады. Құдайдың бергеніне рақмет, Көкшеге келгелі Иранның әуені биік тенорлы, қоңыр қаздай әдемі баритонды нанға май жаққандай сипай салып, шырқау шебін көркейте түскендей көрінеді. Иранның әнін естіген мейман Көкшетауға келгенде Ақан, Біржан, Ыбырайларды көз алдына еркін елестетуі сөзсіз. Ол да Иранға берген Алланың шапағаты, өмірдің бақыты.

Иранның ақындық алғырлығы да, композиторлық серпінділігі де алғы буын ата, бабадан мирас-мұра, дәстүр жалғаған Сарыарқаның ерен перзенті екенін көрсетіп тұр.

Маған бір ұнайтыны Иран інімнің тағы бір тамаша қасиеті, ол өзіміз бірге жүріп кенін көп жылдар қазысып, жас ұрпақты бірге тәрбиелескен Жезқазғанды, кенші достарын есінен екі елі шығармайды. Бұл мінез тек қана тақырып ауқымын

кеңейту үшін емес, кең жүректі ақынның екінші отаны болған қасиетті Жезқазғанға қастыққа баспас берік достыққа басталған кенші қауымға деген ризашылығы, парыз ақтау міндет туын желбіретіп тұрғандығы.

«Бауырлар, мыс қорытушы, кеншілерім,
Өнерге еркін кірген елшің едім.
Кен қазған от жарқылы найзағайдай,
Ән, жырды өздеріңнен еншіледім» — десе, ол шындық. Өзі кенді жер астында бірге қазыса жүріп, шыңыраудағы забойдан шаршап шыққан шахтерлердің көңіліне шат кернеу тапса, ол да бақыт қой. Бәрі де рас. Иранның әншілігі сол Ұлытау бөктерінде өріс тапқан. Ардақты аңиық кемеңгер Сәкен-аға, Үкілі Ыбырайдың Ұлытауда туған жиені, әйгілі ақын Тайжанның, еліміздің ең сүйікті перзенттерінің бірі, ән сүйгіш ұлы ғалым Қаныш Сәтбаевтың аруақтары дарыған шығар, «Жезкиіктің» төрт тұяғының мыс сыңғыры өз үлесін қосқан шығар.

Алғы сөз ретінде арқалы ақын, сырбаз сазгер, аса көрнекті орындаушы Иран Ильяшев туралы біршама ойларды ортаға салсам, ол оқушы мен орындаушылардың, жалпы жыр сүйгіш, әнге құштар қауымның көңілдеріне бастау тартқаным. Өзге бағасын өздеріңіз бере жатарсыздар, өз айтарым: жаңа жинаққа Алла ақ жол берсін, өлеңінің әр шумағы, әнінің әр бунағы ел жүрегінен мызғымас қоныс тапсын. Өз басым тап солай боларына тастай берік сенемін де.

**Кәкімбек САЛЫҚОВ.**

**1998.**

## АҚЫН-САЗГЕР ИРАН ТАСҚАРАУЛЫНЫҢ «КӨКШЕ ЖОЛЫ» КІТАБЫ

Өзінің бар сапалы ғұмырын Арқаның ақындық, сал-серілік дәстүрін жандандыруға, сол бір дала өнерін бүгінгі күннің үрдісімен жалғастыруға арнап келе жатқан ақын әрі сазгер, әнші Иран Тасқараулының (Ильяшев) есімі бұл күндері республикаға кеңінен мәлім. Өйткені ол өзіндік шабытпен, өзіне ғана тән үнмен тіршілік атаулыны жырлаумен келеді. Иран ақынның бұл жыр кітабында туған жер, өскен орта жайлы көбірек сыр шертілуі тектен-текке емес. Жер шоқтығы Көкшетауда туып, әншілік пен ақындықты өзі туған топырақтан бойына сіңірсе, қазақтың қасиет дарыған Ұлытау өңірінде өзінің еңбек жолын, кеншілік ғұмырын бастаған тағы да бір қасиетті топырақтан тәлім-тәрбие алып, шыңдалған ақын Иранның жырларының шымыр, ширақ, екпінді келуі осыдан болар.

Ақын Иран Көкшетауды, Ұлытау мен Жезқазғанды, ондағы табиғи көріністері мен адамдарды жырласа да шабыт атты биік тұғырдан түспейді. Сондықтан да Иран Тасқараулының бұл жыр жинағына шабытпен жазылған сәтті жырлар көптеп топтастырылған. Кітаптағы ақынның туған жер, туған өлке жайлы толғаулары әсерлі оқылады. Сонымен бірге оның арнау өлеңдері де өзіндік көркемдік жоғары деңгейімен ерекшеленеді. Ақындық ой-талғамымен жырланған ақынның әр өлеңін сүйсіне оқисың.

Бұл кітаптың үлкен бір олжасы — әндер болса керек. Бұл әндердің біразы қазір түрлі сахналарда айтылып та, орындалып та жүр. Және де Иран әндері өз тыңдармандарынан жақсы бағасын алып та жүр.

Кітап өзінің көркемдігімен, сыршылдығымен өз оқырмандарын үлкен қуанышқа бөлері хақ.

**Жабал ЕРҒАЛИЕВ, жазушы,**
**«Көкшетау» газетінің бас редакторы.**

**Академик, техника ғылымдарының докторы, жазушы Евней Арыстанұлы Букетов:**

«Ардақты Иран!

...Жаның ақын жігітсің, өмірдегі өзгешеліктерді үлкен тебіреніс, күйзеліс-қуанышпен қарсы алатын көрінесің, өлеңіңде сондайда төгіліп кететін сияқты — бәрінде түсінем, өзім де сондаймын. Бірақ жандүниең құбылыстары осалдыққа апармай, жігеріңді шыңдай түсетін сияқты, бұған қуанам...»

**Жайық Бектуров, жазушы:**

«Сен ақынсың, сондықтан... сөздердің сиқырына мән бере білу керек».

**Тұманбай Молдағалиев, ақын:**

«Иран бауырым! Әнмен, сәнмен ғұмыр кеше бер. Бақыт басыңнан кетпесін».

**Кәкімбек Салықов, ақын:**

«Жарқыл қаққан алдымда шырағымсың,
Көкшетауда көгілдір нұр-ағынсың.
Ұлытауды аралап елге оралған
Қос қанатты киелі қыранымсың».

## АНАМДАЙ СЕН ДЕ МАҒАН ҚҰШАҒЫҢДЫ АШ

Мен келдім сұлу Көкше қаласына,
Сексен көл, ну қарағай саласына.
Анамдай сен де маған құшағыңды аш,
Арнаған жан мейірін баласына.

Терегің сыбырласын құлағыма,
Ақ қайың жымың қақсын бұлағына,
Сұңқарың іліп алып көңіл құсын
Қондырсын Оқжетпестей тұрағына.

Ақ қайың оралатын білегіңе,
Ақ жаңбыр нөсерлетші тілегіме.
Аймалап хош иісті жеріңді иіскеп,
Жатайын естен танып лебіңнен.

Болғанда көлің күміс, жерің алтын,
Жайдары азаматың, жүзі жарқын.
Кешегі Біржан, Ақан, Үкілі Ыбырай
Көтерген ән-күйімен жырдың салтын.

Қолымда кең қазатын күрегім бар,
Ақындық, ән салатын жүрегім бар.
Уа, Көкше, асыл мұра, ортаңызға
Атадан үлгісі бар түлегіңді ал.



## КӨКШЕ ЖОЛЫ

Жүріп келем Көкшенің кең жолымен,
Көңіл жортып тау жотасы жонымен.
Сол жақ — жазық, оңым — орман,
қыраттар,
Суреткер бір келтіргендей қолымен.
Қарағайлар тасты тесіп шыққандай,
Үйілген тас әдейі арнай жыққандай,
Ерке сезім аялайды самал боп
Табиғаттың тамашасын ұққандай.
Шық мөлтілдеп шөпте көздің жасындай,
Жылтылдайды күнге гауһар тасындай.
Желкесінен төбесіне тұтасқан
Қалың ағаш таудың бұйра шашындай.
Имантау мен Жыланды тау арасы,
Алыс емес бір-бірінен қаласы.
Ақбұлақ пен Үлгілі деп ат қойған,
Ойлап келем қай қазақтың баласы?
Ақбұлақ боп аққан қымыз нәрі ме,
Ақ көңілі, ақ сағымы, әлі не?
Ақ қолы ма қара қазақ ағамның
Бұлғап тұрған соғып кет деп бәріңе.
Әдепті ел боп, сен Үлгілі болдың ба,
Қызы жоқ дер мұндай сұлу хордың да.
Жігіттерің қандай маңғаз өнерпаз,
Бақыт шалқып кемеріңе толдың ба?!
Көкорайға жатқым келді, аунағым,
Қыран болып кезсем, шіркін, аймағын.
Тіл табыссам құдіретті жеріңмен,
Түсінемін тұнық сырдың айғағын.

* * *

Қасиетті жерім осы Көкше деген,
Эрман, тау, айдын көлмен кестелеген,
Тарихы аңыз болып сақталғандай
Тастарда сандықтау боп дестеленген.

Сұқ көзің сұлулыққа сүзілгендей,
Қарағай қыз-келіншек тізілгендей,
Күміс көл моншақтары мөлтілдеген
Сұлудың кірпігінен үзілгендей

Айналдым Абылайхан алаңынан,
Аңқыған хош иісті самалынан,
Көрікті келбетіңе нұр төгілген
Мағжан, Сәкендердің қаламынан.

Көтеріп тұрған қазақ парасатын,
Қазақтың кілемі Көкше жарасатын,
Ақ қайың қарағаймен араласып,
Жетем деп көкке бойлап таласатын.

Айнакөл, Саумал көлі, Шалқар көлі,
Алтын кен, астыққа бай асқар белі,
Қыздары — ақ қайыңдар ақ білекті,
Әндеткен жігіттері сал мен сері.

Абылайхан, Кенесары ордасында
Табар да ерлік істер жалғасын да.
Бірлік пен тәуелсіздік қос қанат боп,
Қазағым қыран болып самғасын да.

## САҒЫНЫШ

Сағынып келдім өзіңді,
Дөңгелек қара көзіңді.
Босатайын құшақты аш,
Тежеп бір келген сезімді
Қуаныш жасы ағылды,
Дертіне жүрек бағындым.
Босатпашы құшақты,
Иісіңді, сәулем, сағындым.
Сағындым өскен ауылды,
Достарым-кеңші қауымды,
Көкшетауға келіп жүр,
Біліп есен-сауымды.

## ҒАФУ ҚАЙЫРБЕКОВКЕ ХАТ

Болғанда шырқап салар ән еміңіз,
Ақындық, асқақ, биік әлеміңіз,
Лап етіп кездескенде маздап кетті
Он жылдай аялаған сәлеміміз.
Ағажан, сері дедің, салым дедің,
Алдыңа еркелетіп салып едің.
Ақындық жігіттікпен ұштасқанда
Өнерге шексіз қайран қалып едім.
Әніммен құлашты бір сермеп едім,
Қиялды ағалықпен тербеп едің.
Ақындық әншілікке жол көрсетіп,
Шыңына Ұлытаудың өрмеледім.
Ұмытпай сол бір албырт кездерімді,
«Қанатты жылдардағы» сөздеріңді,
Жезқазған жартасынан жарып алған
Алтынға балай берем жездерімді.
Сол сәттен құтты болып жас қадамым,
Қалам мен домбырамды тастамадым,
Кеншілік мамандыққа жырды қосып,
Жезқазған сарайына тас қаладым.
Бұл күнде сұлу Көкше — елге келдім,
Күміс көл, алтын қазына жерге келдім,
Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай
Шалқытқан ән мен жырды белге келдім.
Не жетсін қуанышты тойлағанға,
Бәрі де жақсы еді ғой ойлағанға,
Ақандай Құлагері мерт болған,
Зарландым жалғыз ұлды қоймағанға.
Сол ұлға артық менен жаса дер ем,
Болмайды...
Сабырлыққа баса берем
Қайтейін, тоймен қайғы араласып,
Өмірдің қырларынан аса берем.

* * *

Сәулені көрдім жапырақ, шөппен ойнаған,
Ауаны жұттым көкірек керіп тоймаған.
Атылған көкке қарағайлы орман ішінде
Қайыңды көрдім қалыспай бірге бойлаған.
Көрсеткен үлгі табиғат қандай тамаша,
Қойнына кірсем қуантар мені балаша!
Орманым — қоғам, қайыңдарым — адамдар,
Арманға биік асқақтай өсер таласа!

## АҚ ҚАР — ЫРЫСЫМ

Аппақ қар —
Айтатын ән бе екен.

Ақша қар —
Ақ шатыр сән бе екен?!

Ұлпа қар
Үлпілдек түбіттей,

Ақ сағым
Ағарған таң ба екен?!

Аппақ қар —
Ақ дарқан далам ба,
Ақ моншақ таққан қыз балам
ба,
Ақ ары кіршіксіз ұлына,
Ақ тілек тілейтін анам ба?!

Ақ қарым —
Ақ көрпем жамылған,
Ақ төсі даламның сағынған.

Оппа қар,
Күртік қар — ырысым,
Дән болар қоймаға ағылған!


Кыс сазы

## ҚЫС САЗЫ

Қыс та келді ақ көрпесін сүйретіп,
Шымшым аяз қытықтайды үйретіп,
Теңселеді қыр төсінде ақ қайың,
Сәукелелі бұтақтарын билетіп
Әсемдікке қырау алқа тағынам,
Ақ далам боп жарыламын ағынан,
Адамдарға тілек тілеп жақсылық,
Аппақ болып жауған қарды сағынам.
Қыс көрсетер аштығыңды, тоғыңды,
Жиылмаған жаз жайлауда жоғыңды.
Қыстың күні қандай жақсы, тамаша,
Қазаң болып сойып алсаң соғымды.
Ақсақал қыс, талай-талай сазың бар,
Адам болып менің де айтар назым бар,
Күш көрсетіп қыса берме мал-жанды,
Күні ертең шығатұғын жазым бар.

М. Жұмабаев атындағы
Көкшетау облыстық әмбебап
ғылыми кітапханасы
Кокчетавская областная
универсальная научная библиотека
им. М. Жумабаева
525609


Коктем дасы

## КӨКТЕМ БАСЫ

Білінер көктем басы лебінен,
Аңсаған жан-жануар тілегінен.
Жем-жем боп қар байғұс та еріп жатыр,
Көктемге ұстатып ақ білегінен.
Көгеріп ақша қардың өңі қашып,
Қарайып таспа жолдар, төбе басы,
Сөгіліп қарлы көрпе қыртысынан,
Сумаңдар жыралардан сулар қашып.
Өкпек жел кеміреді ол да қарды,
Сәулесі күннің тінтін жылғаларды,
Иленіп саз балшықпен ні қанып,
Бусанып жер-ана да демін алды.


Жаз күні

## КҮЗГІ ОЙ

Табиғаттан байқаймын күз ықпалын,
Қоңыр, сұрғылт бояумен бұзған әрін.
Еске түсер, соққанда ызғырық жел,
Жаз жайлауым, керуен-қызықтарым.
Қыс та таяу күздің де жүрмес назы,
Қатқақ түссе былғайтын жұқпас сазы.
Жаратқаным, күрсініп ойға батам —
Күзі келген адамның шықпас жазы.

## ЖАЗ КҮНІ

Жадырап тұрған жаз күнім,
Қаңқылдап ұшқан қаз үнім,
Ақселеу басы тербеліп,
Сыбызғылатқан саз үнім,
Қосылып құстар ормаңызан,
Тамылжытып салғанда ән.
Шалғысын қайрап шегіртке
Жаз күйін тартып толғанған.
Алыстан сағым бұлдырап,
Бұлақтың суы сылдырап,
Тәтті қиял көкке өрлер
Бозторғайша құлдырап.


Жылға
тілек

## ЖЫЛҒА ТІЛЕК

Жаңа жыл!
Ризамын қадамыңа,
Ақ қардай кіршіксіз пәк адалыңа.
Сенемін бақыт, ризық әкелер деп,
Сүйікті елімнің әрбір адамына!
Жыл басы бала кезден көркім еді,
Киетін ақ құндыздан бөркім еді.
Шыршаны жарқыраған шыр айналып,
Бақытты бүлдіршіндер серпіледі.
Көкшемнің аппақ мамық көрпесі бар,
Шыршалы, қарағайлы өркеші бар.
Еңбекке ән қосылып жаңғыратын,
Қыста да сұлу бейне өлкесі бар.
Ұсынып елге міне барым десем,
Ақ ниет, аппақ таза арым десем,
Жанына жаңа жылдың жаға берер
Жан жолдас жаным сүйген әнім десем.
Жаңа жыл!
Аялдама енді келші,
Жақсылық ауылынан сен бір елші.
Құттықтап құшақ ашып қарсы аламын,
Жыр жазып, ән шырқаған мен бір кенші

* * *

Жаңа жыл, тышқан жылы, келіп қалды,
Құдірет төкті көктен жаңбыр, қарды,
Қазақша тілек тілеп қарсы алайық,
Ылайым аман қылсын бас пен малды.
Жаңа жыл кірді біздің шаңыраққа,
Жыл құсы қонсын бақ боп біздің баққа,
Ісіне жаратқанның тәуба қылам,
Рахымы түседі екен біздің жаққа.
Өткен жыл жанұяма құтты болды,
Ұлғайттық қоныс, кіріп үйге оңды,
Бітіріп университет Жанар қызым,
Гүлжамал — аспирант ғылымға ашты жолды.
Еңсеміз көтеріліп жазып бойды,
Кеңесіп, ақылменен қостық ойды.
Жан жарым Рәзияны құттықтадық
Мерейлі туған күнге жасап тойды.
Шалқыдым құдай берген әсем әнмен,
Сырластым жаны жайсаң талай жанмен,
Бас қосып, дәмдес болып құшақтастым
Президент, ел ағасы Нұрсұлтанмен.
Әндерім жинақ болып елге тарап,
Жалғадым сал-серілер ізін қалап.
Тәңірімнің берген маған сыйы емес пе,
Осылай туған елге жүрсем жарап!
Әзиза, Малика, Ерлан балаларым,
Ақ шашты Рәзия әзіз аналарың,
Бірде ата, бірде папа деген сайын
Жазылар жүректегі жараларым.
Елімнің туа берсін жаңа жылы,
Иранның таусылмасын жылы жыры.
Ерланым жаңа жылда қайта туып,
Атанды тірек болып Иранұлы.
Ескі жыл жылжып міне артта қалдың,
Тәуелсіз елге нұрлы жолды салдың,
Қарсы алып жаңа жылды әндетемін
Қасында балалар мен сүйген жардың.

## ЕЛУІМ — ЕРКЕЛІГІМ

Биік боп өнердегі талғам әлі,
Сал-сері үлгісіне жалғанамын,
Елуде ел алдына еркелеп кеп,
Асқақтап ән-жырыммен толғанамын.
Жиырма бес бастан өтіп, желік қалды,
Қызыққан қыз-келіншек көрік қалды,
Тербеліп бейбіт өмір толқынымен
Иран да міне елуге келіп қалды.
Сындырмай костюм қырын өтектетіп,
Сән қылдың немеремді жетектетіп
Сағым боп бозбалалық артта қалған,
Жеттің бе, қайран елу, тепектетіп?!
Елуде ел билеген ағасың ба,
Халқыңа қызметіңмен жағасың ба?
Елуім ақша болып жиырма бестен,
Жасартып, арзандатса бағасын да!
Болмайды, қайран, елу келіп қалды,
Ақ қырау самай шашқа еніп қалды,
Қаншама шырқағанмен ұзамас деп,
Жан жарым жапымдағы сеніп қалды.
Елеуге келдік міне өлеңдетіп,
Мықтаймын тамырымды тереңдетіп,
Көңілім ағыл-тегіл боп жүргенде
Бұл жалған кетер ме екен менен де өтіп.
Аты бар ердің жасы елу деген,
Бұл да арман елу жасқа келу деген,
Шыңыңа азаматтық шығып алып,
Азаймас елге жеміс беру деген.
Жан-жолдас, апа, жеңге, ағаларым,
Көтерер мәртебемді бағаларың,
Нәр алып ақ көңілдер алаңынан
Елудей өзен-дәрия ағады арын
Жастық кез жиі-жиі түсіп еске,
Ойымның өрнегінде болар кесте,
Жылжымай, қайран, елу тұрып қалса
Көңілі бергісіз боп жиырма беске.

* * *

Елу беске мен келдім,
Талай істі меңгердім.
Қуанышпен жасарып,
Қайғыменен емделдім.
Елу беске мен келдім
Тереңдерден ой тердім.
Біте қайнап, бірге өстім,
Еңбегімен ерлердің.
Елу беске мен келдім,
Сұлулыққа дем бердім.
Той-думанды құлпыртып,
Әсем әнмен жырға ердім.
Елу беске мен келдім,
Сәніңді, өмір, жөн көрдім.
Игерем деп жақсыны
Тыным таппай сенделдім.
Елу беске мен келдім,
Заман, шіркін, өзгердің.
Нағыз ерлер азайып,
Күні туды ездердің.
Елу беске мен келдім,
Ұлымын туған мен де елдің.
Ішінде қалғым келмейді
Заман сызған шеңбердің.



## ЕЛГЕ БАР

Шаршасаң елге бар,
Тынығып қайтарсың.
Нағыз сый елде бар,
Ән қылып айтарсың.
Адамға сиынар,
Іш тартар ұлы ғып.
Санаңа құйылар,
Даналық, ұлылық.
Татқызар үлесін,
Үйіне кіргенде.
Қадірін білесің,
Алыста жүргенде.
Тарыққсаң елге бар,
Күн түсер пейілге.
Ақжарқын ерге бар,
Шығып бір сейілге.
Ел көркі — азамат
Қарсы алар ісімен,
Кездессең — ғаламат
Бір жақсы кісімен.
Ел — алтын бесігің,
Дей берем досыма.
Ел үшін жаралсаң,
Міне, сый осылай.


шалқыма

## ШАЛҚЫМА

Өткенді ойлап,
Жыр қылсам бала шағымды.
Сүйікті ұлмын
Ауылға ерке, жағымды.
Үстіме түсіп,
Қарлығаш болып қалқыған,
Мәңгілік сүйіп,
Анамды аппақ сағындым.
Өмірдей өзен
Тоқтатар кімдер ағынды.
Сол ана өліп,
Жетім деп ат та тағылды.
Қарындас, іні,
Әкеге қарап телміріп,
Көзімнің жасы
Көл болып, бұлап, ағылды.
О, туған елім!
Оқытып аштың бағымды,
Азамат деген
Ұлы есім маған тағылды.
Осы бір дарқан,
Бейбітшілік асқақ өмірде
Кеудемде сөнбес
Шамшырақ отым жағылды
Сол отпен өрге,
Өрмелеп шыңға бас ұрдым,
Астында жердің
Талқандап кенді тас ұрдым.
Адамға ғашық
Жүрегім менің елжіреп,
Қоя алмай келем
Жолдасқа жаным ашуды.
Ішсем де зарды,
Кездесіп талай сан уға,
Адамға сенгіш
Көңілім дайын нануға.
Балалық кезден
Ұшатын еді қиялым —
Болашақ адам

Бейнесін жарқын тануға.
Нәзіктік іздеп,
Пернесін жүрек басамын,
Жамандық сезсем,
Жанымды ала қашамын,
Қолымнан келмес
Жалтақтап өмір сүру де,
Сығалап жүріп,
Сыртында өткел-тасаның
Жинап ап бойға,
Адамдық асыл қазына,
Себелей сеуіп,
Шашудай қылып шашамын.
Әрқашан аңсап
Сахара байтақ даламды,
Бой жазып келем
Аралап сай мен саламды,
Болғасын қазақ
Қалайша шыдап тұрасың,
Қолыңа алмай
Домбыра менен қаламды.

* * *

Ақынды біз неге ақын дейміз?
Ойы терең, көңілге жақын дейміз.
Сөз кестесі тігілсе өткір тілмен,
Ұмытылмас сөздері нақыл дейміз.
Батырда бар албырттық ақында ба]
Қиыннан қиыстырып ақыл табар,
Жабырқаған көңілдер жай таппаса,
Жұбататын сөзінен жақын табар.

## АУЫЛ

Ауылға құштар жүрегім менің балалық,
Туғызбай жүр ғой көңілде кіршік, алалық,
Шықпасам жылда сахара, байтақ далама,
Қалғандаймын қалаға—қамал қамалып.

Балам да ауыл, дала десе жүгіріп,
Құшағын ашар, қуаныш қалмас бүгіліп, .
Аналық сезім, дарқандық жатқан бейнеңде,
Сыйлаймын мәңгі құдіретіңе жүгініп.

Есениндей табиғатыңа табынып,
Жоғалтқандай қымбатымды
Тұрамын сені сағынып.
Қарапайым жүзіңді көріп елжірер
Жұдырықтай жүрегім менің қабынып.

Кім ұмытар салатын мамық төсегін,
Ақсақалды, еліне сыйлы көсемін,
Ызыңындай шыбын-маса жаздағы
Ағайынның ақырын-аяң өсегін,

## ҚАРАБҰЛАҚ

Атыңнан айналайын, Қарабұлақ,
Көрген соң елден сыйды барады ұнап,
Елуге келген ерін еркелетіп,
Көңілін уылжыған бала қылад.
Өн кернеп домбырамның құлақтарын,
Көрейін көмекейден жыр ақтарып,
Дәм татқан мөлдірінен ұмытпайды
Көкшенің нәр беретін бұлақтарын.
Тартасың, ағайыным, бауырыңа,
Ризамын әнге құмар қауымыңа,
Жоймаған Қарабұлақ әдемі атын
Қазақтың қара шаңырақ ауылына.

## СҰЛУҒА НАЗ

Қыз көрсең көңілім қалай шалқымайсың,
Қырандай қанат жайған қалқымайсың?!
Шолпандай көкке ілінген таң алдында,
Қарағым, топ ішінде жарқырайсың!
Болғанда бойың сұңғақ, түрің сымбат,
Лүпілін жүрегіңнің көрсе тыңдап,
Сәулесін сұлулықтың шашып тұрған,
Қарындас сендей маған әркез қымбат.

## ТӘУЕЛСІЗДІК ТОЛҒАУЫ

Тәуелсіздік орнады.
Аруақ бізді қолдады, —
Деп айтқанмен қинап тұр
Тәуелсіз елдің толғағы.
Аңсап ел боп тұруды,
Салтанатты құруды,
Қоя алмадық дегенмен
Басқаға қарап ұлуды.
Білмедік өмір сүруді,
Сайран деп білдік күлуді.
Езіліп ез боп ұмыттық
Шын ер боп білек түруді.
Боламыз қандай қазақ біз,
Көбіміз мәңгүрт, мазақпыз.
Айрылып тілден, діннен де
Қалыппыз шоқынуға аз-ақ біз.
Жүктей боп қалған жолдағы,
Киілген біреудің қолғабы,
Тәуелсіздік алдық деп
Көңілдің көлі толмады.
Көшіне ұлы ұлт ерем деп
Үнемі қазақ сорлады,
Бүйте берсе бітер ме
Тәуелсіздік толғағы?!

## ҚАЗАҚТЫҢ АЗАМАТТЫҒЫ

Көңіліңнің ақтығы,
Жігерлілігі, шаттығы —
Тәуелсіз елге жарасар
Қазақтың азаматтығы.
Туысты сыйла жат қылып
Жатты сыйла шат қылып,
Біле білсең, жігіттер,
Бұл нағыз азаматтылық.
Жақсыны үйрен жаттығып,
Дәрежені тұтпа бақ қылып,
Қысылғанға қол берсең
Қашпайды азаматтылық.
Тамақты қойса қат қылып,
Қолдағыңды бер тәтті ғып.
Атымтайдай жомарттық —
Қазақтағы азаматтылық.
Қызметкер, бастық көп,
Баптаған басын, бақтырып,
Азаматтық аз, пәстік көп,
Бұл қандай азаматтылық?
Шаруа кілті басқада,
Жасаған бізге жат қылық.
Не пайда ала алмасақ
Сол кілтті ел боп сап құрып, —
Бұл керек азаматтылық.
Аман болса ел іші,
Кетпес азамат құрып.
Көркейтер елін ер ісі —
Қазақтағы азаматтылық!

## АЗАМАТ

Азамат деген атыңды
Ардақтап өтсең болғаны,
Сыйлай да білсең жатыңды,
Санаңның бұл да толғаны,
Сөз айта білсең татымды,
Мінгендей ерттеп жорғаны.
Ұстасаң жат қып жақынды,
Ісіңнің болмас оңғаны.
Жақпасаң іште отыңды,
Өмірде гүлің солғаны.
Жарыңды тапсаң ақылды,
Бақыт бұл құсың қонғаны.

Қызғаныш кірсе ішіңе,
Арамдық болар баққаның,
Береке бермес ісіңе
Тыныштық болмас жатқаның.
Ер жігіт мінсе күшіне,
Халқының көңілін тапқаны.
Жамандар кетсе ісініп,
Көрерсің арды сатқанын.
Менсінбей өтсең кісіні,
Өзіңе қара жаққаның.
Қылығын қоймас түсініп,
Ездердің қарғыс атқаны.

## АҚАН СЕРІ АУЫЛЫНА КЕЛГЕН ҮШ ПРЕЗИДЕНТКЕ

Нұреке, өзің сүйер Көкше міне,
Қуанам жыл құсы боп жеткеніңе.
Әуелі аруақ сыйлап көңіл айтам,
Дүниеден Димаш ағам өткеніне.
Әніммен асқақтайды жырым менің,
Тартады азаматтық сырым менің,
— Көгінде тәуелсіздік жарқыраған.
Қазақта Нұрсұлтандай нұрым, — дедім.
Нұреке, Ислам-ака, Асқар, шырақ!
Көкшеге қош келдіңдер жағып шырақ.
Арқаның кербез сұлу Көкшетауы
Ерлерге нәр беретін кәусар бұлақ.
Мың сәлем өзбектей өз ағамға,
Шын туыс құшақ жаймай төзе ала ма?!
Жолдарда қиын-қыстау тайсалмайтын,
Бас ием Исламдай әз акама.
Сәлем ал ел ағасы Асқарым да,
Үлгі боп саналатын жастарыма.
Ежелден қазақ, қырғыз егіз ел боп,
Тойтарыс бере білген қастарына
Қарсы алам көрігіммен байқалатын,
Кеніммен алтын, астықпен жайқалатын,
Кешегі Біржан, Ақан ұрпағы боп,
Сәніммен сал-серілік шайқалатын.
Атқанда тәуелсіздік нұрлы таңым,
Асқақтап шарықтайды сырлы әнім,
Ақандар қалай ғана ұмытылар,
Әндетсе домбыра алып Нұрсұлтаным.

Кербез Көкше жеріме,
Асқаралы беліме,
Сал-серілер мекендеп,
Сайран құрған беліме,
Қош келдіңдер, арыстар,
Төрлетіңдер төріме!

## ҮШ ПРЕЗИДЕНТ

Ислам-ака, Асқар, Нұрсұлтаным,
Үш арыс, үш бәйтерек, үш қыраным,
Ордасын Абылайхан тебірентіп,
Қарсы алды тағы Иран шырқап әнін.
Тапсырды ел тағы сенім қолдарыңа,
Түсірсін алла шырақ алдарыңа,
Қайырлы болсын айтып қазақ болып,
Ән-жырдан егейін гүл жолдарыңа.
Өзбек, қырғыз, қазақ жанымыз бір,
Түбіміз түрік тектес қанымыз бір.
Қолдайды аруағы бабалардың,
Ұлықбек, Қожа Ахмет Иассауи пір.
Ислам-ака, ауыр мінезіңіз,
Сеземін, нұрға толы жүрегіңіз,
Өзбек өз ағам деп айтқан қазақ
Әрқашан бола білер тірегіңіз.
Орысқа қазақ — қырғыз, бәрі қырғыз,
Бірлессек Абай, Жамбыл, Манас жырмыз,
Туыстық, тәуелсіздік заман туып,
Әлемге шашылатын асыл нұрмыз.
Асқаржан, жиенімсің, бізбен тектес,
Баладай мінезің бар бағам жетпес,
Аймалап бұл ағаңды қыздай көріп,
Сүйгенің елінде Ақан естен кетпес.
Бақ қонып, тәуелсіздік жолын ашқан,
Кешуде тар кезеңді елім бастан,
Әйгілі бар ғаламға, үш елбасым,
Жұптарың жазылмасын қолтықтасқан.
Қазақтың тәуелсіздік ашып бағын,
Толқындап, тоқталмасын ерлік ағым,
Ақ сенім — референдуммен отырғызған,
Нұреке, құтты болсын алтын тағың.
Биылғы өтіп жатқан Абай жылы,
Жарқылдар қазағымның барлық қыры.
Ісімен парасатты Нұрсұлтаным
Таратқан бар ғаламға Абай нұрын.

## ҚАЗАҚТЫҢ АҚСАҚАЛЫ

**(Бәйкен Әшімовке)**

Қош келдің, Бәйкен аға, еліңізге,
Көкшедей қасиетті жеріңізге,
Қайырлы болсын сексен серуеніңіз,
Әндетіп шығарамын төріңізге.
Елбасы Нұрсұлтан тойды бастап берді.
Бағалап еңбек жолын Бәйкен ердің,
Осылай өсіре берсін ұландары
Абыройын Көкшетаудай туған елдің.
Ұлысыз қазағымның ардақталған,
Ұлы Отан соғысында от боп жанған,
Сабырлы, салиқалы ел басшысы,
Болғандай ұрпақтарға үлгі, арман.
Ұстазсыз шәкірт тыңдар салып зейін,
Ұрпақтар сыр да толғар талай кейін,
Жарасып тұрар ма еді жаныңызда
Аттанған ұлылыққа Евнейім!
Іні боп Сіз деп соғар біздің жүрек,
Жүреміз саулығыңызды сұрап, тілеп,
Кәкімбек, Еркін, Мақтай, Теміргали,
Қырандар соңыңыздан ұшқан түлеп.
Керек қой елге сіздей іскер, дарын,
Сақтайтын азаматтық асыл арын,
Көркейе беріңіз ортада бәйтеректей,
Аман боп Бақыт жеңгем, ұрпақтарың.

Қош келдің, аға көші, қонақтарым,
Біздің ел аямайды қолда барын.
Ер Көкшем, еңселі ел ғой, бас көтерер,
Қарамай қиындыққа бірлі-жарым.
Жиналып отыр бүгін ардагерлер,
Үлгі алған ағамыздан кешегі ерлер,
Ішінде Жаңғалов Баян — ел ағасы,
Сөйлесе ой толқытар кемеңгерлер.
Бәрі де келіп отыр ақ тілекпен.
Құттықтап Бәйкен ағаны шын жүректен.
Кәдесіне тәуелсісз ел жарайтындай
Көктер де ағалардың дәні сепкен.
Әкімі Көкшетаудың, Камалтинім,
Жұртың бар асыл қауым, артар сенім,
Рахмет қошаметтеп жатқаныңа
Бәйкендей ақсақалын елдің, алтын кенін.

## ӘЛЕМГЕ ӘНІМЕН САЛҒАН ӨРНЕК

**(Ермек Серкебаевқа)**

Еліңе Көкше келдің, Ермек аға,
Әлемге әнімен салған өрнек, аға,
Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай
Аруағын тебіренткен, тербеп аға!
Атанған Еңбек Ері бақыт қонып,
Шалқисың кемелденген жасқа толып,
Қазақтың елдігіне нұр төгесің,
Ұрпаққа ұлы ұстаз-әнші болып.
Арқаның самалындай есіп әнің,
Паш еттің ұлы болып Көкше сәнін.
Көгінде ән таншолпан боп жарқырайсың,
Атқанда тәуелсіздік әрлі таңым
Жайылған жер жүзіне ерлік аты,
Сыйлаған жақынымен, алыс, жаты.
Еңіреген еріме артық бәрінен де
Елінің ыстық ықыласы, махаббаты.
Аға жаным, Ермегім,
Ұлы ұстаз — әншім төрдегі,
Ән тасқынын селдеткен,
Көкшедей сәнді өрнегі,
Аққу үнім көлдегі,
Зор денсаулық тілейді
Ағайының елдегі.

## ҚАЗАҚТЫҢ ЖЕЗ ҚАНАТТЫ САЛМАҚТЫ ЕРІ

**(Кәкімбек Салықовқа)**

Көкшетау — алтын бесік, ардақты елім,
Мекені батыр, ақын, сал мен сері.
Қарсы алған салтанатың құтты болсын,
Қазақтың Кәкімбектей салмақты ерін.
Қайырлы болсын, Кәке, асқарлы асу,
Жез қанат ән-жырыңмен шалқып тасу,
Көкшелік көңілдерден ескен самал
Бүгінгі той-думанға болсын шашу.
Құшады сізді Көкше асылы деп,
Қайраткер, кенші-инженер, ақыны деп,
Аруақты Үкілі Ыбырай атамыздың
Себілген сал-серілік дақылы деп
Жаратқан ерлер үшін елге қызды,
Талпынтар әйел жаны өрге бізді,
Серігі ағамыздың Мәриям атты,
Сыйлайық хан көтеріп жеңгемізді.
Кербез Көкше көрігі,
Сұлу бір бейне елігі,
Қош келдіңіз, Мәриям,
Ағамыздың серігі.
Біржансал, Ақан, Ыбырай туын тігіп,
Жүргізем ән-жырыммен бүгін үгіт,
Көкшенің өрнегіне өрнек қосар
Шәмілдей күйші, әнші, сері жігіт.
Ұсынам көңілден тұз, тағамды да,
Мақтанып, асырамын, ерім, бағаңды да,
Оң сапар тілеп жолына құттықтаймын
Еслямдай көш бастаған ағамды да.
Бұл жерде жақсы-жайсаң молдап отыр,
Тойға арнап Иран сәлем жолдап отыр,
Ақынның тарланбозы Көкен аға
Шәкіртін шырқататын қолдап отыр.
Кербез Көкше бойы екен,
Кәкімбек ердің тойы екен,
Ұлына шабыт, денсаулық
Тілеген елдің ойы екен.

## КӨКШЕДЕН ҚЫРАН БОП ҰШҚАН АСЫЛ ТЕГІМ

**(Әшірбек Құнанбаевқа)**

Тойына 60 жылдық Әшірбектің,
Көкшеден қыран боп ұшқан асыл тектің,
Көңілді көлкілдетіп сексен көлдей,
Әндетіп құттықтауға мен де жеттім.
Мерейтой құтты болсын, кенші ерім,
Билеген Сарыарқаның құтты төрін.
Айналды сый-құрмет пен мол ырысқа
Еңбекте абыройлы төккен терің.
Ұмытпа шахтада жүрген бірге кезді,
Алтынға балаған да асыл жезді.
Мен әнші, сен бизнесмен шалқып тұрған,
Қол бұлғап кеншілерге өмір озды.
Шалқи бер, мен тіледім бақыт саған,
Жүректе достық отты үрлеп жағам.
Әлібек сері Ақанға дос болғандай
Ұшқыны байлығыңның тисін маған.
Кенші боп өмір бастаған,
Бола да білген басшы адам,
Шалқып та тірлік-тұрмысың,
Баса бер алға, бас қадам!
Жақсылық туа берсін үнемі егіз,
Бұйыртып жақсылықтың жемісін жегіз,
Қайырлы болсын 60 жасыңызда
Қорғаған докторлық ғылыми дәрежеңіз
Айтамын құтты болсын Ғалияға,
Туыс, дос, балаларыңа, жанұяңа,
Бақ-дәулет құдай берген таусылмасын
Құйғандай аққан өзен дарияға.
Жаса ұзақ өмірді,
Түсірмей асқақ көңілді,
Қызықта 80-90-ды
Думан ғып кербез өңірді.

## АЛҒАШҚЫ ҚАЗАҒЫМНЫҢ ҒАРЫШКЕРІ

**(Тоқтар Әубәкіровке)**

Батыры, ардақтысы ел, Тоқтар-қыран,
Арнайын сапарыңа мен де жыр-ән,
Алғашқы қазағымның ғарышкері,
Есімің жастарыма болған ұран.
Қарсы алды Абылайдай хан ордасы,
Үндескен аққулармен ән ордасы,
Батырлар, сал-серілер аруағы,
Тебірентіп,
Сендей ерді ел қолдасын.
Ашылды тәуелсіздік бағы елдің,
Жұлдызы жанды өзіңдей талай ердің.
Талмайтын қуат берсін қанатыңа,
Ләззәті Көкшетаудай жомарт жердің.
Кең иық, бойың сымбат, батыр тұлғаң,
Тұрғандай шашып үлгі асыл нұрдан.
Бауыржан, Талғаттарды жалғастырған,
Қазағым айналады сендей ұлдан.

## МИНИСТР СЕРІКБЕККЕ

Көкшетау атағы зор қаламсың ба,
Қыспақ боп алып тұрған заман сынға?
Көкшеге қоныс теуіп, мекендейтін,
Серікбек, министрім, амансың ба?!

Арқада кербез Көкше жер жаннаты,
Ерлікпен, серілікпен шыққан даңқы,
Бізге де нұрын шашты Астанадан
Ұлы көш — Нұрсұлтанның салтанаты.

Тазалық, кен байлығы осы жерде,
Ауасы жұпар иісті сексен көлде.
Министрлігі экология, кенді қорғау,
Орынды ғой орныққаны біздің төрде.

Ақ орда құтты болсын, Серікбегім,
Елінен ұлы Абайдың шыққан тегің,
Еңсесін Абылай төрінің түсірмейік,
Көкшенің көркейтейік көкжиегін.

Қиындыққа бірігіп қамал құрамыз ба,
Қасқайып Абылайхандай тұрамыз ба,
Тағы бір-екі министрлік көшіп келсе,
Үшінші астана боп шығамыз ба?!

## МІНЕЗІҢ АЛМАС ҚЫЛЫШ ЖАРҚЫЛДАҒАН

**(Амангелді Абиловке)**

Мінезің алмас қылыш жарқылдаған,
Екпінің ақ нөсердей қарқындаған,
Қазақтың батырындай аңғалдығың,
Ақ көңілің самалы Арқа аңқылдаған.

Жансерігің шыға қалсаң жол басына,
Қоң етін кесіп берер жолдасына,
Осындай жігіттерім аман болса
Сенемін қазақтың елдігі солмасына.

## КАДЕТТЕР

Отан! — деп толқындайтын ұрандары,
Сендерге ағаларың жыр арнады.
Оқуға Көкшетауға қош келдіңдер,
Тәуелсіз болашақтың қырандары!
Қарсы алды Абылай бабаң хан ордасы,
Сексен көл, Оқжетпестей сән ордасы,
Ерлерге елін сүйген берген нәрін
Біржан сал, Ақан сері ән ордасы.
Көкшенің қасиетті нұр күші бар,
Жалғайтын ерге қанат сырлы ісі бар,
Қазақты қиындықтан алып шыққан
Батырлық, елдік, ерлік үлгісі бар.
Қарсы алып ұрпағымды құшақ жайдым,
Оқытам қақ төрінде Бурабайдың,
Жебесін аруағы батырлардың,
Бөгембай, Кенесары, Наурызбайдың,
Ұл-қызын мәпелеген біздің халық,
Жас ұрпақ, алдарыңда таңың жарық.
Отанын сүйіп, қалай қорғау керек,
Үйреткен ер Бауыржан, батыр Мәлік.
Тілейін бақытты жол жастарыма,
Шығыңдар өнер.білім асқарына.
Кешегі кадет болған өздеріңдей
Шоқанның бағын берсін бастарыңа.
Жетелеп алға арман, биік талап,
Ертең-ақ самғайсыңдар қағып қанат,
Болыңдар айбынды ел қорғанышы,
Іргесін тәуелсіздік мықтап қалап.

## ҰРПАҚТАРДЫҢ АРАСЫН ЖАҚСЫ ЕСІМІ ЖАЛҒАЙДЫ

**(Жанайдар Мусин рухына)**

Көтерер жырды ән-қанат,
Жақсы үлгі елге сән болад,
Еске алу ерлерді
Көрікті елде салтанат.
Сөйлеген сөзін салмақтап,
Жазған ойын тармақтап,
Жанайдардай ағасын
Ұрпағы жатыр ардақтап.
Маңғазы да еді жігіттің,
Шырағы асыл үміттің,
Сырлы сөзбен кестелеп,
Ойын да ұрпақ ұйытты.
Жақсыны тағдыр жалмайды,
Үлгілі ісі жерде қалмайды.
Ұрпақтардың арасын
Жақсы есімі жалғайды.
Жол берсек жүрек, сезімге,
Іші-бауырың езілген.
Қайран, Жәкең жас өтті,
Шалқыған шабыт кезінде.
Жәкеңнің майда тілі де,
Көркем сөздің пірі де.
Ер қадірін білдік пе,
Сау жүргенде, тіріде?!
Санаймыз Жәкең тірі деп,
Ұрпаққа жұғар нұры деп,
Ардақтайтын Көкшенің
Ұлдарының бірі деп.
Артында қалды балалары,
Жібек мінезді жан жары,
Ұмытпас Жәкең есімін
Ол сүйген Көкше жандары.
Ерлерді ұрпақ нұры қып,
Азаматтық, елдік сыры қып,
Тәуелсіз елдің ерлері
Қолтықтассын бірігіп!

## ҚОНДЫ БҮГІН ҚЫРАНДАЙ ЖЫР ОРНЫНА

**(Көкен Шәкеев халық ақыны атағын алғанда)**

Ақыны боп халқымның шыға келдің,
Абыройын көтеріп туған елдің,
Ән мен жыр боп ағылған, Көкен аға,
Тап осылай шығады атағы ердің.
Қонды бүгін қырандай жыр орнына,
Сәтті шабыт тілеймін бұл орнына,
Шын жүректен қуанған мен шәкіртің,
Бір шоқ өлең ұсынам гүл орнына.
Біржан тобы кешегі бар дескендей,
Біз жас желек сіздің шың, жарға өскендей
Найзағайдай сөздерің жарқылдайды,
Ақын аға, ақиық, нар кескендей.
Тілегі ел-жұртыңның көкшетаулық:
Сізге, аға, ұзақ өмір, зор денсаулық,
Жеткіншекті кейінгі жеткізе бер,
Жырға қайрап, әсем ән, күйге баулып,

## БҰЛАҚ БОП СІЗДЕН БАС АЛАМ

**(Естай Мырзахметовке)**

Естай аға, Есағам!
Жақсыға көңілі хош адам,
Шашқан нұрын жүректің
Ұрпаққа мәңгі жас адам.
Естай аға, Есағам!
Сөзімен мүсін жасаған,
Сабырлы, сырлы наз айтқан
Тас атқанға тасадан.
Естай аға, Есағам!
Сұлулыққа мас адам,
Сезіміңнен нәр алып,
Сырлы әуенге баса алам.
Естай аға, Есағам!
Бұлақ боп сізден бас алам.
Қуат берсін ағама
Жаратқан, алла, жасаған!

## ӨТКЕНДІ ТАРАЗЫЛАП БАҒЫТ СІЛТЕР

**(Әзерхан ағаға)**

Жүремін құрмет тұтып елдің ерін,
Елді ойлап атқарылған игі істерін,
Өткенді таразылап бағыт сілтер
Профессор Әзерхандай кеменгерін.
Нәр алар ұрпақ аға өмірінен,
Сыр алар тарихшы шолған өңірінен.
Сүйсінем Әзекеңнің жанға жақын
Қуанар жас баладай көңілінен.
Әзеке, ардақталып алтын басың,
Құрметтеп сыйлай берсін кәрі-жасың,
Күлімдеп сәуле шашқан күн көзіндей,
Қасыңда жайнай берсін Гауһартасың.
Әндетем Сарыарқаның ордасында,
Зиялы ағалардың ортасында.
Тәуелсіз елде ағалар аман болсын,
Шырақ боп ұрпақтарға жол басында.

## КӨЗІ БАР КӨКІРЕГІҢЕ СҮСІНЕМІН

**(Төмірғали Бөкеновке)**

Темеке, қуанамын келгеніме,
Қайнағаны сіздей асыл, көргеніме.
Қазақтың күмбірлеткен талай күйін,
Ақтөбедей келіп тұрмын кенді еліңе.
Жүгіріп оймен шығып қырларыңа,
Жол бердім шумақталған жырларыма,
Көңілі жақсы ағаның от бергендей,
Жүректе тұнып тұрған жырларыма.
Іздеген әнді әсем шырқап салатұғын,
Тыңдап бір құмарың да қанатұғын,
Көзі бар көкірегіңе сүйсінемін
Жақсыны алты қырдан шалатұғын.
Сарқырап адамдықтың күш ағыны,
Мән бермей дүниенің ұсағына,
Сырың бар адамзатты баурап алар,
Сыйғандай бүкіл жалған құшағыңа.

## АҚТӨБЕ АЭРОПОРТЫНДА

**(Темірғали Бекеновтың рухына)**

Қарсы алар құшақ болмай құшатұғын,
Аганың алақаны қысатұғын.
Ақтөбе, сенде жатып қапаландым.
Әуеден жолым түспей ұшатығын.
— Көтер, — деп, — жолаушыны төбеңізге, —
Көтермесе елді біз сөгеміз бе? —
Кетті ғой еске түсіп азаматың,
Кешегі ардақты аға Теме бізге.
Ақтөбем — ордам — деген, еншім — деген,
Жан емес жат деп жерді менсінбеген,
Кіші деп қызметі, жасы, басы,
Ешкімді жанындағы кемсінбеген.
Сыйлатып жүрген ортаңды, бар маңыңды,
Аңқылдап жайып салып ар-жаныңды,
Қалайша қиып, Теме, кеттің екен
Тамаша қанат жайған арманыңды.
Жастарды іні болып еред деп ем,
Сізді елге ақсақал боп келед деп ем,
Дүние-ай, фәни жалған!
Ағам қайда?!
Ой бар ма еді көп кешікпей өлед деген!
Қысқа өмір түлкі болып бұлғандайсың,
Сұм ажал ор қып алға құрғандайсың,
Ерлікпен, серіліктің ортасында,
Теме аға, қолды бұлғап тұрғандайсың.

## ІЛІМІ ҰЛЫ АҒАЛАР ЖАТТАЛАДЫ

**(Жанғонақов Жүнісбек рухына)**

Ассалаумағалайкум, Омбы халқым,
Сақтаған сары майдай ата салтын.
Елеулі қазағымның ұл-қызына
Әрқашан құшағың кең, жүзің жарқын.
Басқарған даласын қазақ Омбы бұрын.
Білімнің шуағымен төккен нұрын.
Қайырлы болсын мерейлі той-думаның,
Ашатын жарқыратып ұстаз сырын.
Тойына Смайыл ұлы Жүнісбектің,
Көкшеден келіп ән-жыр гүлін септім,
Сезініп аруақтары бір аунасын
Әулеті Жаңғонақ пен Сұңқарбектің.
Білімнің ордасы боп Омбы бастан,
Қазақтың ерлерінің бағын ашқан,
Магжан, Сәкен, Шоқан осында оқып,
Нәр алып ұлылыққа қадам басқан.
Бас ием ұстаздардың ордасына,
Шәкірті Мағжан, Жүнісбек жолдасына
Ұрпаққа ұлы ағалар сеніп кетті,
Ұмыт боп еңбектері қалмасына.
Құрметпен мерейтойға көңіл бөлдім,
Қуанышына ортақ болдым туған елдің,
Кәртішкеде, шәкірттері аға ортасында,
Тасқара әкемді де жаңа көрдім.
Омбымен қарым-қатынас арамыз бар,
Достасқан орыс-қазақ санамыз бар,
Облысында Омбы туып, білім алған.
Мені де шәкіртіңе аға санаңыздар.
Ағалар мәңгі есте сақталады,
Сенімі ұрпаққа бүгін ақталады.
Тәуелсіз Қазақстан аман болса
Ілімі ұлы ағалар жатталады.

## АСҚАҚ ӘНШІ

Ақын, әнші өмірге гүлін септі,
Сөзі, үні еліне сырын шертті,
Бұл фәниден тағы бір асқақ әнші
Жәнібегім Кәрменов өтіп кетті!
Баласы еді қазақтың сайрап тұрған,
Күш-жігерді үнімен қайрап тұрған,
Ұрпағы ұлы Абай бұл күндегі
Тереңінен ел қамын ойлап тұрған.
Қанат жайып Көкшені шарлады әнің,
Құлағында елімнің салған әнің,
Аруағыңа бас иіп, Жәнібекжан,
Әнші ағаң боп қайғырып, зарланамын.

# ЖЫР ТӨККЕН СЕКСЕН КӨЛДЕЙ ДӘРИЯ АҚЫН

**(Қалия ақынның рухына)**

Алдында қасиетті қауымымның,
Бас иіп, сәлем берер бауырыңмын,
Берілген ер есімі Абылайхан,
Атыңнан айналайын ауылыңның.

Ауылыңды бұрын көрмедім
Ой-қиялмен өрге өрледім,
Шырқайтын бүгін ән мен жыр
Көрімдік елге бергенім.

Туыпты осы ауылда Қалия ақын,
Белгілі қазағыма жәрия ақын,
Серік боп дүлдүлдерге Иса, Жамбыл,
Жыр төккен сексен көлдей дәрия ақын.
Алып та ақ батасын Біржан, Ақан
Атанған халық ақыны Қалия атам,
Аруағын атамыздың сыйлап келіп,
Асынан сарқыты деп дәмін татам.

Батырлардың қауымы,
Сал-серінің ауылы,
Жалғаған ізін атаның
Келді ақын бауыры.

Саламын сазды Көкше ырғағына,
Әндетіп көтерілем жыр тағына
Тойына Қалия ақын шашу шашып,
Айтамын алғысымды ұрпағына.
Атамыз биік, заңғар жыр қиясы,
Жырынан жарқылдаған нұр жиясың,
Осы елде ата даңқын жаңғыртатын
Бар екен сөз зергері Нұрмияшым.

Ағайын, туыс, жақындар,
Зиялы қауым атың бар.
Туа берсін Көкшеде
Қалия сынды ақындар.

## АРҚАЛЫ АРҚА ӘНШІСІ

**(Жаналы Қалиевке)**

Ассалаумағалайкум, туған елім,
Құнарлы Көкшетаудай жазық белім,
Жайқалтып егін егіп, мал өрбіткен,
Ризығы ел-жұртымның, азығы едің.
Туғызған талай ерді, мәнді жерім,
Самалды, саумал иісті, сәнді жерім,
Тыңдайтын қоя салып ішкен асын,
Сүйсініп, тамашалап әнді, елім.
Әрі ұстаз, әрі ағам, әрі әкем,
Арқалы арқа әншісі біздің Жәкең,
Жетпістің желкесінде ән шалқытқан,
Көкшеде әншілердің пірі ме екен?!
Өзіңді туған елім, аңсап келдім,
Толқыған жүрегіммен ән сап келдім.
Ұстазым, жаны жазық, асыл аға,
Өшпестей ізі өнерде жол сап бердің.
Біржанды көзі көріп, әнін салған,
Қосымжан Бабақовтай әнші-тарлан,
—Шәкіртім, «бөлтірігім»,—деп Жәкеңді,
Ерітіп талай жерге алып барған.
Жетелеп әншіліктей асыл арман,
Жаналы Мәскеуде де әнді салған,
Дәстүрін ескі әншілер жалғап келген,
Асылдың сынығындай бізге қалған.
Шырқайық әнді енді келгеннен соң,
Дарынды бізге құдай бергеннен соң,
Тірлікте сыйлап, дұрыс мән бере алмай,
Қазақпыз мақтайтын, іздеп өлгеннен соң.
Жәкеңдер кәусар бұлақ ағындаған,
Сәйгүлік шабысынан жаңылмаған,
Баланмын Иран деген мен де өнерпаз,
Бойыма сый тұмарың тағылмаған.

## КӨЗ АЛДЫМДА — ҚИМАС БІР ШАҚТАРЫМЫЗ

**(Маман Ементаевтың рухына)**

Күйіп-жанып іздеумен өмір нәрін,
Шөлі қанбай шабытқа кетті-ау дарын.
— Сізді жақсы көруші ед тірлігінде, —
Деп жүректі сыздатты сүйген жарың.
Аулақ жүрдің пасықтан құлқыны асқан,
Жақын жүрдің жандармен жөн сұрасқан.
Көз алдымда қимас бір шақтарымыз,
Анадайдан көре сап шұрқырасқан.
Маған қымбат сол күндер сырын ашқан,
Әңгімемен, әнменен шалқып, тасқан.
Ойлы, сырлы қос жанар күлім қағып,
Жүрегімнің түбіне нұрын шашқан.
Сен туралы жырды ұрпақ құрастырар,
Әндеріңді ел-жұртың сұрастырар.
Жолым түсіп ауылыңа бара қалсам,
Өзіңді іздеп ақ қайың жылап тұрар.
Ас та берер ауылың өзіңе арнап,
Ән-күйің де қалықтар көкке самғап.
Қайран, досым, бас ием аруағыңа,
Сал-серілер дәстүрін кеткен жалғап.

## ҚЫЗЫ ЕДІ ҚАЗАҒЫМНЫҢ КҮНДЕЙ КҮЛГЕН

**(Рахима Темірбекқызының рухына)**

Құдайым берген өлшеп өмір сүрген,
Апам жоқ ортамызда бірге жүрген.
Үкідей үлпілдеген жас кезінде,
Қазақтың қызы ма еді күндей күлген?!
Қазақтың қыранындай жігітті сүйген,
Қызығы, шыжығына бірге күйген,
Ұстаздық өнегесін нұр ғып шашқан,
Қазақтың келіншегі еді күндей күлген!
Ардақты ана, ұл-қыз үлгісін көрген,
Жанасқан жанды сыймен тарта білген,
Кішіге — мейірімді, үлкенге — ұяң,
Қазақтың апасы еді күндей күлген!
Сүйкімді немерелер соңына ерген,
Қызықтап, тойлап, қолынан дәмін берген,
Жетіліп жетпіс жаста думан қылар,
Қазақтың әжесі еді күндей күлген.
Тойында жетпіс жасқа бүгін келген,
Еске алып отырмыз біз ағамен бірге,
Ізіңді жалғастырар ұрпақтарың,
Сақталар мәңгі бейнең күндей күлген!
Апамыз болмағанмен арамызда,
Бейнесі жарқын біздің санамызда.
Тілейміз ұзақ ғұмыр ұрпақтарға,
Салмақты Бүркітбайдай ағамызға!



## ЕЛГЕ ХАТ

Ассалаумағалайкум, Бөкен аға!
Аман ба туған елім, қыр мен дала,
Аман ба Райхан жеңгем сырлы әуезді,
Аман ба немерелер, бала-шаға?
Туыстық көңіл жарық туған айдан,
Көңіліммен күнде елге барып қайтам,
Апамыз Қамария қайтыс бопты,
Қайғырып мен де сізге көңіл айтам.
Ойыма түсер менің өткен, кеткен,
Қуаныш туған жерді құшып жеткен.
Аталар, ағаларым ай маңдайлы
Елі мен ұрпағына нұрын төккен.
Ағалар Рашит, Бәри фәниге өткен,
Ұрпақтар таратылған асыл тектен,
Кешір деп аруақтарға бас иемін,
Мол еді туыстық нәрлер олар сепкен.
Ағалар Зият, Қазкен, Ғазиз қандай,
Ағайын жарқыраған атқан таңдай,
Ұрпаққа қарай-қарай олар да өтті,
Елдіктің қала ма деп бағы жанбай,
Нұрекең, ағатайым, шешен еді,
Елдікті топшылайтын көсем еді.
Бас қосып бәріміз бір отырғанда
Бұл жалған, жарқырайтын әсем едің.
Өнерін Балмыш атам көзім көрген.
Айрылдық жалғыз ұлы Нығымет ерден,
Жете алмай туыстарға жан тапсырды,
Бұйырмай топырағы туған жерден.
Атамыз нар атанған Қали мырза,
Ұрпағы Смағұл қажы оған риза,
Көнекөз, көпті көрген ақылшы еді,
Жігері, қайраты мол асыл тұлға.
Данышпан, құты еді елдің Есжан атам,
Ұрпаққа мәңгі азыққа берген бата.
Алпысқа таянсамда сағынамын,
Есімде құшып айтқан сөзі «Ботам»!
Жаңарып кейінгі ұрпақ басқа болар,
Жақсының жақсы үлгісін жастар алар,
Қимайтын сізге туыс, бізге әке
Оралмас Қызғара мен Тасқаралар.

Мағали, Айтмұқан, Қасым, Сабыр, Зекен,
Мөнтіктің алға ұстаған ерлері екен.
Ағалар араласқан жақын еді
Алыстап ұрпақтары кетер ме екен!
Иесі үлкен шаңырақ Сердалы аға,
Ұлы өскен, қызы жеткен ордалы аға,
Үлгісін Есжан атам ақ ниетті
Бұл күнде орнын басып жалғады ма?!
Сердалы-тәте, Нәуке-Ләлә болды,
Ұмыттық ұлғайғасын біз де ол жолды.
Ағаттық бізден болса мойын ұсынып,
Жүреміз болжаумenен оңды, солды.
Уа, Бөке, Сердалы аға, Шәйдолла аға,
Ағалар ақылымен елге пана.
Күйттеген әркім басын кезең ғой бұл,
Туыстықты ығайтуға бар ма шама?!
Білемін күтті ағайын көпті менен,
Ризамын ел-жұртыма, мен де сенем
Бірақта әкім болмай ақын болдым.
Атанып әнші, сазгер Иран деген.
Бұл сыйды құдай жастан маған берді,
Ән жырмен талай жерде көрдім төрді,
Жалғадым өнерін аға атылып кеткен
Кешегі ер тұлғалы Қайыргелді.
Үрлесе көңіл лаулар жүректе шоқ.
Ешкімге жолдас болмас дүние боқ,
Өзіңді өзің сыйла жат түңілсін,
«Алтынның қолда барда қадірі жоқ»
Осылай, Бөкен аға, толғап кеттім,
Еліме ән-жырымды гүл ғып септім,
Қайырлы болсын айтам шын жүректен,
Сексеннің сейіліне аман жеттің.
Сексенде сіздей адам сері болар,
Тоқсандай толықсыйтын өрі болар,
Түсініп сөзді терең айта білер,
Сыйлаған ұрпақ, туыс төрі болар.
Жылылық есе берсін түріңізден:
Баули бер бізді үлгі іске сырыңызбен,
Тоқсаннан жүзге жылжып сабырлықпен
Түспесін асыл сөзің тіліңізден
Ұрпақ боп туыстық жол табамыз да,
Болашақ елдік отын жағамыз да,

Құдайым, қуат бер деп сыйынайық
Мұсақай — Жақып атты бабамызға
Риза бол, Бөкен аға, назымызға,
Жүректен шыққан әсем сазымызға,
Жолдадым ретті деп бұл сәлемді,
Бас ием туған елдей қазымызға.

## АҚЫЛДАН ШЫРАҚ ЖАҒАЙЫН

**(Абай ініме)**

Ал, ағайын, жамағат!
Шалқуға маған болады,
Абай деген азамат
40 жасқа бүгін толады.
Өткенді айтсам бағалап,
Жыр болып шерлі ағады.
Келсе егер іні сағалап,
Ағасы көңілін табады.
40 жас келсе басыңа,
Жүрме енді асыға,
Күш-жігер келсе толқындап,
Ернеуден шығып тасыма.
Менсінбесе кейбіреу
Мін қайратқа,
Жасыма.
Қаһарлы болсаң жауыңа,
Адал бол сыйлас досыңа.
Жұмыс басты болдым деп
Қарама салғырт қосыңа.
Ілтипатты бол, үлгі бол
Ағайынның кәрі, жасына.
Айналайын, Абайым!
Ағарды аға самайы,
Қысылғанда қамқор боп,

Ақылдан шырақ жағайын.
Өткеннен сабақ ала біл,
Сұмдардың көрдің талайын.
Тілеймін саған, бауырым,
Әр атқан таңның арайын!
Елін сүйген ер болсаң
Мақтауға мен де жарайын!
Кешегіні көз көрді,
Жұрт өтірік сөзге ерді.
Тәуелсіз бүгін қазағым,
Заманы елдің өзгерді.
Қыран боп қырықта ұшатын
Саған да, інім, кез келді.
Шын қазақ боп іс істеп
Таңдандырар өзге елді,
Тәрбиеге басқаша
Бұдан былай төзбе енді,
Азаматы бол қазақтың
Ішіңнен өзің сез де енді.

## КӨҢІЛІҢ ТУЫСҚАНДЫҚ БАЛДАЙ ЕДІ

**(Елтай ағаға)**

Сағындық, Елтай аға, жиен аға,
Бейнеңді көңілге енді түйем, аға,
Ұрпаққа артта қалған нағашы боп,
Құшақтап Сағынғанды сүйем, аға.
Сиқырлы, ұшқыр сөзді таңдай едің,
Көңілің туысқандық балдай еді.
Көруге жиі бізді асығатын
Пейілің бәрімізге қандай еді!
Жасынан жағыдаймен жер кезіп ед,
Таппайтын тыныштықты ер кезі ме ед?!
Япырмай, дүниеден ерте өтті,
Қызықты қызықтайтын дер кезі де ед!
Бір жыл да толып қапты өткеніне,
Туыстар топырақты сепкеніне,
Аруағы, риза болып жатыр ма екен
Сағынған, Бибіжамал жеткеніне?
Әрине, қиындыққа адам көнген,
Ажалды білмейміз ғой бізге төнген.
Ендігі тілек: ұрпақ жете берсін,
Аман бол жан жолдасың, Жаңыл жеңгем.
Ағайын, туыс, жекжат, құдаларым,
Біліңдер өткендерден мұра барын.
Ол мұра бір біріңе сый құрметің,
Өткеннің бізге сақтап тұрар арын.

# ЕЛГЕ ЕЛЕУЛІ ЕР

## (Сайлау Хасенұлына)

[illegible] ардақты елім,
[illegible] асқар белім,
[illegible] көріп өскен,
[illegible] жігіттерің,
[illegible] боп бауыр басқан
[illegible] ортаңа Иран серің.
[illegible] едім,
[illegible] едім.
[illegible] дүниясы.
[illegible] баталарыңды беріп едің.
[illegible] туыстарды аруақ тербеп.
[illegible] төрі ме едің.
[illegible] Сайлау да екен.
[illegible] уда екен,
[illegible] болып.
[illegible] елге жайлау да екен.
[illegible] ерлік жасы,
[illegible] шебер, алтын басы,
[illegible] туыс, өскен ұрпағы бар,
[illegible] тұз, асы,
[illegible] шара бар ма.
[illegible] жолдасы.
[illegible] Сайлау жастан,
[illegible] үлгі ағасы Дастан,
[illegible] Әбутәліп. Кәрім,
[illegible] қосқан.
[illegible] аталарым
[illegible] тәрбиемен бағын ашқан.
Сарбұлақ — орман, дала, адыры көп.
[illegible] сабыры көп.
[illegible]
[illegible] жоқ,
[illegible] ер емес пе.
«[illegible] кадірі жоқ»

## ӘН-ЖЫРЫММЕН ШАЛҚЫТАМ

**(Гүлсім апама)**

Ардақты Гүлсім апамыз
Жасына жетпіс келіпті.
Ағайын-туыс, ел-жұрты
Қуанышқа көңіл бөліпті,
Қызыққа алла жеткізіп,
Өрнектеп өмірін өріпті,
Өскен ұрпақ, елі бар,
Анамыз қандай көрікті!
Құттықтап мен де, еркелеп,
Анамның көңілін табамын.
Сарбұлақтай еліме
Бұл күнде туған баламын.
Ән-жырыммен шалқытам
Шаңырағын арлы ананың,
Ел ағасы кешегі
Өмірғазы сыңды бажаның.
Исін қазақ сіңірген,
Сүйейік ауыл, даланы,
Өсірейік ер қылып
Туғызған ана баланы,
Азамат боп баптайық
Ел намысын, сананы,
Адамға өмір сыйлаған
Ренжітпейік ананы,
Қуантайық ананы!

## ӨЗІ ЕДІҢ ЕР ЖАУЫНГЕР, ХАС ҚАЗАҚТЫҢ

**(Қайыржан Сәбитовке)**

Ағамыз еңбектің нары, атан да екен,
Ұстауда ел қаржысын қатаң да екен,
Үйреткен көп шәкіртке есеп-шотың,
Қайреке, ақсақалдық батаң ба екен?!
Кешегі ел қорғаған жас қазақтың,
Өзі едің ер жауынгер, хас қазақтың.
Бүгінде ардагерсің отырған сыйлы
Үстінде жетпіс жастай — алтын тақтың.
Құрметтеп көпті көрген ағалығын,
Көңілге тату-тәтті бажалығын,
Өмірде ортамызда — қарапайым,
Паш етем жүрегінің тазалығын.

## БОСАТПА ЖИНАЛҒАНДА ШАЛДАР ТӨРІН

**(Садық бажаға)**

Тілеймін ұзақ болсын өмір жолың,
Азаймай құдай берген дәулет-қорың,
Аман боп Күләйімдей балдызымыз,
Босатпа жиналғанда шалдар төрін.
Келдің бе, бажам менің, 60 жасқа,
Қалмады уқалайтын шашың баста,

Қазағым марқасқа деп мақтайтындай,
Боп тұрсың домаланған нағыз қасқа.
Жақынбыз бізде енді таз болуға,
Мамырлап, маймаңдайтын қаз болуға.
Құдайым, кәрі қылып күлетіндей,
Жарайық пенде болып мәз болуға.

## ДОСТАРЫМ КӨҢІЛДЕРІ СУЫСПАҒАН

**(Қайыркен, Айжан — Нұрсейітовтерге)**

Мамандық болғаннан соң кен жағынан,
Тырмысып, таласпадым шен жағына.
Ән мен жыр ермек қылған серік болып,
Үдеді келгеннен соң, ел жағыма.
Сағынып келген Көкше қауымына,
Тербетіп, қанат берген ауылыңа,
Қайыркен, Айжан, достар, құрметтейтін,
Дастархан жайып, тартам бауырыма.
Жан едім жамандарға жуыспаған,
Жақсы адам әрқашанда туыс маған,
Рәзия қосылғаннан айтушы еді:
— Достарым бар деп көңіл суыспаған —
Жасымыз орта жастан барады асып,
Кездеспедік жиі алыс боп жер арасы.
Құтты боп орындарың орнығатын,
Жүрейік ойнап-күліп араласып.

## КӨҢІЛІҢ БАР ҰМЫТПАҒАН ЖАС КЕЗІҢДІ

**(Бэтжан Саткеноваға)**

Қонысың құтты болсын, Бэтжан, жерлес,
Өткен күн мұнартатын сағым-елес.
Студенттік кез Рәзиямен бірге жүрген,
Жайнаған жастық шағың қайтып келмес.
Көңілің бар ұмытпаған жас кезіңді.
Сұм өмір шайқалтпаған шат сезімді.
Уйтқы боп шаңырағыңды шалқытасың,
Жүрекке мәңгі сақтап Қапезіңді.
Болғасын әжептәуір ара қашық,
Жүрмедік жиі-жиі араласып.
Қайырлы болсын бәрі өткен-кеткен.
Балалар өсіп, өмір алға басып,
Мен, міне, өзің көрген баяғы Иран,
Ішіне шежіресін өмір жиған,
Шыжығын бұл өмірдің қызық қылып,
Тебіреніп эн-жырымен сайран құрған.

## КӨКІРІГБҢ КЕҢ КӨСЕМ ЕРІМ

**(Байқаш Төлебаевқа)**

Байқаш дос, өміріңе көңілім толды,
Басыңа бақ пен дәулет, бақыт қонды.
Алпыс жас — даңғыл жолға түсіп алып,
Қарайсың баппен байқап оңды, солды.
Қасыңда сабырлы ана, Жәміш жарың,
Ер жетіп, қанат қаққан балаларың,
Қолдайтын жолдас, достар қол үзбеген,
Қолтықтап Омбылық туыс, ағаларың.
Ақ көңіл мінезіңді ер біледі,
Маңдай терің — еңбегіңді ел біледі.
Байқашжан, көсем ерім, көкірегің кең,
Жасай бер аман болып — ел тілегі.

## ҰРПАҒЫМНЫҢ ҮМІТІН ТҰТАНДЫРЫП

**(Ұлым Ерланға)**

Жиен келді үйіме,
Жиен келді!
Орнын басар ұлымның ием келді,
Ұрпағымның үмітін тұтандырып,
Ата болып иіскеп сүйем де енді.
Айналайын күлкіңнен кеңкілдеген,
Тұлымыңнан жел қағып желкілдеген,
Араласып қуаныш, қайғысымен,
Ұлын еске алып атаң да еңкілдеген.
Айналайын көзіңнен ойланатын,
Ұмытпастай атасы қойған атын,
Амандықпен тілеймін ертеңіңді,
Қызықтарды ер жеткеніңде тойланатын.

* * *

Жетіге Ерлан толғанда,
Қала ма Иран толғанбай?
Көңілдің көлі көлкілдеп,
Биіктеп бойым қалғандай,
Бәйгеге арнап қосатын,
Таранатын тарландай,
Қырлардан талай асатын,
Асқақ та биік армандай.
Құлыншақтай құлыным,
Жасаған тойым ырымың.
Жете біл түсініп астарын
Дүние-сандық сырының.
Талабың сай боп тобыңа,
Ұшқанда талмай қанатың,
Жүйрігі бол халқыңның
Алдына баптап салатын,
Ата-анаңның мейірі
Сол кез ғой, шіркін, қанатын!

## МОП-МОМАҚАН АҚ ҚЫЗЫМ

**(Жанарға)**

Айналайын, Жанарым!
Мейірімнің қанары,
Көңілімнің қамалы,
Ашуымның амалы.
Түсті неге қабағың,
Ауырды ма тамағың?
Шүлдірлеген сөзіңнен,
Төңкерілген көзіңнен,
Моп-момақан, ақ қызым,
Айналайын өзіңнен!
Үлпілдеген шашыңнан,
Домаланған басыңнан,
Көңілденсең керілген
Ұзын кірпік қасыңнан,
Шөпілдетіп бәрінен
Қанбай келем әлі мен.

## ҚУАНЫШПЕН ЖАСТЫ БҰЛАЙЫН

**(Малика бөбегіме)**

Тілеуіңді тілейін,
Маликам — менің құлыным,
Я, құдайым,
Алма үрейін
Атаңның ән мен жырының.
Жадырап ертең күлейін,
Жасап бір тойдың ырымын.
Тілегін қолда,
Тәңірім!
Жаратқан мендей құлыңның.
Жалбарынып жылайын,
Астарын ашып сырымның.
Енді аман қыл, ылайым,
Ұрпағын қыз бен ұлымның,
Қуанышпен жасты бұлайын,
Кетірмей әрін нұрымның.

## БІР БАСТЫҚҚА

Бұл билік сынау үшін беріледі,
Істері ірі, ұсаққа бөлінеді.
Ерлерше, уа, басеке, сұрақты шеш,
Ерлік те осындайда көрінеді.
Бұл істің созбақтасаң мәні кетер,
Адамдық сыйластықтың сәні кетер,
Көкшетау бұл Иранды қолдамаса,
Шырқайтын жыры менен әні бекер.
Дүниенің тұтқасы сән, түбі мен бе?
Теңелер алла алдында барлық пенде.
Қатая берме еркек боп, уа, басеке,
Жүрегі қыздарыңның жібігенде.
Осылай жырмен келген әзіл-ойым,
Жоғары жаққа бұра берме мойын.
Бірауыз бастығыңның айтар сөзі
Көбейтпес азаматтың абыройын.

## АҚАН СЕРІ КЕРУЕНІ

1993 жылы шілде айында Ақан сері (Ақжігіт) Қорамсаұлының туғанына 150 жыл толу құрметіне Көкше өңірінде үлкен той болды. Сол тойдың қарсаңында қазақ әдебиеті, қазақ тілі пәндерінің озат мұғалімдерінен Ақан сері — Абай керуені ұйымдастырылып, Қазақстанның жеті обылысын аралап, Абай еліне барып қайттық. Сол керуенге Ақан сері ұрпағы ретінде, ақын, әнші, сазгер болып, мен де қатыстым. Осы сәтті сапарда талай жыр, ән туды. Ақан бабамыздың үлгісімен, оның өмірі туралы шығармаларымды сіздерге ұсынып отырмын. Бұл бөлімде керуен сапарында шығарылған жырлармен бірге, «Ақжігіт» поэмасы да бар, «Әндер» бөлімінде осы жолда туған «Құлагердің басында», «Ақтоқты — Балқадиша ұрпағының әні» сияқты шығармалар да енді.

## 1. АРНАУ

Керуен еліне Абай барып келді,
Ұстаздық құтты жолды салып келді,
Бас иіп Абай, Мұхтар, Шәкәрімге,
Алғысын аруақтардың алып келді.

Бұл жүріс айта берсем болар дастан,
Көкшенің ұстаздары үлес қосқан
Атынан көпшіліктің алғыс айтам
Басқарған абыройлы істі, Тельман, Қоспан,

Тельманның ризамыз көрігіне.
Басқарған керуенді Қоспан. Өрігіне.
Сүріндірмей ұзақ жолдан алып келген
Колбик пен Савицкий көлігіне.

Айтайын бұл сапардың бағы жанды,
Ұрпаққа шырақ болып шамы жанды.
Бетпе-бет қазақ өмірін көріп, біліп,
Ұстаздар сабақтарға нәрін алды.

Керуен боп Көкшетаудан жолды салдым,
Абылайхан алаңынан бата алдым.
Біржандай шығарып салған еліне Абай,
Рахмет ауылына Біржан салдың.

Болсын деп құтты енді қадамдарың,
Қарсы алды Ақмоланың адамдары.
Кездесіп Ақсудағы жас ұрпақпен
Бет алдық Ерейментауға, одан әрі.

Бас идім Еерйментау жерлеріне,
Еліме қорған болған белдеріме,
Саққұлақ, Олжабай би, қарт Бөгембай,
Ақиық, ер азамат ерлеріме.

Аралап Ерейментау асқар белін,
Келгенін еске алдық Ақан серім,
Бұрылдым сапарымнан келе жатқан
Көруге Құлагердің өлген жерін.

Көзден жас сорғалады барғанымда,
Ұрпағы Ақан болып сарнадым да,
Дулдулі қазағымның Құлагерге
Шығарып ән-құранды арнадым да.

Қарсы алды Баян таудай жайнаған жер,
Ырысты Шорман болып байлаған бел,
Иса мен әнші Майра, Жаяу Мұса,
Өнердің бұлбұлдары сайраған ел.

Сұлтанмахмұт, ғалым Қаныш, Мәшһүр Жүсіп,
Бас идім аруақтарға жолым түсіп,
Қазақтың даналары-ай мәңгі жасар,
Өмірімді ойларымен қойған пішіп.

Қазақтың даналары бізге ортақ,
Әрқашан сенімін ел жақсыға артад.
Аруағы бір аунады Сұлтанмахмұт,
Барғанда Көкшетаудан нағашы ұрпақ.

Болып та керуені Ақан жолға себеп,
Біз соқтық зиратына Еңлік-Кебек,
Сөнбей де махаббаттың мәңгі оты
Әрқашан ұрпағымды жүрсін жебеп.

Ақанның басып келем үн-сазына,
Көргені керуеннің мың қазына,
Бұрылдық Қызылтудай елімізге,
Бас иіп Зейнелғабиден ұстазыма.

Керуен боп сабақ алдық, сайран құрдық,
Ел өмірін көзбен көріп, сұрап білдік.
Рухына тағзым етіп ұлы ақынның,
Ауылына Мағжан ағам бетті бұрдық.

Біз болдық талай жерде, талай елде,
Есік ашты талай мұражай, талай көрме,
Аяулы, ардақты аға Мағыжаным
Бейне боп ілулі тұр барлық төрде.

Бұл жүріс талай әлі жырланады,
Ұрпағым тәрбиелік сырды алады,
Жол бойы көрген, білген әсерінен
Сабағы ұстаздардың нұрланады.

## 2. ҚЫЗЫЛТУ, ЗЕЙНЕЛҒАБИДЕН АУЫЛЫНДА

Қызылту, Жаңа Тілек елім, жұртым,
Мен дағы керуен боп сайран құрдым.
Аруағын Зейнелғабиден ұстаз сыйлап,
Аулыма керуеннің басын бұрдым.

Ауылым, қарсы ал, балаң құшақ жайды,
Өткеннен іште жылап жатыр қайғы.
Шет жерде өсіп, өніп келгендіктен,
Елімде кейбір адам жатырқайды.

Жол жүріп келеміз біз жанды қинап,
Беретін ұрпақтарға нөрді жинап.
Зардабы өткен күндер айықпаған,
Қарсы алған атақ пенен шенді сыйлап.

Ауылдан әжептәуір шалыс тұрам,
Жақын ғып туыс, жатты табыстырам.
Білмесе кейбіреулер айыбы жоқ
Өзімді өз ауылыма таныстырам.

Қожаның жиенімін Иран атым,
Ішінде Қарауылдың мөнтік затым.
Еңбекке азаматтық істі қосып,
Құрамын ән мен жырдың салтанатын.

Істері даналардың шын қазына,
Арқанның салып келем үн-сазына,
Бас иіп аруағына, тәуіп қылам,
Ұмытылған Зейнелғабиден ұстазыма.

Кетемін көргенімді табыс қылып,
Ұрпаққа бұл жүрісті ағыс қылып,
Лениннің артымдағы суретін
Қойыңдар Зейнелғабиденмен ауыстырып.

## 3. АБАЙ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІНІҢ БӨЛМЕСІНДЕ АЙТҚАН ӨЛЕҢ

Ассалаумағалайком, Абай елі,
Тудырған ұлды Абайдай ел киелі.
Арқалап ел сәлемін алып келді.
Көкшеден сері Ақанның керуені.
Шаттанам, шабыттанам ел дегенде,
Шақырып тұрғандайсың, кел дегендей.
Ісіне Қарауылдың таң қаламын,
Біздерге жылы қабақ бермегенге.
Туысқа бізді бұлар санамады,
Жолаушы мүсәпірге баламады,
Асына Көкбай ақын тап болыппыз,
Шай іш деп айтуға да жарамады.
Жүргелі керуен боп жолға шығып,
Басқа елде көргеміз жоқ мұндай қылық,
Ел болып, тәуелсіз боп жатқан кезде,
Ағайын, мынау қандай «қазақшылық»?!
Сонда да елін Абай көрем жақын,
Құрметтеп, қастерлеймін Абай атын.
Қылығын оғаш мұндай ұрпағының
Аруағы Абай, Көкбай көрмес мақұл.

## 4. МҰХТАР ЕЛІНДЕ

Әсемдеп домбырамды қағайын да,
Жыр жырлап әнге басып ағайын ба?
Біздерге ренжіме, Амантайжан,
Деген бар өкпе жүрер ағайынға.
Өкпені көтеретін туыс деген,
Дүние сыйласатын қуыс деген,
Рахмет сыйыңызға, Амантайжан.
Өкпені жуу үшін той істеген.
Үндері даналардың асқақ та екен,
Сіз айтқан Абай тойын бастап кетем.
Аттанып енді туған Көкшетауға,
Өкпені осы арада тастап кетем.

## 5. БАЯНАУЫЛ ЖЕРІНДЕ

Көрікті жасыл белім, Баянтауым,
Айтайын Көкшетаудың аман-сауын,
Аман ба, бауырларым, аңсап келген,
Қайнаған өнер, білім қалың қауым?
Баянтау Көкшетаумен егіздейсің,
Қосылса көл, бұлақтар теңіздейсің,
Осындай жұмақ-мысал жерлер тұрса,
Өзгеден жерұйықты неге іздейсің?!
Көруге асылыңды асығайын,
Мойныңа ән-алқа боп асылайын,
Нәр алып, жол шаңынан арылайын,
Шомылып мөлдіріңе, Жасыбайым,

## АҚАН СЕРІ ҮЛГІСІМЕН

### МЫСАЛДАР

Заманды өткен енді көз көрмейді,
Бірақ та заты жаман өзгермейді.
Жаманның бұл күндегі жақсы үлгісі,
Көпірме, көке мылжың, сөз бермейді.
Туса да жамандардың ай басына,
Қашан да сала берер айласына.
Жолдас пен досы оның жаралғандай
Жалғыз-ақ өз басының пайдасына.
Ақын мен әншілерге арқа берген,
Ел жүгін жақсыларға арта берген.
Жаманның ісі болмас көпшілікпен,
Мәстектей сыңар езу тарта берген.
Санамас ешкім өзін жаманмын деп,
Жексұрын әдеттікке маманмын деп
Санассаң ел-жұртыңның көңілімен,
Айтарсың жамандықтан аманмын деп.
Жаманды сезінесің сөз басынан,
Бүлк етпес қара жүрек көз жасыңнан,
Ел бір жақ, топас бір жақ болса дағы,
Кінә іздеп бас қатырмас өз басынан
Сыйланса күйеулерге төс келеді,
Жақсы адам ел сыйына қош келеді.
Ежелден жаман теңдес құзғынменен
Өсек пен жала айтуға өш келеді
Жамандар ақты былғап күйе қылған,
Жалаға жақсы жанын ие қылған.
Қарамас өз басына сын көзімен,
Біреудің түймедейін түйе қылған.
Неге керек тыңдалмаса жыр болғаны,
Жолдассыз айтылмайтын сыр болғаны.
Білмесе сый-құрметті көрсетуді,
Дүниеге ер азамат құл болғаны.
Әдепсіз кіші болса жол кеседі,
Көбейсе келеңсіздік ел кеселі.
Кесем деп ебін таппай қинай берсең,

Өтпейтін пышақ тағы қол кеседі.
Жақсының жаман жетпес білгеніне,
Жаманның жақсы ермес күлгеніне.
Әдеті жаман адам шіренетін,
Бір мезгіл бақ көтеріп жүргеніне.
Әдет қой қонақ келсе ас салатын,
Шын достық жолдастықтан басталатын.
Жолдастан жаман шықса жанға батар,
Арыңа сыйды сырып бас салатын.
Әркімнің бұл өмірде ізі қалған,
Іс жаса ізбасарың қайран қалған,
Жасауға көп жақсылық үлгеріңдер,
Өйткені тым қысқа ғой фәни жалған.

* * *

Астан да кестен,
Ернеуден тағы
Кеттің бе шығып сезімдер,
Орынсыз деп,
Таңырқап қарап,
Айнала менен безіңдер.
Көңілім толқып,
Орнымды таппай қобалжып,
Не сиқыр жатыр
Алабұртып шабыттанған кезімде.
Нәзіктік іздеп,
Өртеніп өзек,
Соншама қайда талпынам,
Шығам деп өрге,
Жүгіріп оймен,
Жете алмай тағы алқынам.
Кемеңгер уақыт,
Қалағанын істетіп,
Төреші болып түсірер бәрін қалпына.
Ақиқат ісім,
Ашық бір жанмын,
Құпиям жоқ көргенге,
Сонан да болар,
Пәле-жала көп болады
Жамандық маған тергенге.
Асқақтап сезім,
Ән іздеп өзім,
Ақын да болып кетемін.
Шүкірлік қылам,
Санама құйып,
Осының бәрін бергенге.
Ұйқы жоқ бүгін,
Дөңбекшіп ойлар түртеді.
Әр қилы ойдан,
Тынышттық байғұс үркеді

Өтті ме жастық,
    Дос болған көппен кешегі?

Бүгінде мықты
    Кешегі достың есебі,

Біреуі өсті...
Біреуі өшті...
    Күндерім қайтып оралмас,

Пендешілік —
    Қолда тұрған болмашыға болар мас.

* * *

Алданасың, аңқылдақсың,
Алдырма сен сырыңды,
Бір бүкпе сыр іште жатсын,
Айтпа барлық шыныңды. —
Осылай басар қадамға
Түсе алмай әлі келемін —
Мейірімім түскен адамға
Жартылай қалай сенемін?

* * *

Жазылмаған жырым көп,
Айтылмаған сырым көп,
Өрмелейтін өрлерім,
Көрмеген майса жерлерім,
Шырқап шығар шыңдарым,
Көтерілмеген тыңдарым,
Сайрандайтын қырым көп.
Құшақ жетпес қуаныш
Әкелетін күндер көп,
Қайғы басса жұбаныш
Әкелетін үндер көп,
Сыр-бұлаққа қанатын,
Қыдыры достық қонатын,
Махаббатқа мас қылып,
Көңілді уыз жас қылып,
Көз ілмейтін түндер көп.
Бітпес қызық жалғанда,
Арманда, адам, арманда!
Қызықтайтын артында
Ғанибет-мирас қалғанда!

* * *

Күндер өтіп,
Кімдер кетіп,
Бұл өмірден барады?!
Белден өтіп,
Жарға жетіп,
Артына бір қарады.

* * *

Кетіпті
Бір бастық ісініп,
Бітіпті
Бітпеген кісілік.
Күтіп тұр,
Қусада қимайды,
Адамды,
Жақсыны, жаманды
Сыйлайды,
Мән бермес
Данышпан-кішілік!

* * *

Жалғанда жадырауға жаным құмар,
Мінезім көпке бірдей, жұртқа ұнар,
Жастық желмен желіккен өр көңілім
Құлазыған шөл болып бір күн тынар.

* * *

Қателікке болмайды адам құмар,
Кездессе оған өр көңіл өрден құлар.
Қуанғаннан қулары бұл заманның
Төбеңде ойнап, билеуге дайын тұрар.

* * *

Тілек тілеп әуелі амандықтан,
Сақтай көр деп кесапат-жамандықтан,
Бәрінен де аулақ қыл дей беремін
Түсінбейтін адамды надандықтан.

* * *

Өлең, ән мен күйлердің қос торабын,
Серпілтетін көңілдің құй шарабын.
Басқа жағдай, шүкірлік, баянды ғой,
Сезім толмай кей-кезде бишарамын.
Шопаның боп, кең далам, кезейін мен,
Аңыздардан жыр-көже езейін мен,
Аша берші, туған жер, сырды бүкпей,
Нәзіктерді үзілген сезейін мен.

* * *

Әкелік сезім балаға,
Асқар шыңдай пана ғой,
Қызғыш құстай қорғайтын
Балаларын ана ғой.
Жалтақтап маған қарама,
Ананың тілін ала ғой.
Әкенің көңілі балада,
Баланың көңілі — дала ғой.

* * *

Елін сүйген азаматы — ер мықты,
Жауыздарды жұтпайтұғын жер мықты.
Топастардың ортасына түскенде
Сағынасың,
Аңсайсың бір ерлікті!

* * *

Жігіттер, ұмытпаңдар бірлігіңді,
Көрсетпе бір біріңе ірілігіңді.
Жақсы әзіл, шын ықылас, ақ көңілмен
Өмірде білдіріңдер тірлігіңді.

* * *

Орта жасқа белуардан кіріппіз,
Жастық шақты созыңқырап жүріппіз.
Еркелеткен елдің қамқор арқасы,
Бақытты өмір, бейбіт өмір сүріппіз!
Көз жіберіп, ой жүгіртсем алдыма.
Арттағы ізім өмірге өрнек салды ма?
Өнерпаз боп мен несіне мақтанам,
Өнегелі сөз ұрпаққа қалды ма?
Ақындықтың кештеу қайнап қазаны,
Толғандырып алады енді мазаны.
Төгіл, жырым, бұлағындай жерімнің,
Шырқалғандай жадыратар жаз әні.

* * *

Мен бүгінмін, ертеңмін, кешегімін,
Айтқандай ұлы Абай өмір кесегімін,
Қайғыны бастан асқан көтеретін
Алланың пәнде деген есегімін.
Мен бүгінмін, ертеңмін, кешегімін,
Айтқандай ұлы Абай өмір кесегімін,
Тартатын болашаққа ауыр жүкті
Адамның бір мезетте есегімін.

* * *

Ақымақпын деп ешкім жүрмейді,
Боламын ит деп үрмейді,
Негізі надан адамдар
Өзіндік үнімен нүдейді.
Өзінен ассаң күндейді,
Болсаң жуас жүндейді,
Жымысқы ісі, сөзі бал —
Мұндайларды сұм дейді.

* * *

Болғасын адам
Шырқаймын мен де шарықтап,
Қараңғы болса
Ұмтылам алға, жарыққа,
Жап-жарық күнде
Бір мезгіл кейде дәл баспай,
Құлап та жатам қазылған алда арыққа.
Ей, өмір, саған
Сонда да құштар адаммын,
Білмедім өлшеп қалғанын қанша қадамның,
Құлагер дертін бермесінші деп тілеймін,
Шоқпары жыққан безбүйрек, лапы наданның.
Түсінем барлық адамдар маған туыс деп,
Көгілдір аспан асты бір сайран қуыс деп.
Ойқастап келер арғымақ сынды, дүние-ай,
Ұстамай жалдан бос қалды-ау біздің уыс тек.

* * *

Қайратқа мінбей,
Наданға неге көнемін,
Жарқ етсем күндей
Мен неге ерте сөнемін.
Жабысса кесел,
Қара бұлт қоршап маңымды,
Шақырып нөсер
Баспасқа неге шаңымды.
Жауларым келсе
Жабыларымен ойқастап,
Жүйрікке ер сап,
Түспеске неге айқасқа?!

* * *

Ұлғая келе
Тұйық боп барам,
Мінезді жарқыл сиретіп,
Өзімді өзім
Тізгінмен тежеп,
Сабырлық күйге үйретіп.
Өнерден құрғақ,
Қолпаштай салар
Бержағымен месқарын,
Сыздана қалып,
Алдында жұрттың
Қоймақшы мені билетіп.
Сабыр боп сыртым,
Ішімде оттар
Үрлесем лаулап жанатын,
Тереңде сезім,
Мөп-мөлдір бұлақ,
Ішсең бір мейірің қанатын.
Өртеніп жүрек,
Қасірет шеккен уақытта,
Себелер суды,
Қарлығаш болып
Ақындық менің қанатым.

* * *

Іздеймін мен
Халқымның тірегін,
Еңбекшінің алтын сапты күрегін,
Баспадағы бұрқыраған ақынның
Сөздерінен шын ақынның жүрегін.

* * *

Асулардан адам аттап асады,
Білімділер дәрия боп тасады.
Кеудесіне күпіршілік кіргенді
Қандай құдай, ия сайтан басады.

* * *

Жаны бар жақсылардың дала жазық,
Өлсе де тірілерге болар азық.
Алмасаң жақсылардан жан ләззәт,
Гүлдерің өмірдегі солады азып.

* * *

Құмартып қаламымды қолға алуға,
Көлінде өлең сөздің шөл қануға,
Отырсам өзді-өзінен ой келмейді,
Жағыдай керек екен толғануға.

* * *

Болғанда бірде ақылды, бірде надан,
Не озып, не кейін қап бірде қадам,
Шаттанба аз уақыт шалқығанға,
Туғанда, өлерінде бірдей адам.

# АҚЖІГІТ

## (Лирикалық поэма)

### 1. ӘУДЕМ ЖЕР

Сүйемін Ақан әнін бала жастан,
Маржандай тізген сөзін асыл тастан.
Қапа, наз, ойға толы, толғандырған.
Қалдырды кейінгіге мысал-дастан.

Сері де сәтсіз күнөнен мұң шертеді.
Шарқ ұрып кең аспанға да өрлетеді.
Бір мезгіл төмен түсіп, қоңыр сазбен,
Күн түскен сары майдай жандыерітеді.

Ақтаңгер орта жүздің бұлбұлы Ақан,
Жігіттің мың өнерлі дүлдүлі Ақан.
Сырымбет көрінесің, сері болып,
Жамылған иығына дүрия шапан.

Серпілтсе сегіз қырын Ақан сері,
Думан той қызық еді-ау жүрген жері.
Сайда гүл, ойда бұлақ, сағым қуып,
Десеңі көңіл қосты қызбен пері.

Перінің қызы емес қой ақынды ерткен,
Табиғат шипа болды қалың дертке.
Қаншама құлшынсада жете алмады,
Жүректе ұялаған арман сертке.

Қу басын Құлагердің арқалады.
Қалың бұлт, қайғы, қасірет тарқамады.
Сарыкөл жағасына мекендеді,
Жігіттің ардагері Арқадағы.

Ақынға шабыт берген, әсем Көкше,
Әсемдік, жан сұлулық — әсер етсе,
Қойныңа ал, жұбат, нәр бер Ақаныңа,
Құрметте құдіретті, ән, жыр төксе.

Елестеп кербез сұлу шолпы таққан,
Тыңдады ол қамыс сөзін сыбдыр қаққан.
Құстардың көл бетінде қаңқыл-саңқыл,
Өзінен әсем, нәзік үнді тапқан.

Құстардың мамыржайлы мүлгіп жатқан.
Айлы түн... аққу даусын қоңырлатқан,
Естіді әсем үнін жан тәнімен
Сызылтып сыбызғыдай сыңғырлатқан.

Бір уақыт орман-тауды қылды серік,
Жұлмады қыздай құшып гүлді жерік.
Қуанса жас балаша жаны толқып,
Жүректе жыр шумағы кетті желіп.

Шыдамай жата кетсе аттан түсіп,
Гүл шоғын аймалады еркін құшып.
Ән қосты аққу, қазға айдын көлде,
Жүргендей өзі құс боп бетінде ұшып.

Ән келді құлағына «Көк көбелек»,
Жазатын қапа дертін су себелеп...
Ол өмір білмегенді тамсандырды,
Шерлі ақын ауыр дерті кімге керек.

Малшынтса төңіректі қалың ойға,
Сыбырын табиғаттың жайды бойға.
Қайғыға ортақ болған туысындай,
Түнерді тыныштанып қыр мен ой да.

Табиғат маужырады, мүлгіп кетті,
Қара бұлт нөсерлетіп жаңбыр төкті.
Жарқырап содан кейін күн шыққанда
Жадырап Ақан сері ән, жыр төкті.

Селк етіп, бойын жазды Ақан сергіп,
Таратты қалың тұман ойды серпіп,
Жағасын Сарыкөлдің сайрандады,
Тізгіндеп көк дөненін соңына ертіп.

Қырандай желпінді ол қосқа кіріп,
Жайнады жарқын жүзі, нәзік күліп.
Домбыра — жан серігін жанына алып,
Ауылына Қоскөлдегі кетті жүріп.

Не қылсын, қаһар төккен заманына,
Сүйсінер ел-жұртының аманына.
Дос болса табиғатпен ол да өнер,
Күш қосар әр бір іспен амалына,

Үйренген әдет, шіркін, ˙шыдатпай да,
Халқына әлпештеген тіл қатпай ма,
Сұраса «Ақан-аға, өлең айт», — деп,
Мәнерлеп әнге басып шырқатпай ма?!

Келді Ақан туған елдің ортасына,
Құрылған алты қанат ордасына.
Жан-жақтан жиналған жұрт тына қалды,
Жүйріктің ер түтсі ғой арқасына.

Жүр, жүрлеп домбырасын безектетті,
Бір-бірлеп қос ішегін кезек шертті.
Сыпырды томағасын ән-бүркіттің,
Шабыт-құс шарықтайтын кезек жетті!

Қомданды «Көк жендеттей» ілетұғын,
Жүректі жарып шықты дір етіп үн.
Әншіні «уә пәлі!» деп бір көтерді,
Жамиғат ән қадірін білетұғын.

Әніне «Майда қоңыр» салды ырғалтып,
Бұлбұлдай бақшадағы мың бұралтып.
Ұйытты айналаны, әлдиледі,
Сипады жанға жайлы қоңырлатып.

«Көк жендет», «Үш тоты құс»,
«Алтыбасар»,
Жігіттің әні қайда бұдан асар.
Ойнақтап, екпіндеткен «Жалқылыбай»,
Жастықтың жанған оты көңіл ашар.

Жамал қыз, Мақпал сұлу естен кетпес,
Серінің бұл күнде енді қолы жетпес,
Шоқтанып жастық жалын жүрегінде,
Төгілтті көңіл назын шын тілектес.

«Уау, шіркін!» — деп қалың жұрт
дуылдайды,
Әсем үн қытықтайды, буынды алды.
Қара көз Қадишадай жас сұлудың
Талайы тапсырғандай шыбын жанды.

Ұмыт боп алдап өткен сұм жалған да,
Құбылды Ақан шырқы ән салғанда.
Жақсы ән бал шырындай шөл қандырды,
Жүзіне қан жүгіртті нұр солғанда.

Ағылды ән тасқан Есіл арнасындай,
Балқытты жан мен тәнді шер басылмай,
Көмекей домбырамен бүлкілдеді,
Бәйгенің дара келген жорғасындай.

Қазақтың кең сахара даласындай,
Созылды ән, асқақтады аласұрмай.
«Ән салсаң осылай сал, ей жігіттер,
Ақжігіт Қорамсаның баласындай!».

Ал енді «Құлагерге» жібер басып,
Айыздар әбден қансын, мауқын басып! —
Деп біреу топ ішінен айғай салды.
Шіркіннің отыр екен көңілі тасып.

Дәл бұрап сал домбыра құлақтарын,
Сөйледі Ақан түрлі сыр ақтарып,
«Бұл әнді, — деді — көптен айтпаушы
едім,
Мені енді зорламаңдар, шырақтарым!»...

«Құлагер, Құлагер», — деп дауыстары,
Бұл әннен көп көңілі ауыспады.
Қозғалмай сері отырды, бір күрсініп,
Өзгертті домбыраның қағыстарын.

Боздады домбырасы боз інгендей,
Жоқтығын ботасының сезінгендей.
Өксіді тұтқырланып жалғыз шекпен,
Жүректі елжіретті езілгендей.

«Жел болса қамыс басы майда деймін
Ат қостым, ат айдаушым, айда деймін», —
Дей беріп екі көзге жас іркілді.
Булығып айта алмады, алды демін.

Сүйеніп домбыраға түрегелді,
Таң қалды ел, құп-қу болған түрін көрді.
«Сабыр ет, Ақан-аға!» — деп шуласты.
Үн-түн жоқ Ақан шығып жүре берді.

Өлтірген Құлагерді қандай залым,
Қадірлі, жан досындай ердің малын?
Лағынет айтты ішінен көрген адам
Әншінің аянышты мына халын.

Өткен күн, уақыт еміші, қайғы басар,
Дүниеде адам бар ма мәңгі жасар?
Самай шаш, сақал, мұртың қырауланып,
Қатпар боп, нұр жүзіңді әжім басар.

Кәрілік Ақанға да келіп қалды,
Жүрекке мәңгі қайтпас уайым салды,
«Серілік — көңілімнің тоты құсы,
Оралмас енді қайтып, артта қалды»...

Сыбырлап бір тәтті үн бөліп ойды,
Серінің көңілінен кетпей қойды,
Қолға алып домбырасын кәрі тарлан,
Тарқатты көңіл шерін жазып бойды.

Шерлі үн аяңдады, асықпады,
Берілмей уайымға жас шықпады.
Жігіттік, жалындаған жастық дәурен,
Арман боп қол созатын қашықтады.

Баяғы қостан шықты бұл ән шалқып.
Күн батты, аспан кетті қызғылт тартып.
Ақаннан мың толқыған көз алмайды
Баласы сақау Ыбан іштей балқып.

Әрине, ол ұстамас домбыраны,
Жеткізбес кейінгіге бұл мұраны.
Жүрегі жанып, көздер мөлтілдейді,
Әттең жоқ, құлақ пенен тіл құралы.

«Әудемжер жүре алмаймын аяғымнан,
Ұстаймын екі қолдап таяғымнан.
Сайраған орта жүздің бұлбұлы едім,
Кәрілік келіп қалды қай жағымнан!» —

Деді де әнші даусы зарлап кетті,
Толқыды, жерге түспей, шарлап көкті.
Төмендеп қарлығаштай жер бауырлап,
Адамның арман, шерін барлап кетті.

«Ризамын жанып өткен жастық шаққа,
Қондырған көңіл құсын Иран-баққа.
Өмірдің гүлін теріп, сайран салып,
Қызықтап қараушы едім болашаққа»,

«Әудем жер жүре алмаймын белім ұйып,
Кім тілер кәрілікті өмірін қиып.
Тиынды біреу берген олжа қылып,
Көрмедім жас адамдай дүние жиып».

«Шіркін-ау», — деп қайырып бір тастады,
Шырқады, кібіртіктеп бір саспады.
«Ахау-хау, хал-лу, ләу-лу» қайталанды
Толқындай аймалаған жартастағы.

Басқа күй ақынды енді толғамады,
Жүректің жыр пернесін қозғамады.
Бітеліп әннің қайнар бұлақ көзі,
Кәрілік болашақты болжамады.

Осы әнмен тұнып қалса жыр бұлағы,
Жаңаша мекен тапты сыр жұмағы.
Осы әнге бейімделіп, келтіріліп,
Бұралып домбырамның тұр құлағы.

Ел жаттап мың құбылды сері сәні,
Әнімен бірге ұшты сері жаны.
Шаршаған Ақан сері көз жұмса да,
Аралап бар қазақты кетті әні.

Мен көрдім Ақан әні түлегенін,
Тапты ғой сол бір кеште жүрек елін,
Естідім Алматыдан шыққан әуен,
Жаңғырып Алатауда үдегенін.

Бастаушы қыз сөйледі сахнадан,
Табатын жұрт көңілін жарқын адам:
«Жүсіпбек Елебеков ән шырқайды,
«Әудем жер» — ән иесі Ақан бабам».

Жүсекең шыға келді сұңғақ бойлы,
Жас Ақан бастағандай қымбат тойды.
Сәл түзеп қағып-қағып жібергенде,
Күңіреніп домбырасы үн қатты ойлы.

Бірден-ақ, ә, дегеннен кеттім еріп,
Бар дүние ұмыт болды, кетті ерік.
Мінекей бақытты ұрпақ ортасында
Ақан да Құлагермен өтті желіп.

Ой толқып, сезім шалқып тебірендім,
Бір мұздап, бір жалындап емірендім.
Жалғасып бәрі жатыр болашақпен,
Ғажайып аңыз, дастан өмірі ердің.

## 2. АҚАН СЕРІ ЗИРАТЫНДА

Болмаса ел өшкеннен нәр алар ма едік,
Сарқылмас сырына Ақан қанар ма едік.
Жалмаған зұлымдықтың өрті өрбіп,
Таба алмай сүйегін де қалар ма едік?

Көрінген көзге жұпын темір шарбақ,
Ұрпағың алғаш қойған өзіңе арнап,
Сонансоң аруақ сыйлап там салам деп,
Түскен ел сергелдеңге шебер жалдап.

Басында қабіріңнің жылап тұрдым,
Алланың рахымын сұрап тұрдым,
Ұрпақ боп көшіңе мен қосылам деп,
Үніне аруағыңның құлақ түрдім.

Бас идім рухыңа, ән иесі,
Серілік, сайран құрған, сән иесі,
Елімнің азаматы болып өткен
Достық пен махаббаттың жан иесі.

Сыр сандық жан дүнием Сырымбеттей,
Надаңға қор да болдың сырың жетпей,
Басыңа тағзым етіп, тебірендім,
Ызыңдап құлақтан үн-жырың кетпей.

Жұмыр жер түсінсем де шар екен деп,
Қысылдым сезіміме тар екен деп,
Қызғаныш мерт қылған Құлагерді,
Әлі де қазағымда бар екен деп.

Шүкірлік, тәуба қылам қадамыма,
Тыныштық, ел-жұртымның аманына.
Белгілер, ескерткіштер бабаларға арнап,
Той жасап жатқан қазақ талабына.

Әніңді жаным сүйіп, жолдасым деп,
Нәр алып асау жүрек толғасын деп,
Күбірлеп, іштей тербеп жыр толқынын,
Тіледім рухың жебеп қолдасын деп.

## 3. ҚҰЛАГЕРГЕ ЕСКЕРТКІШ

Осы ма, Ерейментау, құбылған бел,
Осы ма жан сырымды ұғынған ел,
Қанаты сері Ақанның қайырылып,
Мерт болып, Құлагерім жығылған жер?

Ақанның ұрпағы боп сарнайын ба,
Ән — құран дүлдүліме арнайын ба,
Лағынет айтып қара зұлымдыққа,
Ілиястың поэмасын жалғайын ба?!

Тұлпары сері атамның өрге салар,
Орының тарихымда төрде қалар.
Өзгерген түрі бүгін жылмаң қағып,
Қазақты көреалмастық көрге апарар.

Ұрпағы сері Ақанның зарланады,
Әніммен қашан, шіркін, зар қалады,
Менмендік, көреалмастық, зұлымдықтың
Қазақта қалғанына арланады.

Құлагер, жүргендейсің арамда, сен,
Дүбірлеп тұрғандайсың даламда, сен.
Бұл күнде теңеу болып өнерліге,
Айналдың, жануарым, адамға, сен.

Қайта алмай сері Ақанмен елге бірге,
Сүйегің қалып еді құба белде,
Ұрпағың іздеп келіп Көкшетаудан
Бас иер тағзым етіп осы жерге.

## 4. АҚАН ТОЙЫ

Ақжігіт, сері Ақаным, асыл бабам,
Тойыңды тойлап елде дабыл қағам.
Туғаннан тұла бойды билеп алған
Әніңді қазақ бар ма сағынбаған?!

Әуенің әлдилейді бізді тербеп,
Танытты әлеміме әнші ел деп,
Туғызған өзіңдей сезімтал, сырлы ерді,
Көкшені мақтан тұтам туған жер деп.

Уа, Көкше, өнерліні шыңдайтұғын,
Өнердің бұлағы аққан тынбайтұғын,
Бұл күнде әнқұмарлық жәйің қалай,
Қоя сап шайды, әнді тыңдайтұғын?

Әніңнің бой ұрамын сиқырына,
Қозғайтын жүрек қылын күй-сырына.
Ұрпағың басы қатып, қиналып жүр
Заманның даңғаза мен шиқылына.

Нәр алып Ақан аға сабағынан,
Нұр шашқан арулардың қабағынан,
Әуелеп, құйқылжытқан аққу үнін
Іздеймін домбырамның шанағынан.

Мәз болып кейбіреулер айғайына,
Кетті ме бас сауғалап өз жайына.
Өнер де жетімсіреп теңселеді,
Салғандай «Құлагердің» бай-байына.

Біреулер бірін бірі сері деді,
Бірақта арамдықтан жерімеді.
Түсінсем жан сырыңды, Ақан аға,
Серілік пәк көңілден өріледі.

Көкше ғой ғашық болып, сүйген елім,
Көкше, — деп сал-серілік күйге енемін.
Суалып саумал көлдер сорға айналса,
Ұрпағы боп сал-серілер күйзелемін.

Ұрпақ боп аруағыңа қол ұсынам,
Сізге ұқсап тазалыққа жол ұсынам.
Қоскөлді лас қылдық кешір, аға,
Аудардық ауылыңды қонысынан.

Кінәлі кім ауылдың көшкеніне,
Тағдырдың тәлкегін ел кешкеніне
Зар қылып бүгінгілер ән төгеді
Аққу, қаз қонбай кеткен Қоскөліңе.

Ақжігіт, жүрегің ақ ел дегенде.
Әнің нәр жансая іздеп шөлдегенге.
Ертеңі тәуелсіз ел көркейер ме
Үлгіңді азаматтық көрмегенде.

Үлгісі Ақан елдің тірлігінде,
Жарқырар тәуелсіздік нұрлы күнде.
Ерлігі азаматтық оның жатыр
Әнімен жанының асқақ бірлігінде.

Күн кешті ел азаматты жоқтайтындай,
Күн туды ерлерімді топтайтындай.
Қазақтың шын ерлері боламыз ба,
Бір ауыз сөзді сыйлап тоқтайтындай?!

Ақжігіт, сері Ақаным, пірім бе едің,
Таусылмас кәусар бұлақ сырым ба едің,
Жырынан Жанботалар жайсызданып,
Батыраш-Қотыраштар дірілдеген?!

Ұрпақ боп сезінем өрге өрлегендей,
Өнердің төріне де төрлегендей,
Дұшпан да аяқ астынан табылып жүр,
Жеткен де жетістікті көрмегендей.

Өнерді түсінбестік ортайтып тұр,
Жүгенсіз билік ерді шалқайтып тұр,
Көрмеген қазақшылық тәрбиені
Жас ұрпақ ел ағасын қартайтып тұр.

Осылай, Ақан аға, менің жайым,
Ел үшін ер басынан кетпес уайым.
Күтеміз сабырлықпен жақсылықты,
Керуені тәуелсіздік көшкен сайын.

Қайырлы болсын, елім, Ақан тойы.
Гүлденсін кербез Көкше дарқан бойы.
Күн болып әлеміме жарқырасын
Бабамның сазды, жарқын арман-ойы.

Бұл тойға жеттік, аға, мұңымызбен,
Нұр күтіп тәелсіздік күнімізден.
Өмірін қазағымның өрнектейміз,
Дем берер болашаққа үніңізбен.

Үзілмес нәзіктігім әнім барда,
Серілік мұра болған сәнім барда,
Қазақтың үні көкте шалқып тұрар
Ақжігіт мәңгі тірі жаным барда.

Әніне сұлу Көкше басып жүрмін,
Ұрпаққа жемісімді шашып жүрмін.
Ақандай таза ұстап жүрегімді,
Топастық, надандықтан қашып жүрмін.

Туғанда бізге өмір жарық таңды,
Әлемге қазақ үні шарықтайды.
Бал-ләззат тарап бойға ұрпақтары
Тыңдауға Ақан сырын жалықпайды.



## ЖЕЗҚАЗҒАН ЖЫРЛАРЫ

Аңсаушы едім көруге,
Арнап сәлем беруге,
Ағалармен сырласып
Асыл сөзді теруге.
Атағы бар жер жарған,
Жерім менің Жезқазған.
Қасиеттеп, қастерлеп,
Ақындары жыр жазған.
Күмбез көпер жарасқан,
Аспанменен таласқан.
Даладағы маяк бұл,
Жолын табар адасқан.

* * *

Кербез Көкше тауым жоқ,
Айдын шалқар көлдерім.
Ұнатам бірақ, көңіл тоқ,
Шоқтығы биік белдерін.
Жусан, шайыр аңқыған,
Өзен бойы көгал, тал.
Дүбірі күй шалқыған
Табын-табын өрген мал.
Шырақ шапқан тұлпарға,
Жеткізбеген кең дала,
Гагариндей сұңқарға,
Қанат берген ел-ана.

## ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ЖЕЛДІРМЕ

Бас иемін халқыма,
Жаңа жылдық салтына.
Тасқындаса шабытым,
Сөйлеймін қалай тартыла.
Құттықтау айтам еріме,
Оңтүстік кен жеріме,
Озат болған әйгілі
Қазақстан еліме.
Кенші инженер жігіт көп,
Шалқытар мені үгіттеп.
Жоспарларды жосылтса
Паш етемін жігіт деп.
Қайролла бастық, Қанафин,
Жалынды кезі жанатын,
Шахтаны алып игеріп,
Кең жайды құлаш-қанатын.
Еңбек Ері Қазымхан,
Аты алтынмен жазылған,
Кеселі еңбек көп жылғы —
Шыңырауды шахта қазылған.
Еңбек Ері Дембереген,
СБУ-ға дем берген,
Асылын таңдап аттырып,
Маржандай тізіп кен берген.
Еңбек Ері Әубәкір,
Алғашқы біздің дәу батыр,
Кен қазып өткен жерінде
Террикон болып тау жатыр.
Асудан асқан ерлерім,
Маржан ғой аққан терлерің,
Жарқырай берсін еліңе
Оңтүстік кен жерлерің.
Үдетіңдер шабысты,
Тасқындатып ағысты,
Құтты болсын жаңа жыл —
Жаңа бақыт табысты!

## ӘЛАТАУ

Тағы келдім, уа, Алматым-астанам,
Алатауды жастық қылып жастанам.
Гүліңді іскеп, орманыңды аралап,
Таудан аққан кәусар суға мас болам.
Алатауым — таусылмайтын жыр-дастан,
Бастарыңды бұлт аймалап, қар басқан.
Асқарыңа тәжім етіп, шаттанам,
Биіктер тұр қатарласқан, сырласқан.
Жаным жазық — Сарыарқаның даласы,
Жүрген ортам кеншi қауым арасы.
Шыңдарыңа шырқатады көңілді
Ақындардан шыққан сөздің сарасы.


Адамдың өрнек-сый алдым
(Жәкімбек ағаға)

## АДАМДЫҚ ӨРНЕК-СЫЙ АЛДЫМ

**(Кәкімбек ағаға)**

Аяқ жүріп,
Аман болып бас, кеуде,
Қуанышты жырға толып жас кеуде,
Ағасына елдің
Елден келдім деп,
Жақсы екен ғой сәлем беру Мәскеуде.
Ретті боп қызметте бағынған,
Табылар да көп ішінде жағынған.
Інімін деп өзімді сізге санаймын,
Бейнеңізді әрқашанда сағынған.
Сізді көрсем қыз көргендей ұялдым,
Қанатына мінгендей боп
Асқақ арман қиялдың,
Сізден естіп ағалық сөз
Мінезімнен оғаш қылық тыя алдым,
Өмірде өшпес,
Қасиетті,
Адамдық өрнек-сый алдым.
Сөйлессем де аз уақыт сізбенен,
Әдептілік тұрмыстағы ізбенен.
Мұхитында түсініктің қалмайды
Сыр аралы көңіліммен жүзбеген.

## ЖЕЗҚАЗҒАНҒА САЙ, КЕНІМ

**(Сейсенбек Баегизовке)**

Көгілдір көгі жайқалған,
Көлдері шалқар шайқалған,
Сарыарқаға туыстық
Көкшеден ерте байқалған.
Еңбекпен пісіп, терлепін,
— Салым, — деп, — елім төрлеттің,
Жезқазғандық ағайын,
Көз алдыңда ер жеттім.
Бақытты болсын, Айкенім,
Жезқазғанға сай, кенім.
Толқимын — қызым тапты, — деп, —
Әсемдікке сай теңін,
Басқан жүрек пернесін,
Ашқан жырдың пердесін,
Сәлем айтқан, Сейсеке,
Иран інің, жерлесің!


Аққу құсқа айналдың ба
(Мендігүл қызыма)

## АҚҚУ ҚҰСҚА АЙНАЛДЫҢ БА?!

**(Меңдүгіл қызыма)**

Жезқазған, амансың ба, менің елім,
Еңбекпен біте қайнап өскен жерім,
Ұлытау, Жезді, Кеңгір, Сарысуым,
Сарыарқа, сайран құрған, асқар белім?!
Аман ба үйілген кен-жоталарым,
Аман ба ақсақалды аталарым?
Қай жерде жүрсем дағы еске сақтап
Жүремін аталардың ақ баталарын.
Тағы да келіп қалдым тойларыңа,
Ортақ боп қуанышты жайларыңа,
Ортасы Кеңгір-Көкше қара жол боп,
Түсейін жиі-жиі ойларыңа.
Қызымсың сен де менің, Меңдігүлім,
Таптың ба өліңе сай теңді бүгін?!
Аялап, алақанға салып өскен,
Ашылсын мәпелеген енді, гүлім!
Тап бүгін аққу құсқа айналдың ба,
Ұшуға құтты ұядан сайландың ба?!
Бірге өске нкішкентайдан Ерланыммен,
Ақ ботам, ақ жолыңнан айналдым да!

## ӨЗГЕРМЕДІ ДОСТАСҚАН КӨҢІЛ

(Қалдыбек Өмірзақовқа)

Мен келген қырдан,
Сен келген Сырдан,
Студенттер едік
Білімді қуған
Оқу да бітті,
Инженер боп шықтық.
Шақырды Сарыарқа
Қонысына құтты.
Терді де төктік,
Талай сыннан өттік.
Ұрпаққа үлгі,
Өнеге септік.
Көп еді достар,
Көңілді қоштар,
Ойнап та күлген,
Сайрандаған қостар.
Азайды достар,
Сиреді қостар,
Аға деп сыйлар
Көбейді жастар.
Жылжыды өмір,
Өзгерді өңір,
Өзгермеді бірақ
Достасқан көңіл
Жарқылдап жарың,
Азаматтық арың,
Төгесің көлдей
Достықтың нәрін.

## КЕНШІ ЖОЛЫ
## (ӨМІР-ДАСТАН)

**«Кен ордасы Жезқазған,**
**Ақындар арнап жыр жазған**
**Перзентіңмін мен де бір**
**Арманыма қол созған».**

### 1., КІРІСПЕ

Қырықтың қарап тұрмын қырқасында,
Тер тамған Жезқазғанның жартасында,
Көңілді шартарапқа шалқытатын
Жез таңдай, жез қанатты жыр қасымда.
Қырандай шолатұғын келді жасым,
Сыйлайтын азаматтық ердің басын,
Зерттейтін геологтай кенді іздеп,
Бағалар адамзаттың қазынасын.
Ғаламат Жезқазғанның кең даласы,
Айта бер — қай қазына, кенді аласың!
Мінекей, дiңгектерi көктi тіреп,
Көсілді Кеңгір бойы кен қаласы.
Кеңістік космостай даласында,
Сарысу, Кеңгір, Жезді саласында,
Сыр шертер көне ғасыр тарихы бар
Әр тастың қатпар-қатпар арасында.
Құл мен хан көне ғасыр кейіпкері,
Тарихшы әңгіме етер жиып-теріп,
Жалғыз-ақ бізге қалған көне белгі
Алаша, Жошы ханның бейіттері.
Сенбеді хан жұлдызы сөнеріне,
Патшаға уақыт атты көнеріне,
Құл емес бейіт салған ел ұлы деп,
Сыйынам ата-баба өнеріне.
Бәрі өтті...
Өтті шалқып керден кеткен,
Көз жасы көлдей болып, шерден кеткен,
Шұбар төс, мұзды балақ, шонжар, мырза,

Найманда Бағаналы Ерден де өткен.
Белгісі көп болады қонған ауылдың,
Көз салсаң саласына жон-бауырдың.
Міне, тұр жерден өсіп шыққандай дүр,
Бейіті жалшы, батыр Домбауылдың.
Сарыарқа кербезденіп керіледі,
Жан-тәнің қызығына жол беріледі,
Бағытын білмегенді адастырар
Жолдары тарам-тарам өріледі.

## 2. ҰЛЫТАУ

Ұлытау, көз тартасың мұнарланып,
Көркіңе қарай берем құмарланып.
Шабыттың шалқарына от тастайды
Биіктер қонақтайтын қыран барып.
Жол бойы бұйра толқын қыраттарың.
Шаршасаң қуат берер бұлақтарың.
Тарихтың талай жүгін арқаладың,
Өзіңнен біліп келем, сұрап бәрін.
Ерік жоқ ой толғамай қалмасыма,
Шыққанда Ұлытаудың дәл басына.
Қызығып көз алмаймын «Қыземшектен»
Сол қыздың бал бұлақтар көз жасы ма?...
Тас бұзған бұлақ шөлді қандырады,
Жүректің отын үрлеп жандырады.
Сұлулық, тұнып тұрған жұмбақ сезім,
Талпынып көкейінде ән тұрады.

## 3. ТАЙЖАН АҚЫН

Бір жол бар Ұлытауға шығаратын.
Көрмеген,
Сөзден ұлы ұғар атын,
Ұлытау, Кішітаудың жайлауынан
Тайжандай дүл-дүл әнші, шығар ақын.
Тайжан ер, келдің ғасыр кемеріне,
Толқимын сөз таба алмай теңеріме,
Рухыңа тағзым етіп, шаттанамын,
Сандалтқан Сарыарқаны өнеріңе.
Атадан егіз туған Арғын-Найман.
Баласы Қалмағамбет атым Тайжан, —
Деп бастап ынтымақты ел ішінде,
Шын достық, бауырмалдық қанат жайған.
Өнердің өрге салар Құлагері,
Батаны нағашыңнан сұрап едің,
Көкшеден үлгі-өнеге алып келіп,
Атандың Үкілі Ыбырай мұрагері.
Беріліп шабытыңның ерігіне,
Дем бердің жаңа тұрмыс көрігіне,
Ұлытаудан Алатауға сәлем жолдап,
Айналдың Жамбыл ата серігіне.
Қолға алып қара сырнай қақсағанда,
Билетті «Сақ-Сақ» әнің бақсы адамдай,
Мәңгіге әсемдіктей кете бардың,
Қияқ мұрт, қиылған қас, ақша маңдай.
Болмаған ән-жырдан басқа еш бір дауы,
Ұлытаудың бұлбұл қонған бақша бауы,
Болғасын әкең молла, нағашың Ыбырай
Нахақтан атандың-ау «халық жауы»,

## 4. ҚАНЫШ ЖОЛЫ

Кеншіге Жезқазғанның таныс жолы,
Космостың Байқоңырдан алыс жолы,
Пір тұтып ардақтайтын үлкен-кіші.
Жарқырап жатыр даңғыл Қаныш жолы.
Инженер, геологы, кеншісі де,
Бәрі ұқсар ертеңгінің елшісіне,
Сатпаев Жезқазғанды үлкен қылып,
Бергесін ұрпақтардың еншісіне.
Ізіне үңілеміз Қанекеңнің
Түсініп ғылым-еңбек сәні екенін,
Әр тасы Жезқазғанның айтып берер
Ол ғұлама, жұмбақ сезім жан екенін
«Қанышжан, Қаныш аға», — деп айтады,
Аңыз ғып Жезқазғанның елі айтады,
Кеудеде батыр белгісі жалтылдаған,
Ақсақал Штифанов ері айтады.
— Вася жан, әркім елін сағынатын,
Туған жер — маржан ғой күнге
шағылатын,
Бірақ, сен кетпе, — дейтін осы жерден,
Бақытың шам-шырақтай жағылатын.
Шыққанда талай-талай қыраттарға,
Құмарттым халқым қойған жыр аттарға.
Найзатас, Керегетас, Қыземшектау —
Ғажап қой тілі тастың сыр ақтарған.
Жазылып жердің не бір шемендері,
Қойнындағы бар байлығын берем деді.
Болашақ туған елдің бақыты үшін
Тасқа да тіл бітірді кемеңгері.
Сөйлейді Жезқазғанның асыл тасы,
Көкала, түрлі түсті жасыл тасы.
Атылған зұлымдарға оғындай зеңбіректің
Жойқын күш — Жезқазғанның жасын
тасы,
Сол бір кез...
Никопольды фашист шауып,
Жасауға қару-жарақ туды қауып.
Қаныштай ер пайдасы тиді еліне,
Бергенде марганец кенін тауып.

Бұл күнде жылдап салып алыптарды,
Асықпай мәнерледік қалыптарды.
Ол кезде бір рудникті бір ай салып,
Майданға Жезді жеңіс алып барды.
Жеңіс деп,
Жеңіс үшін
Жар сап майдан,
Дабылы ел ішінде қанат жайған.
Алғашқы бесжылдықтың мысын қорытқан
Жез селі тасқындады Қарсақпайдан.
Жаңғыртып Қарсақпайым дала таңын,
Ұшырды ұлт жұмысшы-металлург
балапанын,
Шыныққан от жалынға ұрпақтардың
Аға боп аялаймын алақанын.

## 5. АЛЫП ШАХТА

Көрсең сен алып шахта мұнарасын,
Шыққандай сатысына көктің нәр аласың,
Таңғанмен есеңгіреп есіңнен де,
Қорқуға кеншілерден ұяласың.
Киіп ап сауыт-сайман батыр болып,
Қырандай сезінесің тұғырға қонып,
Құлауға шыңырауға дайындалып,
Қарайсың маңайыңды көзбен шолып.
Скиптер мен клеттер зуылдайды,
Жүйткігенде құлағың шуылдайды,
Самолетке отырғандай жайсызданып,
Жүрегің алып-ұшып суылдайды.
Турист боп көрсең де талай сан елдерді,
Талай құз, тескен тауды, тоннельдерді,
Жетпейді қызығына жер астының,
Автобуспен аралаған панельдерді
Толтырып техникаға лава ішін,
Жұмысын сан алуан сынау үшін,
Забойшым темір тұлпар құлағын ұстап,
Басады фортепианодай клавишін.
Әлемге әйгілі кен қазынаны,
Жезқазғанды жыр етсем жазыламын.
Ойнаса құрыш білегі кенші ерімнің,
Бөленем әуеніне еңбек, сазына мың.
Сатырлап жер астында «шпурларым»,
Бұраймын техника штурвалын.
Кемесін жез теңіздің желіктірген,
Жарайсың, кенші инженер-штурманым,

## 6. ДИРЕКТОР

Ғанибет — ұстаз гүлі солмағанда,
Ой тербеп, болашақты толғағанда.
Қаныштың қасиетті ісін кім жалғайды,
Шәкірттері Қайролладай болмағанда.
Сом дене, құя салған қалыбына,
Керек ол балғасындай халығына,
Еңбекте майдандағы Бауыржандай
Сүйсініп таң қалатын қылығына.
Коперды қолбасшының қосы дерсің.
Жалқауға жақындамай шошы дерсің,
Білмейсің қашан ұйықтап тұратынын,
Иесі «құс ұйқысының» осы дерсің.
Таң атпай инженерлер жиылады,
Бір сөзбен құрғақ қалжың тиылады.
Жігер мен тасты шабар жасын қайрат
Сөзінен директордың құйылады.
Мұндайда салынса егер сары уайым,
Жоспарың болмағанда бәрі уайым.
Қайрекең ұстап алып түйінінен,
Бұрайды кілтін үлкен шаруаның.
Табиғат бермейді оңай маржандарын,
Сынайды кеншілердің ар-жандарын,
Сондықтан жиіркенішті кеншілерге
Қылжақбас қулар көрер арзан бәрін.
Басқару кеншілерді тастар сынға,
Қиындығы өрмелейтіндей асқар шыңға,
Сол шыңның дәл басында Қаныш тұрып,
Жіберген Қайроллалар жастар тынға.
Топтанып кенші қауым үйірілген,
Шыңырауға шахта деген шүйірілген,
Қайрекең топ басында тарамыстай
Еңбектің ұршығында иірілген.
Соғыстың шарпып жалын, түтіндері,
Бала боп жасын баптап күтінбеді,
Табаны тасты тіліп ел қамы үшін,
Жамауын жүрегінің бүтіндеді.
Төзді ол қиындықтың қаншасына,
Мөлт еткен анасының көз жасына,
Жетімді өңкей алға салып алып,
Сілтеген бір содырдың қамшысына.

Айтты ол сол содырды көргендігін,
Бір жылы соңына да ергендігін,
Жүйткітіп машинамен алып шығып,
Далада жаяу тастап келгендігін.
— Бірақ мен ашуланып ұрыспадым,
Бекініп өз ісімді дұрыстадым.
Ағажан, есіңізге түсір, — дедім, —
— Кешегі жетімдердің тұрыстарын. —
Өмірде көрген қызық тақымынан,
Шал қалды енді адасып ақылынан,
Кешегі жетімінен «сыйды» алды осылай.
Бола ма қайырым енді жақынынан?
— Еңбекке көңіл толмай түстенбеймін,
Ретсіз қатуланып, күшке енбеймін.
Алдыма біреу келсе оймен толқып,
Дәл оның халына өзім түскендеймін —
Қайрекең осылай сөзін түйіндейді,
Өмірдің өткеніне күйінбейді,
Жұмыстың жемісіне жеткенімен,
Жұрт баға бермей тұрып сүйінбейді.
Отанның құрметтеген алқасы бар,
Сыйлайтын кенші қауым ортасы бар,
Әкенің салдық, сері мінезіндей,
Жұмыста Қайрекеңнің арқасы бар.

## 7. ТҰРМАН

Таныстырам — көр, міне,
Тұрман деген жолдасты.
Таңырқарсың көркіне —
Тас бұзатын қолбасшы!
Жүзі жарқын, жайдары,
Үні кетпес құлақтан.
Күшке мінсе айбары
Талқандап тас құлатқан.
Тартқан сымдай бойы бар,
Кең жауырын, алшаң төс.
Шахтадай терең ойы бар,
Санаңа құй алсаң сөз
Еркелігін тыя алмай
Ерлігін де көбейтті.
Тар лаваға сыя алмай
Шахтасын да кеңейтті.
Сарыарқаның желі де
Жер астында еседі.
Ал, Тұрманды елі де
Нағыз батыр деседі.

* * *

Ісіне шек жоқ құдайдың,
Жазғанына тағдыр шыдаймын,
Айрылып қалып досымнан,
Алыста жатып жылаймын.
— Сендей дос жоқ жалғанда,—
Деп құшушы ең барғанда,
Ағытылмай ақтық сыр,
Кеттің бе екен армандa?!
Еске алам батыр тұлғаңды,
Сауық-сайран құрғанды.
Ұмытпаңдар, достарым,
Еңбектің ері Тұрманды!
Сағынам жарқын түріңді,
Шұғылалы сырыңды,
Ер көңілді, ер мінез
Сарыарқа, сенің ұлыңды.

Ойнап та күлдік тоқтықта,
Қол сермеп дүние-боқтыққа,
Опырайып орның білінді,
Асылым, сен жоқтықта.
Ұмытпадым өскен елді де,
Сайран да салған белді де,
Риза бол Тұрман аруағы,
Досына Иран келді де.

Көңіліңді, кенші, сұраймын,
Ісіне шек жоқ құдайдың,
Айрылып мен де досымнан
Алыста жатып жылаймын
Бір жерден аяп орынды,
Айырды тағдыр жолымды,
Қысылғанда, жан досым,
Бере алмадым қолымды.
Елімнің ер Тұрманы ең,
Әнге де қосып жырлап ем.
Не айтам еліңе барғанда,
Сенсіз сайран құрмап ем?!
Досым ең, көңіл тірегім,
Келмеуші ед сенсіз реңім,
Сағыныш өртеп жүректі,
Бейнеңді аңсап жүдедім.
Қандай еді айбының,
Жан дүниеңнің байлығы.
Қадірді білмей тірлікте
Астында қалдым қайғының.

## 8. МЕТАЛЛУРГ-КЕНШІЛЕРІМ

Бауырлар, мыс қорытушы, кеншілерім!
Өнерге еркін кірген елшің едім,
Кен қазған от пен жарқыл найзағайдай
Өн-жырды өздеріңнен еншіледім.
Сондықтан шабыттанам, дабыл қағам,
Жүректің жарқыратып шамын жағам.
Жыр бұлақ шыныраудан шымырласа,
Ән-нөсер төгіліп көктен ағындаған.
Үйренген кеншіліктен табандылық
Өнерде де бастырды табанды нық.
Бас ием, қасиетті кеншілерім,
Қол созған қиындықта бағамды ұғып.
Кездесіп тұр ғой өткел, қиын кезең,
Түсініп жайларыңды іштен сезем.
Кеншіге әнші болып жігер қосам,
Үзілмес бастауы бар өмір-өзен.
Сағынып кездескен соң құшақ жайып,
Кел, кеншім, отырайық, сырласайық.
Кеншілік есіл еңбек, алғыр оймен
Болашақ бақытына ел нұр қосайық.
Қиындық жанымызды қинап өтер,
Жемісі елеулі еңбек кетпес бекер.
Қолға алған тәуелсіздік кепіл болып,
Ұрпағым бақытына ертең жетер.
Шат қылған көк байрағың аспанымды,
Туған ел, құптаймын сәтті бастауыңды.
Астанам, бақытына ел құтты орда бол,
Көрмесем де пердеңді ашқаныңды.
Туған ел, туған жерге көңіл толып,
Жүрейін жақсылыққа бәрін жорып.
Жүрегім ел деп соққан жаңылмасын
Елеусіз ұлдарыңның бірі болып.
Байлығы жеріміздің — кені, әні
Ерлікпен асқақтайды елдік мәні.
Болашақ бақытты күндер туары анық,
Салтанат құрар кенші, әнші сәні
Әзірше ұраным көп шуылдаған,
«Шоу» болып, «ритм» болып дуылдаған,
Ұрпағым үнінен қазақ жаңыла ма деп
Жүрегім мың пәршә боп суылдаған.

«Мың өліп, мың тірілдік», қаштық,
тоздық,
Одақ боп Америкадан сөзбен де оздық,
Тізгіні ел өзімізге тиген кезде
Бүлдірмейік тіршілікті құрғақ сөз ғып.
Көкшетау, Жезқазғаным қазыналы,
Қазағым табына берер сазыңа әлі,
Кенді орда, әнді орда боп қайта түлеп,
Тарихына бүгінгі елдің жазылады.
Уа, кеншім, қиындықтан қайыспайтын,
Металлургім, отпен ойнап, жай ұстайтын,
Тар жерде танып ерді, қолтықтайтын,
Көңілді ауыр сөзбен шайыспайтын.
Білімің инеженерлік болған зерек,
Өнімің ғарыш тануға елге керек.
Еңбегің ерен, жойқын ісің — үлгі,
Өмірді қызықтауың да сенің бөлек.
Кенші боп тау мен тасты мен де ойдым,
Әнші боп гүлі болдым думан-тойдың,
Үлгі қып ұрпағыма, шығарып төрге
Каскамды домбырамен бірге қойдым.

## ЖАС ҚАЗАҚ

(поэма)

### 1. РАМАЗАН ЕЛЕБАЕВҚА ЕСКЕРКІШ

Асқақ жырлап, шаттанып ән тұрағың,
Әнді сүйген өмірде жан тұрағың.
Құрбан болған ел үшін азаматтың
Арман қылам қоятын сан сұрағын.
Сан сұрақтар туғызар сан тілекті,
Ел ұшырар ұядан сан түлекті.
Өтерінде біздерге ағаларым.
Аппақ болып ататын таң тілепті.
Елге қалды аңыз боп ағам аты,
Сағынышты, жалынды салған жаты.
Қарашығы көзінің ел сақтайтын,
«Жас қазағы» — мәңгілік қалған заты.
Осы бір ән таң алды самалындай,
Ерлік жырдың соғылған қамалындай,
Биігіне шарықтап шығып алып,
Болашаққа самғайтын заманымдай.
Сағыныш бар бұл әнде туған жерден,
Ұлдарына қаһарлы қайрат берген.
Арнап барып әдейі қан майданға
Жүсекеңдер елге әнін алып келген.
Рамазан — ер есімі ән шығарған,
Атасы Біржан салдан енші алған.
Жүсіпбек әнді үйреніп өз аузынан
Қуанды табылғандай әншіге арман.
Домбырасын қоңыр ғып бұрап алып,
«Осылай ма басы?» деп сұрап алып.
Шырқағанда аңырап, күңіреніп,
Тына қалды қалың қол тұра қалып.
Қара гармон ол енді қолына алды,
Құлаштады Біржандай «қонып алды»,
Қара мұртын ширатып қарсы қарап,
Қыранындай қазақтың қонып алды.
Бұл не ғажап...
Ашылды тас құлағы,
Екі көзден домалап жас құлады.
Қыса ұстаған қаруын жауынгердің
«Кімге арнаған, бұл әнді?» — бас сұрағы,

Осы кезде командир Мәлік тұрды,
Қалың әскер батырға мойын бұрды.
Рақандай жерлестің жайын айтып,
Солдаттармен әңгіме дүкен құрды.

## КОМАНДИРДІҢ ӘҢГІМЕСІ

«Қазақтың жері бар
Көкше деп жаттаған,
Сәкендей сері бар
Әсерлеп мақтаған,
Ақан мен Біржаны,
Ыбырай гәккулі,
Жұлдыздар тұр жанып,
Көлдері аққулы.
Рамазан сол елден,
Азамат ән қуған.
Өнері мол ерден
Асқақ үн ән туған.
Сұлуды ақтамақ,
Артына қалдырды.
Ер арын сақтамақ
Жүректі ой жандырды.
«Ерліктен туа ма
Әдемі ән — отты алып», —
Өткенде сұрады —
Төлеген Тоқтаров.
Рақаңа серт болды
Әдемі де тосын ән,
Мың ерлік өрт болды
Төлеген досынан.
Атылып жауына
Арыс ұл мерт болды...
Бұл ән бейіт басында
Айтылған серт болды.
Аш, қорқау қасқырға
Қансырар кез келді.
Жыланды басқа ұрған
Көрерміз мезгілді, —
Дегенде, Мәлігім,
Батырдың тұңғышы,
Жас демей, кәрі кім,
Әуенді ән тұр қысып.
Ашаңдау әншінің
Ақ жүзі өзгерді.
Жас қазақ үшін сол
Кек алар кез келді.

## ЕРЛІК

«Қар жамылған кең дала қанға бөгіп,
Күрілдейді көк аспан өлім төгіп»
Қопарғанда снаряд жер қыртысын
Қабырғанды алғандай дыр-дыр сөгіп.

Сан мылтықтар сартылдап ,зырылдады,
Қансыраған қорқаулар ырылдады,
Траншейге жеткенде қас батырлар,
Есі шыққан немістер, қырылдады.

Ақ жазықта нүкте боп дараланып,
Қалып жатыр жауынгер жараланып
Қол шанасын сүйретті Рамазан,
Жан ұшырып, жүгіріп, жара таңып.

Жер бауырлап, еңбектеп бұға берді,
Жауған оқтар өйтпесе жығар ерді.
Жаралыға қол ұшын жеткізгенде,
Екі фашист бүйірден шыға келді.

Екі зұлым қарайды — мынау қандай,
Жүзі қоңыр, қара көз, ақша маңдай,
Африкада бір басқа, Россияда
Кім ойлаған көрем деп жанды мұндай.

Өңменіңнен өтеді қарағаны,
Алысқанда асып та барады әлі.
«Хенде хох!» — деп айтуға шама келіп,
Жау қайраты осыған жарағаны.

Қара көздер қадалды зұлымдарға:
«Менде әкеңнің, өзіңнің құның бар ма?
Баса көктеп кіретін босағама,
Табаныңа басатын құлың бар ма?!

Мен даламның ұлымын асқақтаған,
Жолдас, доссыз ешқашан ас батпаған.
Бейбітшілік бұзатын жалмауызға
Қанды қылыш, мір оғын, тас баптаған.

Омыртқаңды үземін күрескенде
Шөл үйреткен, шыдаймын тіресксенде,
Жон теріңді түсірем қойдай сойып,
Менен шапшаң болмайды іресксенде.

Осы ойлармен екі сұм байланғандай,
О дүниеге кетуге сайланғандай.
Рақаның оғынан ұшып түсті,
Жазықты жан жай тауып, жайланғандай.

Жолдасына жауынгер енді жетті,
Қармен жуып, сипады қанды бетті,
Талай аспап меңгерген саусақтары
Жара орауға шипалы, қандай епті.

Көзін ашқан жігіттің жүзін көріп,
Жанындағы құтыдан сусын беріп,
Тұрғызды да солдатын Отанының
Шабуылдың соңынан кетті еріп.

Тасқынындай көктемнің бірден тасып,
Толқынындай мұхиттың көбік шашып,
«Уралаған!» дауыстар атой салып
Кең даланы жаңғыртып кетті басып.

«Отан үшін! Алға!» — деп ұран тастап,
Командирлер жүгірді топты бастап.
Қара құрттай қаптаған сұмырайлар
Топалаң кеп құлады жерді жастап.

Лап қойды қалың қол түрі сұсты,
Ызалы кек қанат боп алып ұшты...
Байқаусызда сүрініп кетті ме екен?...
Аһ! Жас қазақ, әнекей, жерді құшты.

Тұрып қалды асқақ ән биігінде,
Өмір жібі кідірді түйігінде.
Бар жоқтауы сезілер қыршын жастың.
Ана үнінің азалы күйігінде.

Күрең тартып ақша қар қан болғансын.
Ұрыс тоқтап, тыныштық таң болғансын.
Сапқа тұрды қолға алып бас киімін
Жауынгерлер жерлеуге жан жолдасын.

Ішін тартып кең дала тына қалды,
Жау, қолынан көрді де сұм ажалды.
Бұлбұл құстар орманнан сығалайды,
Мұңайып тұр көргендер мына халді.

Бірге сіңген көйлекке майдан тері,
Қаратаудың ұланы, жаны сері,
Саптан шығып Рақаңа тізе бүкті,
Сәуірбектей елімнің офицері.

«Уа, жолдастар, айтсам ба сыр ғып түсті,
Азаматтың ажарын жыр ғып күшті.
— Міне, хаты ақырғы елге арнаған, —
Қағаздардың ішінен сырғып түсті.

Сәлем жолдап жазыпты анасына,
Емшек сүтпен ой құйған санасына.
Қызықтапты қара көз қарындасын
Қызғалдақ боп жарасқан даласына.

Асыл ерім табыт боп жерге түсті,
Топырағын торқалы гүлдер құшты.
Бір жапырақ қағаз — хат, әсем әні
Желдей есіп сәлем боп елге ұшты!



## ЕЛГЕ ХАТ

«Амансың ба, апа жан, аялаған,
Шыбын жанды біз үшін аямаған,
Бәйтерек боп жайылып жапырағың,
Көлеңкеңде жетімдер саялаған.
Ерлер кетіп майданға қыйналасың.
Жеңіл болар — көздің де тыйма жасын.
Солқылдаған дауылда тал шыбықтай,
Иығыңа батты ма инағашың?
Қарындасым, Алмажан, халың қалай,
Алда қызық көретін талай-талай.
Фашистерді талқандап болған күні
Соғылады бақыттан саған сарай.
Сол сарайда сайрайсың бұлбұл болып
Бақыт бағын шарлайсың гүлге қонып
Сол кездерде төбем де көкке жетіп,
Отырам ғой, па шіркін, көңіл толып.
Қажымаңдар, жауды біз жайратамыз
Қамалдарын сұмдардың қиратамыз.
Ел ішіне күлкі мен ән келтіріп,
Бұлбұлдарды бақшада сайратамыз.
Алыс сапар...
Ұзақ жол...
Шаршағанда,
Сұм ажалдың шырмауы қоршағанда,
Саған, жерім, туған ел, ой-қиялым
Жүгіреді өзіңе аңсағанда.
Тұрмыз міне, таңырқап Пушкин тауын,
Елестейді көзіме Көкшетауым.
Біржан менен Пушкиндер ән шырқайды,
Қосылғандай хор болып барлық қауым.
Шіркін, Көкшем, жыр қылған қазақ елім
Біржан сал, Үкілі Ыбырай, Ақан серім,
Келіп жатыр ерлерім қан майданға
Арқасына арқалап туған жерін.
Жиналғандай барлық жер осы жерге,
Қабырғасы қайысқан толы шерге,
Ұмытылмас тұрғанда, жер айналып
Мәңгі достық шыңдалған қан мен терге.
Баландай көр, апажан, барса жетім,
Көрсін қазақ даласын, ақ ниетін,

Бауырыңа бас тағы, еркелетіп,
Аймалатшы бетіңнен мен сүйетін.
Жеңіс жақын көрісіп қуанатын,
Өксіген жан жадырап уанатын,
Аңсап, шөлдеп, өртенген көңілімді
Елде мөлдір бұлақтан суаратын.
Білсең, әке басыңа келгенімді,
Ауыр жолда ақтап мен сенгеніңді,
Әке жолын ұрпағың мықтап ұстап,
Елдің жауын ер болып жеңгенімді...
Міне, қазір бұзуға алғы шепті,
Жүрегінде мұз қатып қанды кекті,
Аруағы қолда деп аталардың,
Отан үшін ұрысқа балаң кетті...
Рамазан — деп жазған соңына атын, —
Есімі ердің мен мәңгі сағынатын,
Қайта-қайта оқимын әнге салып
Ер ағаның майданнан соңғы хатын.

## АЙТЫСТАР, ТОЛҒАУЛАР

Сексенінші жылдардың ортасынан бастап ара-тұра республикалық, облыстық ақындар айтысына қатысып жүрдім. Айтысқан ақындарым: Көкшетаулық Баянғали Әлімжанов, Тұяқ Мақитов, Жұмабай Есекеев, Гүлдана Кенжеғалиева, Айтжан Оразбаева, Торғайлық ақындар Жадыра Құтжанова, Әлфия Орманшина, Талдықорғандық ақын Шакура Алипова, Қызылордалық ақын Лена Әбділхалықова тағы басқалар. Сол айтыстардың көбі қағаз бетіне түспей қалып ұмыт та болды.

Баспадан шыққан бір айтысты және есімде қалған бір айтыстан өз сөзімді осы кітапқа енгізіп отырмын.

**Автор.**

## ИРАН МЕН ЖАДЫРАНЫҢ АЙТЫСЫ

**Иран:**

Сері мен салдар тегінен,
Көгілдір Көкше көгінен.
Жауатын нәсер күндей боп,
Әніммен әсем төгілем.

Мен емес әдеп бұзатын,
Ардақтап өтем қыз атын.
Дегенмен салдық ізі бар,
Қыз көрсем арқам қозатын.

Кетсе де көңіл бұзылып,
Сұраймын саулық сызылып.
Ақтоқтысы Торғайдың,
Мен тұрмын саған қызығып.

Шалқытып қыздың көңілін,
Арттырып елдің сенімін,
Әйелге бақыт әкелген
Өзгерген менің өмірім.

Қыздарым көркем сәнімен,
Асқақтаған әнімен.
Жаңа өмірде бой түзеп,
Еңбек еткен мәнімен.

Даланың жеңіп ызғарын,
Игеріп тыңның сыздарын.
Еңбек Ері, Кәмшаттай,
Көп менің диқан қыздарым.

Еңбекте Көкшем асып тұр,
Шабыты шалқып тасып тұр.
Еңбекшілердің табысы
Торғайды бүгін басып тұр.

Сыйлармын саған жол ашып,
Көргем жоқ қызбен таласып.
Құшақ жайып қарсы алам,
Әзілің тұрса жарасып.

**Жадыра:**

Шын ақын шаршы топтан жасқана ма?
Мен келдім қадам басып астанаға.
Халқыма мәпелеген басымды иіп,
Алайын амандықтан бастап, аға.

Ал енді сізге сәлем, Иран аға,
Сөзіме жүрек жарды илан, аға.
Алдыма әкемдей боп келіп қапсыз,
Осы жай отыр мені қинап, аға.

Еркіне жүрегімнің бағынамын,
Танысып қайта-қайта не қыламын.
Өзіңіз қолымды алып құттықтаған
Торғайда топты жарған Жадырамын.

Иесі сіз бе едіңіз Иран бақтың,
Өлеңді айтпас дейсіз қызға арнап кім.
Бір ауыз суық сөзден қалтыраймын,
Ағатай, мен бір нәзік қызғалдақпын.

Ши шығып жүрмесінші сөзіңізден.
Ашумен ұшқын ұшып көзіңізден,
Екеуіміз сыпайы боп айтысайық,
Күтемін жылы жауап өзіңізден.

**И р а н :**

Қарағым, қарындасым, Жадыражан,
Жүзіңнен айналайын жадыраған.
Алдымда Балқадиша бола білсең,
Шалқиды Ақандай боп бүгін ағаң.

Ішінде Көкшетаудың көрік едім,
Ақындық өнеріме сеніп едім.
Бұл сайыс тай жарысы емес, қалқам,
Айтыста топты жарып келіп едім.

Қызығып көріп тұрмын желгеніңді,
Сеземін өзіңе-өзің сенгеніңді.
ЗАГСке жігіт іздеп келген жоқсың,
Ұмытпа айтысуға келгеніңді.

Сыйластық, ізетпенен кете алмайсың,
Ағаңды баса-көктеп өте алмайсың.
Сыйлы боп үлкендерге, ел-жұртыңа,
Көздеген мақсатыңа жете алғайсың.

Ойлама кәрі-жасқа жем болар деп,
Жасымен санасқандар кем болар деп.
Қылыштай қырықтағы азаматтың
Ойлареың оң мен солы тең болар деп.

Бәйгеге түскен жүйрік жас болмайды,
Жастықпен соққан жүрек мас болмайды.
Ағаңның аңқылдаған ақ жүрегін,
Түсінсең жас жүрегің тас болмайды.

Аз уақыт бұл айтысқа берілмесе,
Арқаны төрешілер керілмесе,
Өзіңнен бастап Торғай сұлуларын
Жырлауға Иран бүгін ерінбес ед.

**Ж а д ы р а :**

Айтпалық бекер сөзді текке өңдеп,
Шындасам он жігітті кетем жүндеп.
Алдымда Ақанмын деп шіренгенше,
Жарасар айтқаныңыз әкеңмін деп.

Бұл күнде көп қой міндет өтелмеген,
Қиналам сізге тілді безеуден мен.
Алдыма айтысам деп келгеннен соң,
Күтемін байсалды сөз өзіңізден.

Қосылып көрдіңіз бе бұрын сынға,
Қараңыз дұрысырақ жұртқа мына.
Қиқу сап кеткен кезде, денем қызып,
Көміліп қаларсыз-ау шаңдағыма.

Шын ақын осындайда арындасын,
Пейілің, аға, бүгін тарылмасын.
Елі үшін шыбын жанын аямаған,
Бар шығар мына мендей қарындасың.

**Иран:**

Отауын әсем жырдың тігіп келем,
Әдепті бол деп тағы үгіттер ем,
Көрсетсең әдепсіз мінез сөзіңізден
Қасыңнан қашып кетед жігіттерім.

Торғайдың аязына төзіп едім,
Қыз іздеп дүрліккенін сезіп едім.
Көкшенің мұзбалағына сай болар деп,
Таңдаған, Жадыражан, өзің едің.

Білмеймін қандай сенің ет-тірлігің,
Ұнайды көздеріңнің өткірлігі.
Қаңтардай жанарыңды сұға берме
Жүрегін бұл ағаңның көп тілгілеп.

Қараймын қайта-қайта қасыңызға,
Сәуледей жарқырайсың қасымызда.
Қасыңда тасып-толқып ағаң отыр.
Бір теңеу таба алмастан басыңызға.

Мін іздеп мен қайтейін жарқырасаң,
Суындай мөлдір бұлақ сарқырасаң,
Жігіт боп, ақын болып жыным бар ма,
Көргенде қыз бейнеңді шалқымасам.

**Жадыра:**

Ағасы, келіп отыр сөкпе дегім,
Мен сізге біразырақ өкпеледім.
Қимылым көрінсе оғаш кешірерсіз,
Жасымда ер бала боп өскен едім.

Болады әділ сөзге әркім ғашық,
Қайтейін осы жерде бар сырды ашып
Бес күнде сәлемге де жарамадың.
Отырсыз енді ұялмай қалжыңдасып.

Жан едім бұндай іске кезікпеген,
Отырмын барлық іске төзіп те мен.
Ақындық өнерден де бойыңызда,
Әншілік басым ба деп сезіктенем.

Үйрендік ағамыздың айғайына,
Сәнімен басын изеп шайқауына.
Қайтесіз дауысты сіз мың құбылтып,
Келген жоқсыз әншілердің байқауына.

**Иран:**

Шақырамын Көкшетауға келіңіз,
Алыс емес жақын жатыр еліміз.
Қыз табиғат, сұлу мүсін Көкшені
Қыз күнінде бір рет келіп көріңіз.

Орманымның кіргізейін ішіне,
Тамашасы өмір бойы кіретіндей түсіңе.
Сексен көлдің шомылдырсам суына,
Мені үнемі аларсың сен есіңе.

Бүгін біраз жыр тұнығын шайқадық,
Өнерімізді ортаға сап көп алдында
байқадық.
Сен — қарындас мен — аға боп, қалқам-ау,
Сыйластықпен елімізге қайталық.

**Жадыра:**

Айтылса ақын сөзі жүйеленіп,
Отырсыз жөнсіз сөзбен тие беріп.
Көкшетау табиғатының берген сыйын,
Қайтесіз бір өзіңіз иеленіп.

Сондықтан осы сөзді ойланыңыз,
Әзілді дұрыс болар қойғаныңыз.
Басында мен қарсылық білдіріп ем,
Өзіңіз айтысам деп қоймадыңыз.

Осымен бұл айтысты доғаралық,
Кетпелік топтан озып дараланып.
Еркелеп топ алдында айтқан сөзден,
Қалмасын жүрегіңіз жараланып.

Шығарда бұл айтысқа ойланып ем,
Әрдайым сіз жайлы жақсы ойда жүрем.
Сәлем де сұлу Көкше ел-жұртына,
Осылай кездесейік тойда кілең.

## КӨКШЕНІҢ КҮЛӘШ АҚЫНЫМЕН КЕНЕСАРЫ ТОЙЫНДА АЙТЫСҚАНДАҒЫ ИРАННЫҢ АЙТҚАНЫ

Бас иіп сәлем бердім ауылыма,
Құрметті малшы, егінші қауымыма,
Келсем де орта жасқа еркелеймін
Бағалап тарта білсе бауырына.

Ассалаумағалейкум, қонақтарым,
Сыйлысың, ардақтысың, ғажап бәрің,
Туған ел, құтты болсын Кенекемді
Тірілтіп, той жасаған талаптарың.

Қарсы алар қонақтарды нұрым жауған,
Хош иіс тарап жатқан бақша баудан.
Жалғасып Абылай тойына Кенекем тойы,
Естілді дүбір елге Көкшетаудан.

Тебіренер Бурабайдың көлі бүгін,
Теңселер Оқжетпестің өрі бүгін,
Бұл тойға жетті елім қуанышпен
Арқалап талай ауыр тарих жүгін.

Рухына Кенесары мен табынам,
Қазақ боп Кенемдей ұл, ер сағынам,
Айналдым Кенекемдей ер туғызған
Қасиетті Абылайхан ұрпағынан.

Жүретін Кене ағасын жауға алғызбай,
Қоймайтын сал-серілік ән салғызбай,
Жасында жиырма бес құрбан болған
Бас ием аруағына ер Наурызбай.

Той жырын жырлап бүгін ағылайын,
Еліме шам-шырақ боп жағылайын,
Елімнің ерлеріне жігер берсін
Аруағы Ақжолтайлы Ағыбайдың.

Береміз, Кенем, бүгін асыңызды,
Мақтамен бауыздаймыз қасыңызды,
Кешірім сұрайды ұрпақ аруағыңнан,
Қор қылып қойған үшін басыңызды.

Какшеде кеше әннің сайысы өтті.
Күләшжан сол сайыста «гәккулетті»;
Қарындас өзіме ұқсас әнші екен,
Жаныма ақын болып тағы жетті:

Қарағым, жыр өртесе өзегіңді,
Ағадан ал ұлықсат, кезегіңді,
Аруағын бабалардың тебірентіп
Мадақта ерлеріңді, өз еліңді.

Қалатын дүние басқа қызықпаймын,
Дүниені сері Ақандай қызықтаймын.
Жүректен шыққан елдің сый-құрметі
Құнына тұрар неше ат пен тайдың?!

Ұқсайтын бабаларға өнерім бар,
Елім деп ардақтайтын сенерім бар.
Пейілін туған елдің азық қылып
Көз жұмып, уақыт келсе, сөнерім бар.

Ризамын көңілді елім бөлгеннен соң,
Аналық қамқорлығын көргеннен соң,
Атадан мұра болып қалмаса екен
Мадақтау өнерпазды тек өлгеннен соң.

Қазағым дауласқанда, қаншыл елім,
Зарлап та өткен ақын, әншілерің,
Тірісінде дұрыс баға ала алмаған
Мұса аға, Мұқағали, Шәмшілерім.

Солардан артықпын ба, бірі болам,
Өнерде жалғасатын нұры болам,
Ел-анам елейтіндей баласымын,
Еншалла, өлсем дағы тірі болам.

Кенекем қазағымда туған үздік,
Кенеммен жаудың талай шебін бұздық.
Арманы Кенем, Науан құрбан болған,
Қазақтың туды күні тәуелсіздік.

Көгімде тәуелсіздік қанат жайды,
Бірақта отаршылдар қуанбайды,
Қазақтың қос қолы боп қуат берсін
Аруағы Кенесары-Наурызбайдың.

Болғанмен тәуелсіздік керегі елдің,
Күшім жоқ ойлар жәйін бөлек елдің.
Мұрнынан шығыршық таққан атандай боп,
Соңынан Ресейдің ере бердім.

Ресей тұғырыма қондыра ма,
Әлде аштық, аязына тоңдыра ма,
Үш ғасыр билеп, төстеп, қан жосытқан
Қалдығы империя оңдыра ма?!

Құдайым біздің жолды жөн қыла ма,
Тарылтпай тынысымды кең қыла ма,
Әлемнің бір баласы болдық міне,
Басқа елмен терезем́ді тең қыла ма?!

Осы жәйт қамшылайды намысымды,
Қазақтың ұлттық талай сағы сынды,
Шынжырын отаршылдық үзе алмаймыз
Ілбітсек тәуелсіздік ағысымды.

Айтпаймын төбелесер қару керек,
Айтамын сабырлыққа салу керек.
Ойласақ қазақ болып елдікті біз
Басқадан шаруа кілтін алу керек.

Қазақтың неге керек білгізбесең,
Ұрпаққа қазақша өмір сүргізбесең,
Не керек тәуелсіздік ұран болған,
Билікті өз елінде жүргізбесең.

Ойыңды тәуелсіздік сендір іспен,
Басқаны қазаққа ортақ көндір іске,
Тәуелсіз ел болуды ойласақ біз
Қазақты тарту керек өндіріске.

Әйелсіз менсінбеймін думан-тойды,
Көркейтер әйел атты ақыл-ойды,
Өзіңмен айтысуды кеше ғана
Бекітіп Көкен-аға қолын қойды.

Әйелдер сал-серіге жұғынады,
Олар да әйел сырын ұғынады.
Ойлама, қарындасым, жас келгесін
Бұл Иран сұлулардан шығынады.

Қызығын көрдім албырт жастық шақтың,
Жасымнан ән-жырыммен қызға жақтым,
Арадай гүлге қонған нәрді жинап
Әйелдің әлі күнге бабын таптым.

Бұл Иран сұлу сырын ұға беред,
Жанассам сұлулық сыр жұға беред,
Барсам да қай айтысқа, құдай айдап,
Алдымнан қыз-келіншек шыға келед.

Қарындас, ренжіме ойыныма,
Әзілсіз жараса ма тойым мына,
Айтыста еркелетіп ұстаймын деп,
Талай қыз мініп алды мойыныма.

Ал, Иран, гүлге тағы қонасың ба,
Әдеттен әлде бүгін танасың ба,
Күләшжан, әнің қандай, сәнің қандай,
Көкшенің бір гүлі сен боласың ба?

Ағалық бата болсын ақ тілегім,
Жанұяңа ұшпайтын бақ тіледім,
Ақындық үлгің өрге өрлей берсін.
Талмайтын қартайғанша жақ тіледім.

Жойылсын қиындығы мына заман,
Қылықтар ел-жұртыма ұнамаған,
Биік боп тәуелсіздік, ел шаңырағы
Күн тусын таң қалатын бізге ғалам.



# ӘНДЕР

Шнақыта. Тәуелсіздік шаттығы. Ілан Тасқарнұлыны



Көк байрақ, құс қанатты ат, алғыр қыран,
Елдіктің белгілері жарқыраған,
Төл теңге табысымның қайнар көзі,
Достыққа шақыратын әнім — ұран.
Қазақтың тәуелсіздік ашып бағын,
Толқындап тоқталмасын ерлік ағым,
Ақ сенім — референдуммен қабылдады ел
Президент Нұрсұлтанын, ата заңын.

**Қайырмасы:**

Асқақтасын әніміз,
Жарассын достық сәніміз,
Жарқырасын әлемге
Тәуелісздік таңымыз,
Абайдай елдік мәніміз,
Ата-баба заңымыз,
Конституция заңымыз!

Болсын деп тәуелсіздік сыйым құтты,
Қазағым құшаққа алған ұйым мықты,
Сенемін ел-жұртымның ертеңіне,
Жеңеді деп нарықтықта қыйндықты.
Әніммен асқақтайды менің жырым,
Тартады азаматтық менің сырым,
Көгінде тәуелсіздік жарқыраған,
Қазақта Нұрсұлтандай жанған нұрым.

**Қайырмасы:**

Сәлем Арқа елінен,
Кербез Көкше жерінен,
Абылай, Шоқан төрінен,
Оқжетпестей өрінен,
Сексен сұлу көлінен
Біржан, Ақан нәр алған
Сауық-сайран белінен.


Шалқыта
Біржансал
Әлеңі мен әні

Ардақты ұлы қазақтың ақын Біржан,
Жырмен тербеп үш жүзді әнмен қырған.
Ән қалықтап, көгінен жыр сорғалап,
Жаралғандай Көкшесі жасын-нұрдан.

**Қайырмасы:**

Мұрасы Біржан нәрімсің,
Сал-серілік сәнімсің.
Шырқалатын мәңгілік,
Ұрпаққа ұран — әнімсің.

Жыры — жалын, әні — аққу көлімдегі,
Жұпар исті самалым жерімдегі,
Асқақ үні қазақтың Біржансалым,
Азаматтың үлгісі төрімдегі.

**Қайырмасы:**

Өнеріне сал-сері қайран қалдым,
Мен де ақын, әнші боп топты жардым.
Ұлы Абайдың кешегі досы болған
Ұрпағымын ақтангер Біржансалдың.

**Қайырмасы:**

Астана.

Әлекі мен әні
Иран Тасқараулынікі.

Шалқыта.



Төсінде Сарыарқаның сағымданған,
Ежелден қазағымның бағы болған.
Абылай-Кенесары туын тігіп,
Намысын елдігімнің қорғап қалған.

**Қайырмасы:**

Жаңа дәуір бастаған,
Қазағым алға бас қадам
Елдігімнің — кіндігі,
Астанам менің бас қалам.

Арқадай қасиетті жер жаннаты,
Ерлікпен, серілікпен шыққан даңқы.
Құт болсын елдігіне қазағымның
Ұлы көш Нұрсұлтанның салтанаты.

**Қайырмасы:**

Жаңа дәуір бастаған,
Қазағым алға бас қадам
Елдігімнің — тірегі,
Астанам менің бас қалам.

Алтайым жарқыраған күнгей жақтан,
Оңтүстік — Алатауым аспанға атқан.
Ортада Қарағанды, Көкшетауым,
Батыста Маңғыстауым мұнайы аққан.

**Қайырмасы:**

Жаңа дәуір бастаған,
Қазағым алға бас қадам
Елдігімнің — қорғаны,
Астанам менің бас қалам.

Тәуелсіз елдікті аңсап жолды салған,
Ұрпаққа үлгі-өнеге із қалдырған.
Өсиетін ата-баба орындадық,
Біздерге бұдан артық бар ма арман?

**Қайырмасы:**

Жаңа дәуір бастаған,
Қазағым алға бас қадам
Елдігімнің — кіндігі,
Астанам менің бас қалам.

Екпінімен.

# Батыр Мәлік.

Өлеңі мен әні
Иран Тасқараұлыныі



Фашизм бұлты көкті торлағанда,
Рухын адамзаттың қорлағанда,
Бауыржан, Мәліктерім қолды бастап,
Адамзат ар-намысын қорғағандар.

**Қайырмасы:**

Көкшеден шықты ерлерім топты жарып,
Ту тіккен ерлікке Абылай жолды салып,
Үлгісін батырлардың жалғастырған
Ұрпақтың ар бейнесі батыр Мәлік.

Түбінде Мәскеу, Ресей жері үшін,
Ер қазақ аямаған барлық күшін,
Халықтар достығының шырағындай
Лаулаған батыр Мәлік ерлік ісі.

**Қайырмасы:**

Ұрпаққа ұлы ұстаз, ғалым едің,
Көтерген ауыр жүкті нарым едің,
Арманға тәуелсіздік қолы жетіп,
Еске алар ерін қазақ қалың елім.

**Қайырмасы:**

Жан едің жаны жайсаң, терең сыры,
Ұрпаққа шұғылалы төккен нұрын,
Ерлігін батыр Мәлік аңыз қылып,
Арнаған өрендері ән мен жырын.

**Қайырмасы:**

## ЗАМАНДАС

Әлеңі мен әні Иран Тасқараұлынікі




Замандас күйде ойың осындайда,
Көктемнің сен бір гүлі тұрған жайнап.
Тұлпардай көңіл, шіркін, бой бермейді,
Сұңқардай ұшатұғын көкті шарлап.

Өмірді гүлдендірер еңбек, өлең,
Сыр шертіп, тамылжытып, салған әнім,
Көкшеден Иран деген мен бір жігіт,
Өмірде сұлулыққа құмар жаным.




Хор сипатты қарындас,
Оттай сұлу, ыстық жас,
Құшақта да қойыңды аш,
Бұғақтан бір сүйейін.

Мен көбелек, сен бір шам,
Айдап келген мен құрбан,
Шамға одан не зиян
Сүйейін де күйейін.

Әндете.

# Әнім менің.

Өлеңі мен әні Иран Тасқараұлынік




Әнім менің, сәнім менің,
Әнім менің, жаным менің,
Көкірекке нұр толтырған
Шапақ атқан таңым менің.

Асқақтатқан, аңыратқан,
Бірде жаяу қоңырлатқан.
Самал желдей желпіп өтіп,
Жанған жанды сабырлатқан.

Түрлендірген жиын-тойды,
Қайрат берген серпіп бойды.
Таратасың, салсам саған,
Қайғы-қасірет, қалың ойды.

Әнім менің, қаным менің,
Тұрған жерің жалын сенің.
Әнім кетсе мені тастап,
Шығар бірге жаным менің.




Оранғандар үлдеге-бүлдеменен,
Үндемеп ем, қызғанып, күндемеп ем.
Маған деген қуаныш кештеу келіп,
Құлашымды қусырып, тіл бөгеген.

Сырымды айтса мінездің ашықтығы,
Күндемеңдер,
— Көп қой, — деп ,ашық күні.
Маған керек тірлікте бір-ақ нәрсе,.
Ол, адамға адамның ғашықтығы.

Көп жүрмейміз, өмірдің қалар жүгі,
Белгілі ғой қара жер тажалдығы,
Бір-ақ нәрсе, тірліктен сұрайтыным,
Ол — адамның адамға адалдығы.

Шалқыта, Жігерлі

**Жанбота**

Өлеңі Кәкімжан Сапыковтікі
әні Ихан Тасқараулінікі



Жанбота, мені шенеп, майырмайсың,
Тоқымды шаптан тартқан айылдайсың.
Хан-төре үмбетінен айырғанмен,
Туған ел құрметінен айырмайсың.

Атыңның қызыққам жоқ озғанына.
Жан-жағың кетіп жатыр өз қамына.
Теңіздей терең тартып толғанамын,
Көзімше туған елдің тозғанына.




Отыз бес жыл өткенде
Кездесті кенші түлектер,
Студенттік өмір — көктемде
Соққан да бірге жүректер.
Өмір де өтті бір талай,
Сырғиды артқа қарамай.
Ата да болған жәйің бар,
Хал қалай, достым, хал қалай? (3 рет).

Ата да болған жәйің бар,
Туғызған тағдыр уайым бар:
Дүниеден өтті серіктер
Ғаланов, Марат, Сайындар.
Дүниенің өтер көші бар,
Өмірде достар үлесі бар,
Тірлікті сыйлап, өткенді
Есіңе ал, достым, есіңе ал. (3 рет).

Көп пе елге берген өнімің,
Асылын теріп кенінің,
Инженер адам болдың ба
Ұстаздың ақтап сенімін?
Алғыс та айтам толғана,
Ұстазға берген жолдама,
КазПТИ — асқар биігің,
Басыңды ій, достым, ордаңа! (3 рет).

Сыйлайын орта жасты да,
Ағарған самай шашты да,
Көп сырды ашты біздерге
Үсті де жердің, асты да.
Қиындап өмір бүгінде
Арытты ауыр жүгін де,
Тәуелсіз елге қызмет ет,
Бүгілме, достым- бүгілме! (3 рет).

Уақытында доспен келіскен
Тамаша қандай көріскен,
Ұмытпайық жастық мезгілді
Бір үзім нанды бөліскен.
Сұлулық салған із барда
Қайран да жүрек сыздар да,
Бірге оқып, бірге ойнаған
Басыңды ій, достым, қыздарға! (3 рет).

Сағынып келдім досымды,
Білімді берген қосымды
Көкшенің кербез үнімен
Білдірем көңіл хошымды.
Жүзіңді аңсап көргенше,
Қол қысып сәлем бергенше,
Тағаттық таппас сағыныш
Құшағына достың енгенше. (3 рет).




Бағы да жанып елімнің
Тәуелсіз болды қадамым,
Планетам таныды
Қазақтың елдік қоғамын.
150 жылын тойладық
Әлем боп Абай бабаның,
Ұрпаққа мәңгі нәр екен
Сөздері асыл дананың.
Бүгінге де ертеңге
Ойынан азық аламын.
Жер бетіне ұялмай
Қазақ боп мен де карадым.

Қазақтың байтақ даласы,
Сұлу Көкше саласы.
Абай туған Семейден
Біраз қашық арасы,
Ұрпағы боп Ақанның
Семейге бардым жол ашып.
Біржансалдың ізімен
Сал-сері боп жарасып.
Рухына Абай бас идім
Аруағымен санасып,
Айтқандай Абай болдым мен
Адамның бір баласы.

Аялап, Абай, жаныңды,
Салып та жүрмін әніңді
Қазағым бастан кешуде
Нарықтық деген ағымды.
Шен құмарлық, байлыққа
Жалбарынып табынды
Ұлт намысын саудалап
Бизнесмен қазақ қағынды,
Ер азамат азайды
Тыңдайтын елден шағымды,
Данышпанын Абайдай
Халқым бүгін сағынды.

Абай атам жек көрген
Азаймай тұр қуларым.
Жұмысы жоқтық көбейіп,
Сауда боп тұр қуғаным.
Көреалмастық әдетті
Маңайымнан қумадым.
Бастары қазақ бірікпей
Ұрандап босқа шуладым.
Ақылға зәру заманда
Абай боп неге тумадым!

## Кербез Көкше Көкені.

Әлеңі мен әні
Иран Тасқараулыныкі



Көкшетау жердің көркемі,
Сал-серілер мекені.
Әйгілі бүгін қазаққа
Кербез Көкше Көкені.
Айтыскер ақын майталман,
Мүддесін елдің айта алған,
Мектебінен нәр алып,
Шәкірттері жайқалған.

**Қайырмасы:**

Көкендей Көкше ұлы бар,
Құмартқан жұрты жыры бар,
Біржан, Ақан, Ыбырай,
Шәкен, Мұса үлгісін
Жалғастырған, жалғастырған
сыры бар.

Тәуелсіздік жол ашып,
Серпіліп Көкше саласы,
Жетпіске жетті жарқырап,
Көкендей елдің ағасы.
Шәкірті құшақ ашады,
Асқақ та әнге басады,
Біржансалдың ізімен
Шашуды әнмен шашады.

**Қайырмасы:**




Келгенде ел шетіне аялдаймын,
Ауасын қанша жұтсам тоя алмаймын
Сусындап, ат шалдыртам, тебіренем,
Әдетім бойға сіңген қоя алмаймын.

Есейіп, ер жетіп мен оралғанда,
Балалық қайта келіп нәр алғандай,
Ел-жұртым, мен алдыңда тұрсам деймін
Таң нұры — шолпанынан жаралғандай.

Келмесе бұл қолымнан кешіріңдер,
Шығармын жетілмеген өсіріңдер,
Боламын әлі сәби ұлғайсамда
Ардақты ел-ананың бесігінде.




Жырымды бір, сырымды бір шашайын,
Құшағымды кере құлаш. кере құлаш ашайын.
Домбырамды сұңқылдатып, бездетіп,
Толқындатып осы әуенге басайын.

Көтермесең көңілді кір шалады,
Ән де, шіркін, қартайғасын, қартайғасын қалады.
Сондықтан да толғап, шырқап, желдіртіп,
Толқындатып Иран әнге салады.

Досым көп боп, азаматты сыйладым,
Күлім көздің қиылғанын, қиылғанын қимадым,
Азаматтың арасынан аласы
Дақ түсіріп көңілге ақ қинады.

Бейбіт елдің еркесі боп шалқыдым,
Айдынында аққуындай, аққуындай қалқыдым,
Заманымның толқынымен тербеліп,
Ортасында туған елдің балқыдым.

Өлеңі мен әні.
Иран Тасқарауылынікі

# Алтын той.



Кір жұқтырмай көңілге,
Көңіл қалмай өмірге,
Ағам, жеңгем шалқиды
Туып, өскен өңірде.

**Қайырмасы:**

Бүгін думан, жарқын той,
Мәртебелі алтын той,
Қуанғанда, қазағым,
Той тойлайтын салтың ғой.
Ағамыз, жеңгеміз,
Құтты болсын алтын той.
Жарқын той,
Құтты болсын алтын той.

Бірі елдің ағасы,
Бірі ердің анасы
Ағам жеңгем гүлдеп тұр
Жарты ғасыр жарасып.

**Қайырмасы:**

Ата берсін таңдарың,
Таусылмай да бал-нәрі,
Досқа қымбат, ардақты,
Шуағы нұрлы, жандарым.

**Қайырмасы:**

Қара да бар, ханы бар,
Осы тойда бәрі бар,
Жақсы-жайсан қосылған
Жиынның балдай нәрі бар.

**Қайырмасы:**

# Ақ қыздар

Вальс екпінімен

Өлеңі Мұқағали Мақатаев-тікі
әні Иран Тасқарнұлынікі



Ақ қыздар, арым таза алдарыңда,
Сөндірдім жалынымды жанғанында,
Өтеуі жоқ өмірмен қала бердім,
Бәріңе бір махаббат арнадым да,
Ақ қыздар, арым таза алдарыңда.
Ақ қыздар, бәріңді де тұнық көрдім,
Жасқанып жанарлардан бұғып келдім.
Бәріңнің арыңа ақау түсірмедім,
Шыққанша қырқасына қырық белдің.
Ақ қыздар, арым таза алдарыңда
Білмедім құмармын ба, ғашықпын ба,
Білмеймін ынжықпын ба, жасықпын ба,
Елуден білмей жүріп өте шықтым,
Болуға бәріңе аға асықтым ба?!
Ақ қыздар, арым таза алдарыңда,
Ақ қыздар, айна-қыздар, қайда маған,
Жастықта, жас арманым, жайнамаған.
Шаштарым қолаң қара, қош болыңдар,
Пысықтар, ынжық емес, аймалаған.
Ақ қыздар, арым таза алдарыңда.



Адамның бір қызығы бала деген,
Абайды осыны айтқан дана деген,
Баланың қызықтарын қызықтайтын
Тірлікте ата менен ана деген.

Баланы әр адам-ақ қызықтапты,
Балдәурен сол баладан қызық тапты.
Басынан ер жігіттің не өтпейді,
Қайғыдан кейін қандай қызық тәтті.

Тұңғышым, тұла бойым, Гуля жаным,
Көңілдің көліндегі аққу әнім.
Алғашқы ата-ананың қуанышы.
Көтерген, құтты болсын, отау — сәнің.

Сарыарқа сайрандаған серің едім,
Көкшетау әлдилеген жерім едің,
Шерітіп домбырамды сырласайын,
Тарқайтын осы тойда шерім едің.

Ортаңа, ағайындар, келіп едім,
іЖгіттің үш жұрты бар елім едің,
Алдымнан қарсы шығып азаматың
Қуаныш, шаттығына желігемін.

Вальс екпінімен „Ақтоқты – Балқадиша" ұрпағының әні.

Өлеңі мен әні Ирин Тасқашұлы-нікі.



Қызы боп Көкшетаудай тамаша елдің,
Биікке самғасын деп санасы ердің,
Ақтоқты — Балқадиша ұрпағынан
Тойына сері Ақанның ән әкелдім.

**Қайырмасы:**

Серуендеп сексен көлді жағаладым,
Жарасар айдынына шағаламын,
Жалғасын Ақан аға табамын деп,
Жігітін Көкшетаудың ағаладым.

Гүлденем кербез Көкше қырындай боп,
Толықсып Ақанның ән-жырындай боп,
Өмірін өрнектеймін туған елдің
Ақтоқты — Балқадиша сырындай боп.

**Қайырмасы:**

Желбіреп Абылайдың ақ туындай,
Үлбіреп Үкілі Ыбырай Гәккуіндей,
Аруы Көкшетаудың көз тартады,
Көлінің ерке құсы аққуындай.

## Ерлан зары.

Өлеңі мен әні
Иран Тасқарақұлынікі.

Терең сезіммен
орында.



Жалғыз ұлым, Ерлан ботам, өлдің бе,
Шырағым менің жарқырап жанған сөндің бе?!
Атадан көп боп тараған мирас бар еді,
Ұлғая келе жалғыздық басқа көндім бе?!

Жылайды анаң көзінің жасын көл қылып,
Гүлжамал, Жанар — тебісіп өскен төл құлын.
Көңілді бейнең сақталар мәңгі есімде,
Өле-өлгенше көкірегімді шөл қылып.

Өрімдей едің, бой түзеп, ойың жайқалып,
Талабың таудай көрініп көзге байқалып,
Он алты жаста азаматтықты бастамай,
Астан да кестен өмірің кетті шайқалып.

Мінезің қандай, жаралған нәзік жан едің,
Серік боп қалған шаңырағымның сәні едің,
Жетер ме демім шырқауға енді өмірде,
Жүрегімнің қайнар да бұлақ әні едің.

Арманы шексіз, өрімі едің жастың да,
Қуаныш болдың балалық нәрін шаштың да,
Арыстай болып, ер жетіп қалған, Ерланым,
Қалайша сыйып жатырсың жердің астында.

Әлеңі Құдайшбека Орманновтікі.
Әні Иран Тасқыраулыікі.

# Елді аңсау.



Мен елімнен кеткелі,
Сағыныш сазы иектеді,
Қызықтар көрген шеттегі
Елдегіге жетпеді.
Жер-ұйық мекендесемде,
Туған жер жүрсің есімде.
Боз бала күннің бояуы
Сіңіп те қалған төсіңде.

Ардақты, елім, армысың,
Зерделі қарттар бармысың?!
Анадай болған әжелер
Жүздің жүр жырлап жарғысын..
Ағаларым, кемеңгер,
Сөзімді артық демеңдер.
Жабыққан жанды сезінер
Асыл да тектi көнелер.

Мен елімнен кеткелі,
Сағыныш сазы иектеді,
Қызықтар көрген шеттегі
Елдегіге жетпеді.
Жер-ұйық мекендесемде,
Туған жер жүрсің есімде.
Бозбала күннің бояуы
Сіңіп те қалған төсіңде.

Шалқыта.

## Жалған

Өлеңі мен әні Иран Тасқарнұлынікі.



Жігіттер, сырғанайды дәурен бастан,
Жас та өтер жігері мол ,асып, тасқан,
Жалғыз-ақ сері көңіл түлей берер,
Гүліндей бұл өмірдің, шіркін-ай, нәрін шашқан.

Қайырмасы: Аха...у, жалған-ай,
Мен бір жан күліп-ойнап-о..оу,
Шіркін-ай, әнді салған, е...ей.

Түсінсең азаматтың қасиетін,
Табылар талай сыры бас иетін,
Сыйластық бұл өмірде көңіл гүлің,
Атадан қалған мұра, шіркін-ай, өсиетің.

**Қайырмасы:**

Сүйе біл қиналсаңда өміріңді,
Жоғалтпай жақсылыққа сеніміңді,
Бір мезгіл көңіл құсын құйқылжытып,
Жүдетпе жан азығы, шіркін-ай, көңіліңді.

**Қайырмасы:**

## Құдалар.

Кең, салтанатты.

Өлеңі Хәкімбек Салықовтікі.
Әні Иран Тасқарнулынікі.



Қыз қияға, ұл ұяға қонғанда,
Қуана бер солар пана, қорған да,
Төрің толқып, кеңейеді өрісің,
Төңірегің құдаларға толғанда.

**Қайырмасы:**

Ата жолы ұлағат,
Болдырмасын бір ағат,
Құда деген қазақта
Ең ардақты жұрағат.

Бас құдағи кең жазира қабағы,
Сыйға-сыйлық, сыраға бал табады,
Жас құдаша қос жанары мөлт еткен
Қос жұлдыздай жүректі өртеп барады.

**Қайырмасы:**

Қуанышты сезіп жаның құп алар,
Құп алар да қызық дәурен құралар.
Қызды ауылға кетті бүгін немерем,
Ертең тағы көбейеді құдалар.

**Қайырмасы:**




Бұл өмірдің қызығы
Зымырайды, зырлайды,
Жаспен бірге сырғанап,
Дәурен баста тұрмайды.
Артта қалған жастық шақ
Көңілді біздің қимайды,
Иран да әнмен шақырып
Домбырасын ырғайды.

Сондықтан да, жігіттер,
Ойнаңдар да, күліңдер,
Қысқасын фәни-жалғанның
Іштен сезіп жүріңдер.
Налымаңдар уайымдап,
Биліктің қолда жоғына,
Қалдырмаңдар көңілді,
Ренжіп дүние боғына
Құрметтейтін қонақтай,
Бір-біріңді сыйлаңдар,
Түссе де басқа қандай күн,
Жамандыққа қимаңдар.
Пайдалана біліңдер
Өлшеулі өмір сызығын.
Бұл өмірдің санаулы
Қызғанбаңдар қызығын.
Бұл өмірдің қызығы
Келіншек пе, қыз ба екен?
Сұлулықпен қауышу
Баяғы сүрлеу із бе екен?!
Жарқылдаған жігіттік
Көңілді қимай жүр ме екен,
Ағасына жігіттің
Нұрын төгіп тұр ма екен?!
Көңілің ақ болмаса
Қызықтың нәрі болмайды,
Арам ой мен қу күлкі
Туғызар басқа сор-жайды.
Жақсыменен жанассаң
Жаныңа шуақ орнайды,
Мен-менсінген жігіттер
Өзін-өзі қорлайды.
Бұл өмірдің қызығы
Теңге, тиын, пұл ма екен?
Дүниеге табынған
Адам сорлы құл ма екен?
Сондықтан да, жігіттер,
Сақта адамдық мәніңді,
Пендешілік тірлікке
Айырбастама жаныңды!




Гауһардай көзі,
Бұлбұлдай сөзі,
Жаннан асқан бір пері.
Жүзі бар айдай,
Мінезі майдай,
Басқадан артық сол жері.
Дариядай ақыл мол еді,
Шын ғашығым сол еді.

Ұжмақтың хоры,
Іздедім соны,
Тал бойының міні жоқ.
Бойы бар сымдай,
Белі бар қындай
Мүшесінің міні жоқ.
Қыз осындай болар ма?!
Мұны сөккен оңар ма?!

Жаудырап көзі,
Тамылжып сөзі,
Жібектей шашын тараса.
Қалмайды халің,
Шығады жаның,
Қиғаштап көзбен қараса
Бұл дүниеде қыз қызың
Бозбалада ой бұзың.

Болды деп қиын,
Жеңілдеп киін,
Шыр айналып ұршықтай.
Еппенен барып,
Ыптаны салып,
Тышқан көрген мысықтай.
Көргенде барып есіктен,
Болмаса жапсар тесіктен.

Боз үйге кіріп,
Ындының құрып,
Жарыңның барсаң қасына.
Сипалап жүріп,
Төсегін біліп,
Тигенде қолың басына
Ақылың кетіп жан қалар,
Ғашығың сонда аңғарар.

Қолынан тартып,
Білекті артып,
Ақ тамақтан шөп етіп.
Жан-тәнің еріп,
Тіліңді беріп,
Сүлдерің қалар, ес кетіп.
Айхай, дүние, дүние,
Сонда ақылға кім ие?!

Есіңді жиып,
Иіскелеп сүйіп,
Оғанда көңілің басылмай.
Тілекті алып,
Тоятың қанып,
Құбылып түскен лашындай
Жұмысың бітіп жымыңдап,
Төсінде жатсаң тынымдап.




Басына түспей жамандық,
Бақытқа тасып күлсе екен,
Ел қамын жеген адамның
Еңсесі түспей жүрсе екен.
Жоғалтпай арман, үмітті,
Тұрса екен жас боп күніге,
Жүрегі ақын жігіттің,
Жығылмаса екен түгі де.
Ездер ғой мені жейтіндер,
Еңсемді қалай көрсетем,
Ел деп бір еңірейтіндер
Ерген де туа берсе екен.

Әнесте, ойнақы. **Ғашықтық.** Өлеңі Бейімбет Майлиндікі,
әні Иран Ғасқарнұлынікі.



Ғашықтықтың не екенін білмеуші ем,
Аса артық ойға дағы ілмеуші ем.
Қыз-келіншек басын қосқан жиынға
Ерінуші ем, елікпеуші ем, жүрмеуші ем.

Заман-құрбы, жастар қоймай ерікке,
Бірен-саран ертіп жүрді серікке,
Жүре-жүре тәжірибе алып, ысылып,
Болдым душар бір қызулық желікке.

Тең теңімен, тезек қабымен деген,
Мақсатым бар бұрын ретке келмеген.
Ойнап-күліп көтерейік көңілді,
Бер уәдені бүгін, кешке кел деген.

Қой әрі, — деп ордаң етсе болмайды,
Қойшы, ойбай, — деп жымың етсе оңғаны.
Бұраң етіп бір қараса қылмиып,
Ғашықтық сол бойыңа енді қонғаны.

Аңқау басым сендім бұған ой беріп,
Сынап мұны қарайын деп ой келіп.
Жеке отырған бір сұлуды таппақ боп,
Қыдырдым-ау бүкіл елді ой келіп.

Молдаларша жаттап алған құрандай,
Қызды көрсем айтам мұны тұра алмай
Дұғалық па, әлде сиқыр білмеймін,
Қойшы, ойбай. — деп жымыңдайды
бұрандай.




Тәуелсіздік туын қолға алып.
Құруға елдік жол салып,
Аруақтарды ескеріп,
Өткенді ойлап, толғанып,
Жүректің жазып жарасын,
Өмірмен болмай таласың,
Қарайлай беріп артыңа,
Қазағым, қайда барасың?!

Тамыры шаруа құрысып,
Саудаға қызу кірісіп,
Шенеунік өкілің
Жалпақтап бірде, бірде ісіп,
Өзінің білмей шамасын,
Арттырып елге бағасын
Азайып ерлер елді ойлар,
Қазағым, қайда барасың?!

Жолыңды дұрыс бастадың,
Асықпадың, саспадың,
Жол берем деп жастарға
Ерлерді сырып тастадың,
Қуартып байтақ даласын,
Азайтып малға саласын,
Іздегенің той болып,
Қазағым, қайда барасың?!

Ала да білдің білімді,
Дамыта білдің ғылымды,
Өз тіліңді менсінбей
Кетірдің ұлттық нұрыңды,
Ұрпақтың улап санасын,
Шет елден үлгі аласың,
Таптатып ұлттық намысты,
Қазағым, қайда барасың?!

Қартайғандарды ұнатпай,
Кішіге ақыл сұратпай,
Көктен түскен білгіш боп,
Өзгеріп ісің сынаптай,
Пара берсе аласың,
Айырмай ақ пен қарасын
Күн сайын алдап құдайды,
Қазағым, қайда барасың?!

Қазаққа бақ қона ма,
Бүйте берсе оңа ма,
Ата-бабам аңсаған
Кіре ме елдік санаңа?
Көтерсең ұлттың бағасын,
Әлемде орын табасың,
Кеш емес, ойлан, қазағым,
Қайда кетіп барасың?!




Көктем келді Көкшеге, көктем келді,
Мұз құрсаудан босатып сексен көлді,
Лебі деп көктемнің қарсы аламын
Самал болып, аймалап, өпкен желді,
өпкен желді.

Көктем келді Көкшеге, көктем келді,
Ән мен жырын бұлбұл боп төксем бе енді
Үлгі, өнеге ұрпаққа қалатындай,
Мәңгі көктем жемісін ексем бе енді,
ексем бе енді.

Көктем келді Көкшеге, көктем келді,
Жасыл, көкке бояйды көк пен жерді.
Көңіл мұзын ерітіп нұрлы шуақ,
Толқытады, тербейді сексен көлді,
сексен көлді.




Өзіңнің ойлы жүзіңнен
Мөлдірін ұқтым көңілдің.
Көзіңде сонау сүзілген
Сырлары қанша өмірдің?!
Сезімнен нәзік жаралған
Бейне бір үркек киіктей,
Алдымнан өтсең ақ арман
Кеудемде ұшар биіктей
Оранып сезім селіне
Кездерім жоқ-ау тыншыған.
Көңілдің қоңшы көліне
Аққуым болып сыңсыған.

Көңілді.

# Әжелер әні.

Өлеңі Бақыт Әбділмановтікі.
Әні Иван Тасқараұлынікі.



Құрбылары өткенді айтып сырласып,
Әсем сазы қалықтайды қырға асып,
Ақ батасы әжелердің — ақ тілек,
Бара жатыр аққу үнге ұласып.

**Қайырмасы:**

Сырымбетім — өмір-дастан, дәурен-ай,
Сағындырған сәукелелі, сәулем-ай,
Ансамблі әжелердің ән салса
Толықсыған аспандағы туған ай.

Түс киізді әсемдетіп басқандай,
Ақ күмістен теңге шашу шашқандай,
Сырымбеттен шырқағанда әжелер
Жымыңдайды жұлдыздарым, аспанда ай.

**Қайырмасы:**

Шәйін көйлек кестелеген сәнімен,
Ақ кимешек ағарған тең таңымен,
Ақ қайыңдар жасыл қамзол жамылған
Билегендей әжелердің әнімен.

**Қайырмасы:**

Вальс екпінімен. Келші жаным. Өлеңі мен әні Ыран Тасқарақұлынікі.




Кел жаным, келші жаным, келші жарым,
Ұнай ма ерке сазды салған әнім?
Көкшенің тамашалап табиғатын
Алайық бал-ләззәт жанның нәрін.
Табиғат еркесі боп еркелейік,
Қиялмен Оқжетпеске өрмелейік,
Өлгенше жұбын жазбас қос аққу боп,
Күміс көл айдынында тербелейік.
Көз тартса сұлулығы айналаның
Қалайша әнге салмай жай қаламын,
Төгілген нұрлы сәуле ақ жүзіңнен,
Көзіңнен доңгеленген айналайын.
Жалғасып сұлу Көкше кеші күнге,
Пейіштің ашқандаймыз есігін де,
Жамылып Көкшетаудың көк торғынын
Махаббат тербейлейік бесігінде.






Осы ма Ерейментау құбылған бел,
Осы ма жан сырымды ұғынған ел,
Қанаты сері Ақанның қайырылып,
Мерт болып Құлагерім жығылған жер?!
Ақанның ұрпағы боп сарнайын ба,
Ән-құран дүлдүліме арнайын ба,
Лағынет айтып қара зұлымдыққа,
Ілиястың дастанын да жалғайын ба?
Тұлпары сері атамның өрге салар,
Орының тарихымда төрде қалар,
Өзгерген түрі бүгін жылмаң қағып,
Қазақты көреалмастық көрге апарар.
Ұрпағы сері Ақанның зарланады,
Әнінен қашан, шіркін, зар қалады.
Менмендік, көреалмастық, зұлымдықтың
Қазақта қалғанына арланады.
Құлагер, жүргендейсің арамда сен,
Дүбірлеп тұрғандайсың даламда сен,
Бұл күнде теңеу болып өнерліге,
Айналдың жануарым адамға сен.
Қайта алмай сері Ақанмен елге бірге,
Сүйегің қалып еді құба белде,
Ұрпағың, Көкшетаудан іздеп келіп,
Бас иер тағзым етіп осы жерде.

## Анама.

Әлеңі мен әні
Иран Тасқарұлынікі.

Әндете.



## АНАМА

Сөйлейін мен анадан
  Сүйікті оған баладан,
Ең үлкені жүрді оқуда
Алыстағы қалада.

Жалғыз оның қарындасы,
Төгілген шаш, қара қасты,
Түссе есіне анасы,
Мөлтілдейді көз жасы.

Төрт жаста қалды құлыны,
Абай деген бұл ұлы,
Әлдилетіп өсірген
Бәрімізді жан ана.

Абай, Абай, Абайым,
Алдыңа кілем жабайын.
Өліп қалған шешенді
Қайдан іздеп табайын.

35 жыл өмір сүрдің,
Жер үстінде неге аз жүрдің.
Қызығыңды көрсем сенің
Арманым жоқ деуші едің.

Көрмейсің деп қызықты
Бұл ауру сізді жығылтты.
Емханадан, сағындым деп,
Балаларды шығыпты.

Ақ сүтіңді ақтаймыз,
Айтқан сөзден қайтпаймыз.
Халықтан күш аламыз,
Халыққа біз де баламыз.

Вальс екпінімен.

# Жанарым

Өлеңі мен әні Ирин Тасқарұлынікі.




Қызыма нұр сәулелі Жанарымдай,
Сымбаты гүлдің нәзік сабағындай,
Қараймыз ата-ана боп бақыт тілеп,
Көктемгі күннің шуақ қабағындай.

Жанарым, жайнап өтсін жастық шағың,
Ұмытпа ақ тілегін ата-ананың,
Қосылған сүйгеніңмен сүйсіндіріп,
Алдыңнан жарылқасын, жансын бағың.

Жанарым, жаңа елмен таныстырдың,
Құда ғып төсімізді қағыстырдың,
Қуантып екі жақтың ата-анасын
Дәурендей ұлымызбен табыстырдың.

Қуаныш құтты болсын, құдаларым,
Жақсыдан жанға азық сыр аламын,
Бақыты екі жастың баянды боп,
Төгілсін жас отауға нұры Алланың.




Прыхав я на Украину
По кличу сердця и друзив.
Прими поклин ты як от сына
От казахских гир, степыв.

**Припев:**

> Украина золота
> Я з тобой зустричи рад.
> Песню щастя цому краю
> Распевая стар и млад.

Я казах из Казахстана,
Запирижья ты казак.
Мицнище дружба наша стала
И ласкавый казачки згляд.

**Припев:**




Сөйлесе тәтті тіл қандай,
Жүзінен тамған нұр қандай?!
Жүзімдей үзер жүректі,
Сыңғыры сылқым үн қандай?!
Әндетсе аспан тұнғандай,
Бір өзі мың той құрғандай,
Ғажайып, көркем жан екен,
Таңшолпан жайнап тұрғандай.
Билесең билер бұлданбай,
Сыйласаң сыйлар сынға алмай,
Құлшынып тұрған қыз екен,
Құдаша болып туғандай.
— Бұл кім? — деп сонда
сұрасаң,
Құпия, жабық сыр ашам:
Ертісте туған ерке қыз,
Перизат менің құдашам.

# КӨКШЕ ВАЛЬСІ

ӨЛЕҢІ МЕН МУЗЫКАСЫН ЖАЗҒАН — И. ЕЛИЯШЕВ




бол
бар - лық ол
Көк - ше - тау,


Сек - сен жал - сұ - лу - Ар - қа
дай,
дай.

Ежелден кербез Көкше биік едің,
Маржанын табиғаттың жиып едің.
Сәніне, ерлігіне, еңбегіне өнің сай боп
Барлық ел Көкшетау деп сүйіп еді.

**Қайырмасы:**

Көркемсің. қалқашымдай,
Әсемсің кен тасындай.
Көкшетау, Айыртауым,
Имантауым, Зеренді тау,

Сексен көл сұлу Арқа алқасындай,
Жүйткимін айдынымен, құрғағымен,
Әнді ерттеп, жүйрік-жорға жырға мінем,
Қарағай, қайыңменен, шыршаменен қол ұстасып.
Билеймін кешкі самал ырғағымен.

**Қайырмасы:**

Қопадай айдын көлдің жағасынан,
Бұқпадай бұққан таудың сағасынан.
Әсем ән тербеледі, толқындайды, ағылады,
Арқаның сұлу Көкше саласынан.

**Қайырмасы:**

# ЖЕЗ КИІК

ӨЛЕҢІН ЖАЗҒАН — К. САЛЫҚОВ    МУЗЫКАСЫН ЖАЗҒАН — И. ІЛИЯШЕВ





Жез киігім, жер сұлуым, аяулым,
Сені көрмей көңіл көптен қаяулы.
Өзіңді іздеп аңсап, шаршап келгенде
Қарсы алармысың жаяуды,
Ауылым менің ояу ды?!

Кім кесті екен егіз жүрек арасын,
Кім жазды жазықсыздың жарасын.
Қияға кетіп қайырылмауға қисам да,
Қымбатты жан боп қаласың,
Қымбаттай түсіп барасың.

Түндей тыныш, тәтті ұйқыдай жеңіл ең,
Өзің ғой менің ережем мен емілем.
Қайталап келіп құмарту, аңсау мезгілі,
Өкініштерге көмілем,
Өлең болып төгілем.

Балауса едің албыраған, балдырған,
Өзгеге салқын, жүректі жеңіл жандырған.
Бір көрудің зор бақыты бар дейді,
Жүйткіп бір өтші алдымнан,
Бейнеңді естен қалдырман.

# МЕН КЕЛДІМ КӨКШЕГЕ

ӨЛЕНІ МЕН МУЗЫКАСЫН ЖАЗҒАН — И. ІЛИЯШЕВ





Мен келдім сұлу Көкше қаласына,
Сексен көл, ну қарағай саласына.
Ана боп сен де маған құшағыңды аш,
Аңсаған мейірімін баласына.

Терегің сыбырласын құлағыма,
Ақ қайың жымың қақсын бұлағына.
Сұңқарың іліп алып көңіл құсын,
Жеткізсін Оқжетпестей тұрағына.

Болғанда көлің күміс, жерің алтын,
Жайдары азаматың, жүзі жарқын.
Кешегі Біржан, Ақан, Үкілі Ыбырай,
Көтерген өлең, ән мен жырдың салтын.

Қолымда кен қазатын күрегім бар,
Ақындық, ән салатын жүрегім бар.
Уа, Көкше, асыл мұра ортаңызға
Атадан үлгісі бар түлегіңді ал.



# САҒЫНДЫМ

ӨЛЕНІН ЖАЗҒАН — С. СЕЙФУЛЛИН МУЗЫКАСЫН ЖАЗҒАН — И. ІЛИЯШЕВ




ар-қа са-ры о – о – о –о-оу бе – лі бар,
кө – лі бар
о – о – о – о –
оу

Туғалы қапас көрмеген,
Көкіректе кектер кернеген.
Талпынып құлаш сермеген,
Айтайын ішкі сырымды.
Қайырымды қалың елі бар,
Сарыарқа сары белі бар.
Өрісті шалқар көлі бар
Сағындым мен қырымды.

Өзенді, көлді жайлаған,
Кермеге тұлпар байлаған.
Хабарсыз арам ойлардан
Сағындым мен ауылымды.
Жібектей шашы таралған,
Қыпша белі қыналған.
Еркесі қырдың бұралған
Сағындым мен сәулемді.

Айналып, толғап өсірген,
Ақ сүтін беріп кешірген.
Тастамайтын есінен,
Сағындым ғарып анамды.
Мал бағып, шауып, ойнаған,
Үйретіп асау, байлаған.
Көк жасыл шөбі жайнаған.
Сағындым еркін даламды.

Қымызы бал шараптай,
Жігіті бағлан, манаптай.
Тұлпары тарпаң қанатты
Сағындым бейбіт елімді.
Таулары биік, қиялы,
Орманы шалғын, миялы.
Жылқы, қой, сиыр, түйелі
Сағындым Арқа елімді.



# БІРЖАН, АҚАН

ӨЛЕҢІ МЕН МУЗЫКАСЫН ЖАЗҒАН — И. ІЛИЯШЕВ





Бөленді қуанышқа Көкше елі,
Тебіреніп тау мен орман, Сексен көлі.
Қазағым ән мен жырын аңыз қылған,
Тірілді Біржан сал мен Ақан сері.

Әруағы бабалардың әлі асып тұр,
Өнерлі ұрпағына жол ашып тұр.
Алдында Мәдениет сарайымның.
Сал, сері мүсіндері жарасып тұр.

Аялап мүсіндерді жанды етемін,
Өмірді жырларындай мәнді етемін.
Болғасын ұрпағынан Біржан, Ақан,
Іздерін жалғастырып әндетемін.

Қазаққа әнсіз ішкен ас батпаған,
Ән салса дұшпанына тас та атпаған.
Әсем үн, асқақ әуен, мың бұралған,
Қазақтың әні Біржан асқақтаған.

Үш жүзге мәлім Біржан жақындығы,
Белгілі сөздерінің нақылдығы.
Айтысы «Біржан — Сара» үлгі бізге
Ақиық Біржан салдың ақындығы.

Ақжігіт — ақын, әнші, ақылды ерім,
Аталған сырлы мінез Ақан серім.
Әуенің жібек мінез жібіндей боп,
Тарқатқан сұлулардың нәзік шерін.

Сайраған Орта жүздің бұлбұлы Ақан,
Жүйрігің Құлагердей дүлділ Ақан.
Сырымбет әнің сенің, елің сенің
Сұлудың Ақтоқтыдай тұғыры Ақан.

# ЖҮРЕК СЫРЫ

ӨЛЕНІ МЕН МУЗЫКАСЫН ЖАЗҒАН — И. ІЛИЯШЕВ





Жүрегіңді жыр тұнған,
Түсінетін жан бар ма?
Сезімімді бұлқынған
Өсіретін жан бар ма?
Көп шуылдың ішінде
Нәр алатын мән бар ма?
Кетер ме екен түсінбей?
Жаны абзал жандар да!

Ақ дастарқан — ақ көңіл,
Бәріңе жайсам жетер ме?!
Ниеті қара, ойы жеңіл
Былғап та шетін кетер ме?!
Жақсылық көп білгенге
Жасауға бізге жетер де,.
Үлгерем деп жүрген де,
Қайран дүние өтер де.

Құлазыма, құлама,
Көңілім — асқар биігім.
Топастан рахым сұрама,
Бәлесі болар сыйының.
Қызығы мен өмірдің
Кешерсің бастан қиынын.
Қастығынан тобырдың
Сақтар халық ұйымың.

Қазақты үлгі көреміз,
Сыйына таң қап әдепкі.
Қоя алмай бірақ келеміз,
Көре алмайтын әдетті.
Өсекке тез ереміз
Қаярлықты нәр еттік.
Сөзге де шешен пәлеміз,
Жүрекке жетпей зар еттік.

Жаман әдет болды деп,
Атадан мен де безем бе?!
Кемеріме толдым деп,
Баршылықты сезем бе?!
Асылықты қояйық
Тимесін шайпау сөз елге
Жат қылықты жояйық:
Осы бір жақсы кезеңде.

Сүрінбе, көңілім, сүрінбе,
Өмірдің ұзақ жолында.
Жыласаң бірде күлімде,
Тілегін жүрек орында.
Уа, жігіттер, біліңдер,
Тарлығын дүние, молын да:
Сыйластық керек тірінде,
Ол адамның қолында.

# КӨКШЕ ЖОЛЫ

ӨЛЕНІ МЕН МУЗЫКАСЫН ЖАЗҒАН — И. ІЛИЯШЕВ





Жүріп келем Көкшенің бір жолымен,
Көңіл жортып тау жотасы, жонымен.
Сол жақ жазық, оның орман, қыраттар,
Суреткер келтіргендей қолымен.

Қарағайлар тасты тесіп шыққандай,
Үйілген тас әдейі арнап жыққандай.
Ерке сезім еркелейді самал боп
Табиғаттың тамашасын ұққандай.

Шық мөлтілдеп шөпте көздің жасындай,
Жылтылдайды күнге гауһар тасындай.
Желкесінен төбесіне тұтасқан
Қалың ағаш таудың бұйра шашындай.

Имантау мен Жыланды тау арасы,
Алыс емес бір-бірінен қаласы,
Ақ бұлақ пен Үлгілі елін атаған
Ойлап келем қай қазақтың баласы.

Ақ бұлақ боп аққан қымыз нәрі ме?
Ақ көңілі, ақ сағымы әлі не?
Ақ қолы ма қара қазақ ағамның.
Бұлғап тұрған соғып кет деп бәріңе.

Әдепті ел боп сен үлгілі болдың ба?
Қызы жоқ дер мұндай сұлу хордың да.
Жігіттерің қандай маңғаз, өнерпаз
Бақыт шалқып кемеріңе толдың ба?!

Көкорайға жатқым келді, аунағым,
Қыран болып кезсем, шіркін, аймағын.
Тіл табыссам құдіретті жеріңмен,
Түсінемін тұнық сырдың айғағын.

# САҒЫНЫШ

ӨЛЕҢІН ЖАЗҒАН — М. ЖҰМАБАЕВ

МУЗЫКАСЫН ЖАЗҒАН — И. ІЛИЯШЕВ




Соңу

Абақтыда айдан, күннен жаңылдым,
Сарғайдым ғой ,сар даламды сағындым.
«Қарашығым, құлыным!» деп зарлаған,
Алыстағы сорлы анамды сағындым.

Алтын кнүді, қара жерді сағындым,
Жан жолдасым — жүйрік желді сағындым.
Асау тайдай еркелетіп өсірген
Ағайынды, туған елді сағындым.

Ойыны бір құрдастарды сағындым,
Тілегі бір жолдастарды сағындым.
Келешекке бірге жоспар құрысқан,
Сырласатын, жан достарды сағындым.

Жүрегіме жақын жанды сағындым,
Жібек мінез, ақық жарды сағындым.
Айырыларда күн шығыстан ағарып,
Ақ жібектей шапақ таңды сағындым.

Қазағымды, қалың елді сағындым,
Сарыарқамды — сайран жерді сағындым.
Балдай бұлақ, мөлдір күміс көбікті,
Арқадағы айдын көлді сағындым.

Не көрсем де алаш үшін көргенім,
Маған атақ ұлтым үшін өлгенім!
Мен өлсем де, алаш өлмес, көркейер,
Істей берсін қолдарынан келгенін.

Тәңірі ие өзің алшы панаңа,
Тас бауырлар зарға құлақ сала ма?!
Баласынан тұтқын болып сарғайған,
Кім жеткізер сәлемімді анама?

# ЖҮЛДЫЗДЫ ЖҮЗІК, АЙДЫ АЛҚА ҚЫП БЕРЕЙІН

ӨЛЕҢІН ЖАЗҒАН — М. ЖҰМАБАЕВ　　　МУЗЫКАСЫН ЖАЗҒАН — И. ЕЛИНЕВ





Келші, көзім, күн бетіңді көрейін,
Сүйші, сәулем, тұншығып мен өлейін.
Кел, жұлдызым, жылжып қана жібектей,
Жұлдызды — жүзік, Айды алқа ғып берейін.

Шашың — толқын, жүрегімнің жарына
Соғылдым да баттым улы зарына.
Айнам, саған арнап жырлар жазамын,
Қаламымды малып жүрек қанына.

Жырларыммен кестелейін орамал,
Бүлдіргендей, бөпетайым, бетің бал,
Балға талай шыбын қонуға ұмтылар,
Ұмтылғанды орамалмен қағып қал.

Еркетайым, келсең егер қасыма,
Сәулелерден шоқ қадар ем басыңа.
Көз жасымнан меруерт тізіп берер ем,
Келші, күлмей көзден аққан жасыма.

Келші, көзім, Күн нұрына көмейін,
Сүйші — өлейін, «неге өлейін?» —
демейін!
Кел, жұлдызым жылжып қана жібектей,
Жұлдызды — жүзік, айды алқа ғып
берейін!

# АРҚАНЫҢ АРУЫ

ӨЛЕҢІ МЕН МУЗЫКАСЫН ЖАЗҒАН — И. [illegible]




Қайырмасы:



Көкшенің қыз мүсінді биігі бар,
Еліктей еркелейтін киігі бар.
Малынған әсем шырша, қыз-қарағай
Жап-жасыл қысы-жазы киімі бар.

**Қайырмасы:**

Арқаның маралы,
Жеріне оралып.
Махаббат көлінен
Кетсейші нәр алып,
Кетсейші нәр алып.

Арқаның төсіндегі алқасындай,
Көкшетау көз жанарын тартасың да-ай.
Бір иіскеп жұпарыңды кеткен адам.
Өмірі жақсы көрер қалқасындай.

**Қайырмасы:**

Арқаның асылы,
Адамның ғашығы,
Өзіңе келемін
Сағынып, асығып,
Сағынып асығып.

Арқаның ақ маңдайлы аруындай,
Ғашықтық, махаббаттың қаруынды-ай.
Болғанда емің — шипа, демің — ләззат,
Мен дағы қоймайыншы баруымды-ай.

**Қайырмасы:**

Арқаның аруы,
Жүректің әруі.
Ғашықтар қоймасын,
Өзіңе баруын,
Өзіңе баруын.

# ЕЛГЕ БАР

ӨЛЕҢІ МЕН МУЗЫКАСЫН ЖАЗҒАН — И. ІЛИЯШЕВ





Шаршасаң елге бар,
Тынығып қайтарсың,
Нағыз сый елде бар,
Ән қылып айтарсың.
Ақ үміт арытып,
Ел сені сыйлайды,
Жақсыға жорытып,
Жаманға қимайды.
Адамға сыйынар
Іш тартар ұлы қып
Санаңа құйылар
Даналық, ұлылық,
Татқызар үлесін
Үйіне кіргенде.
Қадірін білесің
Алыста жүргенде.

Тарықсаң елге бар,
Күн түсер пейілге.
Ақжарқын ерге бар,
Шығып бір сейілге.
Ел көркі — азамат
Қарсы алар ісімен,
Кездессең ғаламат
Бір жақсы кісімен
Көтеріп еңсені,
Көңілің самғайды,
Ұшырса ел сені,
Қанатың талмайды.
Ел — алтын бесігім,
Дей берем досыма,
Жаралсаң ел үшін,
Міне сый осылай.


Қазақстан елім менің

Аспанында ақ нұр көшкен,
Қойнауында гүлдер өскен,
Туған жерім тәй-тәй басқан,
Тұсауымды менің кескен,
Аунап-қунап сайран құрған,
Қызықтарым кетпес естен.
Гүлдене бер, туған елім,
Еркіндіктің самалы ескен.

**Қайырмасы:**

Қазақстан, елім менің,
Ұлан байтақ жерім менің,
Туып, өсіп өзіңде мен
Ұланың боп өрілемін.
Астанадай жаңа ордам,
Қасиетті төрім менің
Махаббатым ән мен жыр боп,
Арналады өзіңе, елім.

Таулары бар бұлттан асқан,
Көлдері бар шалқып, тасқан,
Кең жазира даласындай,
Кең пейілді ел құшақ ашқан,
Бейбітшілік сырын сақтап,
Маужыраған ашық аспан,
Жұмақ мысал, жер ұйығым,
Жерім менің Қазақстан.

**Қайырмасы:**

Қазақстан, елім менің,
Ұлан байтақ жерім менің,
Туып, өсіп өзіңде мен
Ұланың боп өрілемін.
Астанадай жаңа ордам,
Қасиетті төрім менің
Махаббаттым ән мен жыр боп,
Арналады өзіңе, елім.


Айналайын.
♩=130 E
G#m
E7
A
Am
E
F#
H
E
H
H7
E
E7
A


F#
H
F#
H
H

Екі ғасыр арасымын,
Екі көздің қарасымын,
Қазақстан болашағы
Тәуелсіз ел баласымын!
Жаңа өмірдің арнасымын,
Елге арналар бар асылым.
Өнер, білім жолын қуған
Ата-баба жалғасымын.

**Қайырмасы:**

Би билейік, айналайын,
Күй күйлейік, айналайын,
Көркем сөздің көркін ашып
Тамылжытып ән салайын.
Би билейік, айналайын,
Күй күйлейік, айналайын,
Елге өнерпаз сән болайын,
Айналайын, айналайын, **айналайын!**

Өсіреді мені ерім,
Мәпелейді мені елім,
Асыл арман аялаған
Ұрпағыңмын артар сенім.
Екі ғасыр арасымын,
Екі көздің қарасымын,
Қазақстан болашағы
Тәуелсіз ел баласымын.

**Қайырмасы:**

Би билейік, айналайын,
Күй күйлейік, айналайын,
Көркем сөздің көркін ашып
Тамылжытып ән салайын.
Би билейік, айналайын,
Күй күйлейік, айналайын,
Елге өнерпаз сән болайын,
Айналайын, айналайын, айналайын!


Балбөбек
C Em Dm G
C Em Dm G
C Em Dm G
C Em F G
F G Em Am
Dm G F G C



Күлімдеген жарқын күн
Тәуелсіз ел көгінен,
Балбөбекпіз шалқып үн,
Ән мен жыры төгілген.
Қанат қағып өнерге,
Жігерленген күй күйлеп,
Бұлбұл боп ән төгерде.
Қуанатын би билеп.

**Қайырмасы:**

Балбөбектер ән салад
Туған елмен қауышып,
Алда конкурс «Жас қанат»,
«Азия  дауысы».

Болашақтың арманы,
Үміт артар сырымыз,
Ертеңгінің ар таңы,
Жарқырайтын нұрымыз.
Ел басына қара бұлт
Ешқашанда төнбесін,
Аман болып ел мен жұрт,
Бейбіт күнім сөнбесін.

**Қайырмасы:**

Балбөбектер ән салад
Туған елмен қауышып,
Алда конкурс «Жас қанат»,
«Азия  дауысы».



Көкшетау әсем қалама табынам,
Көлімді Қопа алқа ғып тағынам,
Ауасын жұпар көкірекке қондырып,
Нәр алам жасыл, хош иіс бағынан.
Сұлулық сәнің көркіңде байқалған,
Көрген жан бірден тамсанып айта алған.
Қиындық кезді жеңетін жігермен,
Жандарға жайсаң, талантты, бай қалам.

**Қайырмасы:**

Жаса, жаса Көкшетауым,
Жасыл желек бауларым.
Жақсы көріп аялайды
Қоныстанған бар қауым.
Арайланшы, Көкшетауым,
Асқақтасын жыр-әнің.
Сенемін мен қасиетіңе,
Болашақтың жақ шамын.

Көкшетау — еркін қазақтың қаласы,
Достыққа құштар, үлгілі баласы,
Еңбекке еріп шақырып, жетелер,
Кенге бай жері, құнарлы саласы.
Көкшетау — мәңгі махаббат, бесігім,
Сал-серім, елге белгілі есімің
Әлемге аты әйгілі, кербезім,
Достарға ашық құшағың, есігің.

**Қайырмасы:**

Живи, живи, Кокшетау мой,
Город счастья наш родной.
Мы поем сегодня в праздник
Песню юности с тобой.
Живи, живи, Кокшетау мой,
Город счастья наш родной.
Мы поем сегодня в праздник
Песню юности с тобой.


Песня встречи горняков.
Музыка и слова
Спокойно, певуче

Тридяать пять..., тридцать пять...
Лет прошло, как расстались мы с вами.
Не вернуть нам назад
Молодость и зовущие дали.
Пятьдесят..., пятьдесят...
Лет прожито, и это не мало.
Как студенты опять
Чувствуем мы себя горняками.

Ты помнишь тех друзей,
Кто не дожил до встречи с нами,
Кто погиб под землей,
Или прервал по болезни дыханье.
Но плакать ты не смей,
Ведь гордятся не зря горняками.
А ну-ка веселей!
Собрались мы на встречу с друзьями.

Институт КазПТИ.
Ты очаг, подаривший нам знанье.
Подарок наш прими
Добрыми для отчизны делами
Учитель же ты наш,
Кто есть, кого нет преклоняюсь,
Я помню твой наказ,
Оправдать я надежды стараюсь.

Тридцать пять..., тридцать пять...
Лет прошло, как расстались мы с вами
Не вернуть нам назад
Молодость и зовущие дали.
Пятьдесят..., пятьдесят...
Лет прожито, и это не мало,
Как студенты опять
Чувствуем мы себя горняками.

Осы кітаптың басылып шығуына қаржы бөліп көмектескен Көкшетау қаласының әкімі Владимир Набитовскийге, «Жайық» фирмасының директоры Мұхтар Хасенұлы Оразбаевқа, «Тұмар» фирмасының президенті Зәмзәгүл Естайқызы Мырзахметоваға, «Валют-транзит» банкінің бастығы Ғалия Ысқаққызы Тулееваға, «Минводы» жауапкершілігі шектелген серіктестігінің президенті Асқар Алиевке, «Тулен» фирмасының директоры Төлеген Базарбайұлы Қожахметовке, «Авер» компаниясының президенті Ерлан Мұратовқа, «Раушан» акционерлік қоғамының президенті Хасен Шәкітайұлы Қажыбаевқа, тағы да басқа азаматтарға автор шын жүректен алғысын айтады.

## МАЗМҰНЫ

Асылдың қалдығы, алтынның сынығы (Кәкімбек Салықовтың алғы сөзі) 3
Ақын-сазгер Иран Тасқараулының «Көкше жолы» кітабы (Жабал Ерғалиевтың сөзі) 6
Академик, жазушы Евней Букетовтың, жазушы Жайық Бектуровтың, ақындар Тұманбай Молдағалиев, Кәкімбек Салықовтардың Иран шығармашылығы туралы сөздері 7
Анамдай сен де маған құшағыңды аш 8
Көкше жолы 10
Сағыныш 12
Ғафу Қайырбековке хат 13
Ақ қар — ырысым 15
Қыс сазы 17
Көктем басы 19
Күзгі ой 20
Жаз күні 20
Әйел десе... 23
Жылға тілек 25
Елуім — еркелігім 27
Елге бар 30
Шалқыма 32
Ауыл 34
Қарабұлақ 35
Сұлуға наз 36
Тәуелсіздік толғауы 37
Қазақтың азаматтығы 38
Азамат 39
Ақан сері ауылына келген үш президентке 40
Үш президент 41
Қазақтың ақсақалы 42
Әлемге әнімен салған өрнек 44
Қазақтың жез қанатты салмақты ері 45
Көкшеден қыран боп ұшқан асыл тегім 46
Алғашқы қазағымның ғарышкері 47
Министр Серікбекке 48
Мінезің алмас қылыш жарқылдаған 49
Кадеттер 50

Ұрпақтардың арасын жақсы есімі жалғайды 51
Қонды бүгін қырандай жыр орнына 52
Бұлақ боп сізден бас алам 53
Өткенді таразылап бағыт сілтер 54
Көзі бар көкірегіне сүйсінемін 55
Ақтөбе аэропортында 56
Ілімі ұлы ағалар жатталады 57
Асқақ әнші 58
Жыр төккен сексен көлдей дәрия ақын 59
Арқалы Арқа әншісі 60
Көз алдымда қимас бір шақтарымыз 61
Қызы еді қазағымның күндей күлген 62
Елге хат 64
Ақылдан шырақ жағайын 67
Көңілің туысқандық балдай еді 69
Елге елеулі ер 70
Ән жырыммен шалқытам 71
Өзі едің ер жауынгер, хас қазақтың 72
Босатпа жиналғанда шалдар төрін 73
Достарым көңілдері суыспаған 74
Көңілің бар ұмытпаған жас кезіңді 75
Көкірегің кең көсем ерім 76
Ұрпағымның үмітін тұтандырып 77
Моп-момақан ақ қызым 79
Қуанышпен жасты бұлайын 80
Бір бастыққа 81
Ақан сері керуені 82
Ақан сері үлгісімен 88
Ақжігіт (лирикалық поэма) 98
Жезқазған жырлары 110
Жаңа жылдық желдірме 111
Алатау 112
Адамдық өрнек-сый алдым 114
Жезқазғанға сай, кенім 115
Аққу құсқа айналдың ба?! 117
Өзгермеді достасқан көңіл 118
Кеншi жолы (өмір-дастан) 119
Жас қазақ (поэма) 131
Айтыстар, толғаулар

Әндер

Тәуелсіздік шаттығы. Өлеңін жазған — автор 152
Біржансал. Өлеңін жазған — автор 154
Астана. Өлеңін жазған — автор 156
Батыр Мәлік. Өлеңін жазған — автор 158
Замандас. Өлеңін жазған — автор 160
Хор сипатты қарындас. Өлеңін жазған М. Жұмабаев 161
Әнім менің. Өлеңін жазған — автор 162
Өсиет. Өлеңін жазған Кәкімбек Салықов 163
Жанбота. Өлеңін жазған Кәкімбек Салықов 164
Кеншілер кездесуі. Өлеңін жазған — автор 166
Абаймен сырласу. Өлеңін жазған — автор 168
Кербез Көкше Көкені. Өлеңін жазған — автор 170
Ел шетінде. Өлеңін жазған — автор 172
Толқын. Өлеңін жазған — автор 173
Алтын той. Өлеңін жазған — автор 174
Ақ қыздар. Өлеңін жазған М. Мақатаев 176
Қызыма. Өлеңін жазған — автор 179
Ақтоқты-Балқадиша ұрпағының әні.
Өлеңін жазған — автор 178
Ерлан зары. Өлеңін жазған — автор 181
Елді аңсау. Өлеңін жазған Қ. Оразалинов 183
Жалған. Өлеңін жазған — автор 185
Құдалар. Өлеңін жазған Кәкімбек Салықов 187
Бұл өмірдің қызығы. Өлеңін жазған — автор 189
Жастық. Өлеңін жазған Шәкерім Құдайбердиев 191
Ән-тілек. Өлеңін жазған Тұманбай Молдағалиев 193
Ғашықтық. Өлеңін жазған Бейімбет Майлин 194
Қазағым қайда барасың? Өлеңін жазған — автор 196
Көктем келді Көкшеге. Өлеңін жазған — автор 198
Сыр. Өлеңін жазған Төлеген Қажыбаев 199
Әжелер әні. Өлеңін жазған Бақыт Әбділманова 200
Аңса жаным. Өлеңін жазған Мұқағали Мақатаев 202
Келші жаным. Өлеңін жазған — автор 204
Құлагердің басында. Өлеңін жазған — автор 206
Анама. Өлеңін жазған — автор 207
Жанарым. Өлеңін жазған — автор 209
Украина золота. Өлеңін жазған — автор 210
Ертісте туған ерке қыз. Өлеңін жазған К. Салықов 211
Көкше вальсы. Өлеңін жазған — автор 212
Жезкиік. Өлеңін жазған К. Салықов 216
Мен келдім Көкшеге. Өлеңін жазған — автор 219

Сағындым. Өлеңін жазған Сәкен Сейфуллин 223
Біржан, Ақан. Өлеңін жазған — автор 226
Жүрек сыры. Өлеңін жазған — автор 229
Көкше жолы. Өлеңін жазған — автор 233
Сағыныш. Өлеңін жазған Мағжан Жұмабаев 236
Жұлдызды жүзік, айды алқа ғып берейін.
Өлеңін жазған Мағжан Жұмабаев 239
Арқаның аруы. Өлеңін жазған — автор 246
Елге бар. Өлеңін жазған — автор 249
Қазақстан елім менің. Әнін жазған Ерлан Ташев 242
Айналайын. Әнін жазған Арман Ищанов 251
Балбөбек. Әнін жазған Арман Ищанов 254
Жаса, Көкшетауым. Әнін жазған Ерлан Ташев 256
Песня встречи горняков. Өлеңін жазған — автор 258

**Иран Тасқараұлы Тасқара**
**(Ильяшев)**

# КӨКШЕ ЖОЛЫ

## Жырлар мен әндер

Редакторы Ильяшева Разия Хасенқызы

Суретшісі Искакова Раушан Шоқанқызы

Рецензия бергендер Салықов Кәкімбек, Ерғалиев Жабал.

Техникалық редакторы Анталовцы Н. В.

Теруге 17. 12. 98 ж. Басуға 12. 02. 99 ж. қол қойылды. Пішіні 60x90 1/16. Қағазы — жазба. Шартты баспа табағы 15,11. Есептік басылу табағы 17,16. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 2553. Бағасы шартты. Кітапты басып шығарушы «Полиграфия» өндірістік бірлестігі. Көкшетау қаласы, Урицкий көшесі, 98.